Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Каспий университеті

ӘОЖ 343.263.2

Қолжазба құқығында

БАТЫРБАЙ НҰРБОЛ МҰХТАРҰЛЫ

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері

6D030100 – Құқықтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін диссертациясы

Ғылыми кеңесшілер:
заң ғылымдарының докторы,
профессор
Акимжанов Т.К.

заң ғылымдарының докторы,
профессор
Селиверстов В.И.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....3
АНЫҚТАМАЛАР..……...4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....……....5
КІРІСПЕ….....……....6
1 ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНЫ, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӨМІРІНЕ ҚОЛСҰҒУШЫЛЫҚ ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....22
1.1 Қылмыстық құқықтағы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық ұғымы..... 22
1.2. Шетелдік қылмыстық заңнамадағы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық үшін жауаптылық.....37
1.3. ҚР ҚК-дегі құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық үшін басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық түрі ретіндегі жауаптылық.....54
2. ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНЫ, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӨМІРІНЕ ҚОЛСҰҒУШЫЛЫҚТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ.....73
2.1. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың жай-күйі, құрылымы және динамикасы.....73
2.2. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы.....87
2.3. ҚР ҚК 380-1 бабында көрсетілген қылмыстық құқықбұзушылықты саралау мәселелері және оны қылмыстық құқықбұзушылықтың аралас құрамынан ажырату.....99
3. ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНЫ, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӨМІРІНЕ ҚОЛСҰҒУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ.....112
3.1. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа жалпы әлеуметтік деңгейдегі қарсы іс-қимыл.....112
3.2 Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа арнайы криминологиялық деңгейдегі қарсы іс-қимыл.....120

ҚОРЫТЫНДЫ……132
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ….....……..135

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕ

Бұл диссертацияда төмендегі стандарттарға сілтеме жасалған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды

«Казахстан-2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасы Президенті - елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты халыққа Жолдауы

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы

Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 552-IV Заңы.

Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңы.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы: Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы

Құқық бұзушылық профилактикасы туралы: Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 27-IV Заңы

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ

Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 1 Нормативтік қаулысы.

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда анықтамаларға сәйкес келесі терминдері қолданылды:

Құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган

Құқық қорғау органдары - Құқық қорғау органдарына өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын прокуратура, ішкі істер, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметі жатады.

Арнаулы мемлекеттік органның қызметкерлері – ұлттық қауіпсіздік органдарында, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінде қызмет атқарып жүрген, арнаулы атақ берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

Арнаулы мемлекеттік органдардағы қызмет – ұлттық қауіпсіздік органдарындағы, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органдағы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіндегі лауазымдардағы мемлекеттік қызметтің ерекше түрі;

Сотқа дейінгі іс жүргізу – істің сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталғаннан кейін оны прокурор мәні бойынша қарауы немесе іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін сотқа жіберілгенге дейін іс жүргізу.

Әскери қызмет – егемендікті, аумақтық тұтастықты және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының қол сұғылмаушылығын қарулы қорғаумен байланысты әскери қауіпсіздікті тікелей қамтамасыз етуге бағытталған Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери қызметшілерінің мемлекеттік қызметінің ерекше түрі;

Әскери қызметшілер – Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметте болатын Қазақстан Республикасының азаматтары;

Әскери міндеттілер запасы – аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті әскери басқару органдарында әскери есепте тұратын, соғыс уақытында Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды толық жасақтау, жұмылдыра өрістету және олардың шығынының орнын толтыру мақсатында пайдаланылатын, осы Заңда белгіленген жастағы әскери міндеттілер;

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

б.	–	бап
БҰҰ	–	Біріккен Ұлттар ұйымы
ЖС	–	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот
КСРО	–	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚР	–	Қазақстан Республикасы
ҚР АК	–	Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі
ҚР АПК	–	Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі
ҚР ӘқБтК	–	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі
ҚР КК	–	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі
ҚР ҚПК	–	Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі
РФ	–	Ресей Федерациясы
ТМД	–	Тәуелсіз мемлекеттер достығы
ІІБ	–	Ішкі істер бөлімі

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев "Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм" атты Қазақстан халқына Жолдауында Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру қажет. Кез келген қоғамның, соның ішінде біздің қоғамның да басты ұғымдарға негізделген сұраныстары – әділдік және қауіпсіздік. Құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелді. Құқық қорғау органдары кәсібилік, батылдық және табандылық танытуы керек.

Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы – айрықша маңызды міндет.

Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты деп атап өтті [2].

Диссертациялық зерттеуде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтың түрі ретіндегі әлеуметтік, криминологиялық және қылмыстық-құқықтық аспектілерімен байланысты теориялық және қолданбалық сипаттағы өзекті мәселелері қарастырылады.

Диссертациядағы қорытындылар, болжамдар мен ұсынымдар, сондай-ақ қорғауға шығарылатын ережелер Қазақстан Республикасының мемлекеттік құқықтық саясатының басты бағыттарын негізге ала отырып құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қылмыстық саясатты, қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамасын және құқық қолдану практикасын әрі қарай жетілдіруге бағытталған.

Жұмыста құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың қылмыстық-құқықтық, криминологиялық және әлеуметтік мәселелеріне Қазақстан Республикасында құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қауіп ретінде және оның қылмысқа қарсы іс-қимылдың тиімділігіне әсеріне ғылыми талдау жасау керек екені дәлелденген.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының қазіргі

кезеңдегі маңызды сипаты мемлекеттік құрылымының барлық құқықтық механизмі қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған түбегейлі өзгеріске бет алғаны болып отыр.

Қылмысқа қарсы іс-қимыл мәселесі мемлекетіміздің әлеуметтік саясатында қашан да маңызды орында тұрған.

Бұл процесті қамтамасыз етудегі маңызды роль құқық қорғау органы (прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеп-тексеру қызметі) [3] мен арнаулы мемлекеттік орган (ұлттық қауіпсіздік органдары, сыртқы барлау саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасы мемлекеттік күзет қызметі) [4], сондай-ақ әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, келісімшарт бойынша әскери қызметшілер, әскери оқу орындарында білім алып жатқандар) [5].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған уақыттан бастап ата заңның осы ережесінің жүзеге асуын қамтамасыз ету үшін қоғамдық, экономикалық, әлеуметтік және саяси дамудың барлық негізгі бағыттарын жақсарту жөнінде шаралар қабылданып келеді.

Сондықтан да қызметі барысында елдегі қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті, экономикалық және әскери қауіпсіздігін, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету парызын өтеп жүрген құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне кез келген қолсұғушылық басқару тәртібіне ғана емес, қылмысқа қарсы іс-қимылдың бүкіл процесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында, құқық қорғау органдары мен олардың қызметкерлері қызметінің тиімділігінің өзгермейтін түйінді өлшемшарты халықтың сенім дәрежесі болып табылады. Көрсетілген өлшемшартты тұрақты, үздіксіз арттыру үшін олардың қызметін оның салдарымен күресуден және ведомстволық көрсеткіштерге қол жеткізуден құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оның ішінде халықтың сенімі мен құрметіне ие қызметкерлерді мансаптық ілгерілету арқылы ауыстыра отырып, трансформациялауды жалғастыру қажет [6].

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес, қылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы нормативті база толық жаңартылған [7]. Осы тұжрырымдама негізінде 2014 жылы жаңа Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс қабылданып, 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді [8, 9, 10, 11].

Қазақстан Республикасында егемендік алған күннен бастап жүргізіліп келе жатқан қылмыстық саясат қылмыстық заңнаманы онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін қылмыстық жазаны жұмсарту мен либерализациялау, ал ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін жазаны күшейту арқылы әрі қарай

гуманизациялау жөніндегі шаралар қабылдап келеді.

Қазақстан Республикасының егемен дамуы кезеңінде мемлекеттік деңгейде жүргізіліп келе жатқан саясаттың нәтижесінде елде қылмысқа қарсы іс-қимылдың құқықтық негізігі қалыптасқан және ең бастысы – халықтың көп бөлігінде қоғамдағы криминалдық құбылыстарға негативті көзқарас қалыптасқан.

Қазақстанның гүлденуі үшін қажет басты нәрсе тұрақтылық пен құқықтық тәртіп, яғни мемлекеттің қоғамда бекіткен және оған кез келген қолсұғушылық тұрақтылығына нұқсан келтіретін басқару тәртібін қамтамасыз етуге тиіс уәкілетті органдардың қалыпты қызмет етуі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев қылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік деңгейдегі осы саясатты жалғастырып, белсенді жетілідіріп және реформалап келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К . Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі жолдауында азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Шамадан тыс қудалау шаралары мен сот төрелігінің қатаң жазалау тәжірибесінен бас тартқанын айтты. Дегенмен елде ауыр қылмыстар әлі де көп жасалып жүр. Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және жеке адамға, әсіресе, балаларға қатысты ауыр қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет. Құқық қорғау жүйесін толық реформалау аса маңызды міндеттердің бірі болып қалып отыр [12]

Президенттің тапсырмасы басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылыққа қарсы тиімді іс-қимыл жасау мәселелеріне де тікелей қатысты.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің «Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы» №1-М есебінің нысаны мәліметіне сәйкес, Қазақстан Республикасында 2022 жылы барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар саны - 184244, оның ішінде басқару тәртібіне қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны – 6797. Осының ішінде жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды қарастырсақ, билік өкілін қорлау (378-б.) – 662, билік өкіліне бағынбау (379-б.) – 16, билік өкіліне қатысты күш қолдану (380-б.) – 311, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық (380-1-б.) – 14, жабайы табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға, жабайы табиғатты қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың инспекторына қатысты күш қолдану (380-2-б.) – 2 [13].

2023 барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар саны - 165660, оның ішінде басқару тәртібіне қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны – 7258. Осының ішінде жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтарды қарастырсақ, билік өкілін қорлау (378-б.) – 532, билік өкіліне бағынбау (379-б.) – 3, билік өкіліне қатысты күш қолдану (380-б.) – 283, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық (380-1-б.) – 2,

жабайы табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға, жабайы табиғатты қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың инспекторына қатысты күш қолдану (380-2-б.) – 3 [13].

Диссертанттың ойынша, қазіргі заманғы қылмыспен, оның ішінде басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықпен күресті жалпы қоғамдық, арнайы-криминологиялық және жеке деңгейде кешенді түрде және әлеуметтік-экономикалық факторларды ескере отырып жүргізу керек.

Қылмыстық жаза тағайындау саласындағы мемлекеттік саясат құқық қолданудың тиімділігіне тікелей әсер етеді, сондықтан көп нәрсе, соның ішінде ең бастысы мемлекет пен мемлекеттің құқық қорғау жүйесінің беделі осы бағыттағы жұмыстың сапасына байланысты.

2014 жылы қабылданып 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген ҚР ҚК қабылданған кезде 380-1 бап та, 380-2 бап «Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторына, қорықшыға қатысты күш қолдану» да болмаған [8].

Бірақ құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өмірі мен денсаулығына қолсұғушылық жағдайларының көбеюі заңшығарушыларды Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасына осы түзетулерді енгізуге итермелеген [8].

Қоғамда кең талқыға түскен және тергеп-тексеру барысы ел басшылығының бақылауында болған атышулы қылмысты мысалға келтірейік.

2018 жылғы 13 қаңтарда Қарағанды облысында қызыл кітапқа енген киіктерді өлтірген браконьерлерді ұстау барысында Ауылшаруашылық министрлігінің орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «ПО «Охотзоопром» РМҚК Орталық аймақтық филиалының екі инспекторы Петр Ницык пен Ерлан Нургалиевке шабуыл жасалған. Екеуі де ауыр жарақат алған, Нургалиев кейінірек ауруханада комадан шықпаған күйі қайтыс болды. Күдіктілерге іздеу жарияланып, кейінірек Қызылордада ұсталған.

Осы іс Қарағанды облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында қаралып 2020 жылғы 21 ақпанда баптардың жиынтығы бойынша «Охотзопром» инспекторы Ерлан Нургалиевті өлтіргені үшін үкім шығып, үш айыпталушы (Берик Ахметов, Нурлан Шукилдиков, Кайрат Акшанов) өмір бойы бас бостандығынан айрылып, жазасын төтенше қауіпсіз колониясында өтеу белгіленген.

Істің төрт қатысушысына – Берден Базаровқа, Батырбек Кайырбековке, Жарасхан Мырзабаевқа және Айдос Акимовке қатысты қылмыстық іс қысқартылып, бостандыққа жіберілген, бірақ Ерлан Нургалиевтің адвокаты жарыссөзде мұнымен келіспейтінін айтып, қылмыстық тергеп-тексеруді

қылмысты жасырып қалу және қылмыс туралы хабарламау баптары бойынша қайта бастау туралы жеке қаулы шығаруды сұраған. Нәтижесінде әрқайсысын алты жылға бас бостандығынан айыру, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеу туралы үкім шыққан.

Сондай-ақ судья әрқайсысынан өлген 17 бас киік үшін ортақтасқан тәртіпте 5 млн теңгеден өндіру туралы қаулы қабылдаған.

Сондай-ақ, Президенттің Жарлығымен Петр Ницык пен Ерлан Нургалиев қызметтік борышын өтеу кезінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы III дәрежелі «Барыс» орденімен наградталды. Е. Нургалиев қайтыс болғаннан кейін наградталған [14].

Тағы бір мысал келтірейік. 2020 жылғы 19 қаңтарда Қостанай облысының Тобыл (бұрынғы Затобольск) қаласында полиция қызметкерін қызметтік міндеттерін орындауы кезінде өлтірген оқиға болған. Патрульдік полицияның экипажы пышақпен қаруланған сотқар апасының отбасын пышақпен өлтіремін деп қорқытқаны және сол кезде үйде кішкентай бала болғаны жайлы отбасындағы жанжал туралы хабарлама бойынша келген. Сотқарды ұстап алу кезінде полиция қызметкері Дархан Базарбаев жүрек тұсынан өлімге әкеліп соққан жарақат алған. Қайтыс болған сержанттың артында жұбайы мен 4 айлық баласы қалған.

Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың сот отырысы онлайн-режимде өткен. Михаил Прокуратов полиция қызметкері Дархан Базарбаевты өлтіргені үшін кінәлі деп танылып 19 жылға бас бостандығынан айрылып, жазасын қауіпсіздігі барынша жоғары мекемеде өтеуге үкім шығарылған.

Сот М. Прокуратовқа жаза тағайындаған кезде жеңілдететін мән-жай ретінде кәмелетке толмаған балаларының бар екенін, ал ауырлататын мән-жай ретінде қылмысты алкогольден масаң күйде болғанын таныған.

Сотталған азаматтық талап бойынша қайтыс болған тарапқа 5 миллион теңге төлеуге тиіс [15].

Мұндай мысалдар, өкінішке қарай аз емес және бұлар да басқа сот процестері сияқты жариялылық пен демократияның арқасында бүкіл халыққа белгілі болып, халықтың талқысына түсіп, мемлекеттің құқық қорғау және құқық қолдану қызметінің сапасы мен мемлекеттің қоғамды басқару тәртібін қамтамасыз етуге дайындығы туралы қоғамдық пікір қалыптасуына әкеледі.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық үшін қылмыстық қудалаудың қажеттігінің өсуі жазаның ұғымын, мәнін, жазалау жүйесін, сондай-ақ жазаны тағайындаудың және орындаудың принциптері мен құқықтық механизмдерін теориялық тұрғыдан әлдеқайда мұқият ойлануды және заңнамада бекітуді талап етіп отыр.

ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 16-тарауы ҚР 03.07.2017 ж. № 84-VI Заңына сәйкес 380-1 баппен толықтырылған, ал бұл баптың атауы ҚР 27.12.2019 ж. № 292-VI Заңындағы редакцияда жазылған, ал ҚР ҚК 380-2 бабы ҚР

ҚК Ерекше бөлімінің 16-тарауына ҚР 27.12.2019 ж. № 292-VI Заңына сәйкес енгізілген [8].

ҚР ҚК 380-1 және 380-2 баптарын енгізу қоғамда құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкеріне, әскери қызметшіге, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторына, қорықшыға қатысты, әсіресе олардың өміріне қауіпті қылмыстық қолсұғушылықтың жасалуы жөніндегі шиленісті төмендетеді деп санаймыз [8].

Ғылыми әдебиетте және құқық қолдану тәжірибесінде қазіргі кезде ҚР ҚК-ке жаңа енгізілген 380-1 бабы бойынша материал әлі жиналмаған. Жалпы заң басылымдарында басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың қылмыстық-құықтық және криминологиялық аспектілеріне қатысты мәселелер де көп жарияланбаған [8].

Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігінің ақпаратына сәйкес, 2022 жылы Алматыдағы тәртіпсіздік кезінде зардап шеккен және қаза тапқан құқыққорғаушылар туралы ақпарат таратты. "Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың жолын кесу, азаматтардың қауіпсіздігін қорғау кезінде күш құрылымдарының 18 қызметкері қаза тапты", - делінген [16].

Ішкі істер министрлігі өкілі Ш. Тұрлыбектің сөзінше, Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан бері қызмет барысында қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің жалпы саны 815 қызметкер. Ал 4593 қызметкер әртүрлі дене жарақатын алған деп хабарлады [17].

Төтенше жағдайлар министрлігінің өклі Т.Уәлидің сөзінше, төтенше жағдайлар министрлігі өртке қарсы және құтқару қызметінің пайда болуымен осы уақытқа дейінгі аралығында. Өртке қарсы қызметкерлердің қызмет барысында қаза болғандардың жалпы саны 64 қызметкер [18].

Сондықтан ғылыми әдебиеттегі осы кемшіліктің орнын толтыруға, сондай-ақ ҚР ҚК осы бабының жекелеген ережелерін, күшті және әлсіз тұстарын талдауға , сонымен қатар оны Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясының заңнамасымен салыстыруға тырысамыз [19], [20].

Бұл қылмыстың қоғамға қауіптілігі құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық билік өкілдерінің немесе басқа да уәкілетті мемлекеттік тұлғалардың өз қызметтік міндеттерін орындауын қиындатып қана қоймайды, сонымен қатар мүмкін емес етеді, жекелеген лауазымды тұлғалардың ғана емес, сонымен қатар барлық қалыптасқан басқару тәртібінің беделіне нұқсан келтіреді.

Бұдан бөлек, осы аса ауыр қылмысты жасау нәтижесінде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің адам ретіндегі конституциялық құқығы – әр адамның маңызды әлеуметтік құндылығы

болып саналатын өмір сүру құқығы бұзылады.

Оның үстіне бұл қылмыс азаматтардың мемлекет өз құқықтары мен мүдделерін қорғау міндетіне сенімсіздігін туғызады да, қоғамда қалыптасқан қоғамдық тәртіп пен қоғамдық келісімді тұрақсыздандырады

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықтың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері доктринасының ғылыми зерттелу жай-күйі төмендегіше сипатталады.

ҚР ҚК 380-1-бабы 16-тараудағы Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар тарауына енгізілген, сондықтан автор зерттеу барысында осы мәселені Кеңес кезеңінде және Кеңес кезеңінен кейінгі кезде ғылыми зерттеген ғалым-заңгерлердің еңбектеріне жүгінген.

1950-1960 жылдары басқару тәртібіне қарсы қылмыстарға В.Д.Меньшагин, П.Ф.Гришанин, Н.П.Журавлев, Е.А.Сухарев, Н.И.Трофимов, Г.Ф.Поленов сияқты ғалымдардың еңбегі арналған.

1970-1980 жылдары бұл мәселе жөнінде С.В.Бородин, Н.И.Дементьев, В .А.Владимиров, П.В.Замосковцев, С.К.Минюков, Г.Ф.Полленов және басқа ғалымдардың еңбектері жарық көрген.

Соңғы жылдары басқару тәртібіне қарсы қылмыстарға жақын шетелдердің Ф.Н. Аббасов, Г.А. Агаев, С.А. Борисихина, А.П.Мизюкин, В.И. Морозов, А .Н.Павлухин, В.В.Полухин, Н.К. Рудный, М.В. Семенов, С.Л. Скутин, А.В. Сумачев, Е.Л. Таможничек, П.А. Филиппов, В.Д.Цепелев, А.В.Щербаков, Н .Д.Элиашвили сияқты ғалымдарының еңбектері арналған.

Қазақстанның құқықтық доктринасында басқаруға қарсы қылмыстар мәселесін мына ғалымдар көтерген: И.Ш.Борчашвили, С.М.Рахметов, И.И.Рогов, К.Ж.Балтабаев, Б.М.Нурмуханов және т.б.

Тікелей осы тақырыпқа қатысты ғылыми жұмыс жазған Ә.К. Батырбаевтың «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы бойынша билік өкіліне қатысты күш қолдану» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы бірден-бір негіз болып табылады [21].

Аталған ғалымдардың еңбектері басқаруға қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар түсінігінің ғылыми негіздерінің дамуына жол ашқан.

Дегенмен ғалымдардың, әсіресе қазақстандық авторлардың еңбегінде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықтың криминологиялық аспетілері жеткілікті

қарастырылмаған. Бұл аспектілер ішінара немесе басқа мәселелер бойынша зерттеу барысында ғана көрініс тапқан.

Бұл мәселенің жеткілікті ғылыми зерттелмеуін 2014 жылғы ҚР жаңа Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 16-тарауы ҚР 03.07.2017 ж. № 84-VI сәйкес 380-1 баппен толықтырылғанына, ал бұл баптың атауы ҚР 27.12.2019 ж. № 292-VI Заңындағы редакцияда жазылғанына, ал ҚР ҚК 380-2 бабы ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 16-тарауына ҚР 27.12.2019 ж. № 292-VI Заңына сәйкес енгізілгеніне байланысты атап өтуге болады [8].

Оның үстіне ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебі тек 2020 жылғы 1 қаңтардан басталған және сол күнге дейін мұндай статистика жүргізілмеген [13].

Сонымен қатар, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің немесе олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық болған, бірақ ондағы іс-әрекетті саралау қылмыстық заңнаманың басқа баптары бойынша жүргізілген.

Біздің ойымызша, ҚР ҚК 380-1-бабының мәнін, құқықтық және криминологиялық аспектілерін түсіну қылмыспен күрес процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады [8].

Елдегі барлық құқық қорғау органдарының біріккен жұмысының нәтижесі көбіне жазаны тағайындау мен орындаудың тиімділігне байланысты болады.

Осылайша, қылмыстық құқық дегеніміз – мемлекеттің жазаның мақсатына жетуге бағытталған іс-әрекетінің құқықтық бағдарламасы және құқықтық базаның (қылмыстық, қылмыстық-процестік, қылмыстық-атқару құқығы) жалпыға ортақ принциптерге негізделген және құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қызмет ететін ажырамас бөлігі.

О.В. Старков тіпті ең терең теорияның өзі тәжірибеде жүзеге аспаса өлі теория болады деп бекер айтпаған. Бұл сөз қылмыстылықты ескертудің криминологиялық теориясына да, оның ішінде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңөміріне қолсұғушылық қылмыстық құқықбұзушылықты ескертуге де қатысты [22, 14 б.] .

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық қылмыстық құқықбұзушылығын жасағаны үшін тағайындалған және орындалған үкімдердің тиімділігін бағалау бізге құқық қорғау процесінің «технологиясына» (жазаны тағайындау мен орындаудың) үңіліп қана қоймай, сонымен қатар құқықтық заңнаманың олқылығы мен кемшіліктерін анықтауға және оны дер кезіндегі түзетулер, өзгертулер және толықтырулар енгізу арқылы әрі қарай жетілдірудің оңтайлы алғышарттарын анықтауға көмектеседі.

Дегенмен превентивті құқық қолданудың үкім шығарудан жазаны орындауға дейінгі барлық деңгейлеріндегі тиімділігін бағалау аса қиын, себебі бағалаудың арнайы өлшемдері керек. Бұны негізінен жалпы және жеке

деңгейлерде істеу ғана мүмкін болып отыр.

Превентивті ықпал етудің объектісі болып отырған, яғни құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін сотталған адам туралы нақты түсінік болмағасын оны үйлестіру мен тікелей жүзеге асыру қиын.

Нәтижесінде тағайындалған және орындалған жазаның тиімділігіне, оның ішінде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық қылмыстық құқықбұзушылығын жасағаны үшін тағайындалған және орындалған жазаның тиімділігіне талдау жүргізілмейді.

Дегенмен профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін бағалау мәселесін Ресейдің де, Қазақстанның да ғалымдары толық зерттегенін мойындау керек.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық жасаған адамдарға қатысты қылмыстық жазаның әлеуметтік мәні жөніндегі мәселелер, қылмыстық жазаның мақсаттарын жүзеге асыру механизмі, олардың әлеуметтік, криминологиялық, құқықтық және экономикалық салдарлары, сондай-ақ олардың тиімділігінің көрсеткіштері мен өлшемдері әлі күнге дейін дербес зерттелмегенін және егжей-тегжейлі зерттеліп-талданбағанын айта кеткен жөн.

Бәріміз білетіндей, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық жасаған адамдарға қатысты превентивтік шаралар мен қылмыстық жазаларды жүзеге асырудың тиімділігінің көрсеткіші бүкіл құқық қорғау жүйесін бағалауға негіз болатын болғандықтан үнемі түзетіп отыруды талап етеді.

Бұл процесс үкімді тағайындауды, орындауды толық көлемде қамтамасыз етуге және бүкіл қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін қамтуы тиіс. Мысалы, сотталған адам жаза тағайындалғаннан және орындалғаннан кейін жақсарды ма, әлеуметтік әділдік қалпына келді ме, сотталған адам мен оның айналасындағылар жаңа қылмыс жасады ма деген сұраққа жауап беруі керек. Өкінішке қарай, әдетте сот органдары, әсіресе құқық қорғау органдары бұл мәселеге назар аудармайды, сондықтан назардан тыс қалып жатады.

Біздің құқық қорғау жүйеміздің профилактикалық қызметін бағалау өлшемдерін нақты білмей тұрып оны өлшеу мүмкін емес екені, ал бүкіл құқық қолдану процесінің тиімділігін бағалау тіпті мүмкін емес екені құпия емес.

Құқық қорғау органдарының практикалық қызметін, оның ішінде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық жасаған адамдарға үкім тағайындау мен орындауды мақсатты және жүйелі түрде ғылыми қамтамасыз етудің болмауы алынған ақпаратпен жұмыс барысында тағайындалған жаза мен оның орындалу нәтижесі арасында кері байланыстың жоқ болуына әкеліп соғып отыр.

Практика көрсетіп отырғандай, қазіргі кезде құқық қорғау органдары жасалған қылмыстарға талдауды жеткілікті түрде жасамайды, себебі мен

алғышарттарын анықтамайды, сондай-ақ болжау бағытында жұмыс істеліп жатқан жоқ.

Автордың пікірінше, қылмыстылықпен күресте дәл осы бағытты толық дамыту керек. Бұл шара құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық жасаған адамдарға қатысты қылмыстық жазаның ролін күшейтіп қана қоймайды, сонымен қатар қылмыстылықпен күресте айтарлықтай нәтиже береді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеті. Зерттеудің мақсаты құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықпен байланысты қатынастарды реттейтін ҚР қылмыстық заңнамасын жетілдіру жөніндегі, осы мәселенің криминологиялық аспектілерін анықтау жөніндегі, сот пен тергеу органдарының құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық (ҚР ҚК 380-1 бабы) үшін жауаптылық көздеген қылмыстық-құқықтық нормаларды тәжірибеде қолдану тиімділігін күшейту жөніндегі теориялық түйіндер мен ұсынымдардың жиынтығын қалыптастыру және негіздеу.

Осы аталған мақсатта автор мына міндеттерді қойған:

- құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық үшін қылмыстық жауаптылықтың қалыптасуының және дамуының негізгі кезеңдерін көрсету;
- құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықтың басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың бір түрі ретіндегі ұғымы жайлы пікірлерді жалпылау және осының негізінде тақырыптың негізгі мәселелеріне түсінік беру;
- құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықтың криминологиялық аспектілеріне талдау жасау;
- құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін

кек алу мақсатындағы қолсұғушылық үшін қылмыстық жауаптылықтың ерекшеліктеріне талдау жасау;

- құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық үшін басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтың бір түрі ретіндегі қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен формасын анықтау;

- құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық жасаған адамға қатысты қылмыстық жаза тағайындауда сот практикасы мен оның әлеуметтік салдары арасындағы қайшылықты анықтау;

- Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасының құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық жасаған адамға қатысты қылмыстық жаза тағайындау мақсаттарын жүзеге асыруды бақылауды күшейту бөлігін жетілдіру жөніндегі ғылыми-негізделген ұсыныстарды қалыптастыру.

Зерттеудің объектісі және пәні. Зерттеудің объектісі – құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық жасаған адамға қатысты қылмыстық заңнаманы қолданумен байланысты құқықтық және қоғамдық қатынастар.

Зерттеудің пәні - құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық жасаған адамға қатысты қылмыстық жаза тағайындаудың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері.

Зерттеудің әдіснамалық негізі. Зерттеудің әдіснамалық негізін дүниетанымдық ұстанымдарды, жалпыға ортақ философиялық заңдар мен санаттарды қамтитын философиялық білімдер жүйесі, сонымен қатар нақты шындықты танудың жалпы әдісі болып саналатын логика заңдары құрайды. Зерттеуде конституциялық, халықаралық, қылмыстық, қылмыстық-атқару құқықтары, криминология, философия, психология және басқа ғылымдар саласындағы тұжырымдамалық ережелерді талдауға кешенді тәсіл қолданылған.

Еңбекті жазу барысында зерттеудің тарихи, салыстырмалы-құқықтық,

әлеуметтану, статисткалық талдау сияқты жеке-ғылыми әдістері, сондай-ақ отандық және халықаралық заңнамалық және басқа да нормативтік актілер, сотталғандардың архивтегі қылмыстық және жеке істері кеңінен зерттелген.

Зерттеудің нормативті базасы. Автор еңбегінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және заңға сәйкес актілерінің нормаларының ережелеріне, Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық, қылмыстық-атқару, қылмыстық-процестік заңнамаларына, Қазақстан Республикасы Президентінің жолдаулары, құқықтық тұжырымдамалар, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының нормативті қаулыларына, халықаралық нормативтік-құқықтық құжаттарға, Қазақстан Республикасы ІІМ бұйрықтары мен нұсқаулықтарына сүйенген.

Бұрынғы КСРО,-ның Қазақ КСР-інің, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің заңнамаларындағы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық жасаған адамға қатысты жаза тағайындау мәселелерін реттейтін нормаларға салыстырмалы талдау жүргізген.

Зерттеудің эмпирикалық базасын ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің статистикалық деректері, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық жасағаны үшін сотталған адамдардың жеке істерінің материалдары, құқық қорғау органдарының қызметін көрсететін жарияланған материалдар, сот және ведомстволық практикаға шолулар құрайды.

Диссертацияда соттардың құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық жасаған адамға қатысты жаза тағайындау практикасы жөніндегі қылмыстық процеске қатысушыларың, жекелеген азаматтардың қоғамдық пікірін зертеу барысындағы экспресс-зерттеуі барысында алынған эмпирикалық деректері, сондай-ақ басқа ғалым-заңгерлердің осы саладағы зерттеу нәтижелері пайдаланылған.

Ғылыми жаңалығы бұл еңбек Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын ескере отырып жазылған, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін

кек алу мақсатындағы қолсұғушылықпен байланысты жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтың ұғымы мен мазмұнынын қайта ойлауға, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-құқықтық, криминологиялық және әлеуметтік ерекшеліктері мен оған қарсы іс-қимылдың тиімділігін анықтауға бағытталған алғашқы монографиялық зерттеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы диссертацияда қылмыстық құқықбұзушылықтың осы түрінің әлеуметтік, құқықтық, криминологиялық, экономикалық және басқа аспектілері мен салдарлары анықталғанында жатыр.

Автор құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықтың криминологиялық және қылмыстық-құқықтық ерекшеліктерін сипаттайтын негізгі ережелерді, оларды жасағаны үшін тағайындалатын жазаның тиімділігін бағалауды қалыптастырған, жаза тағайындаудағы жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлардың біртектілігі мен қарама-қайшылығын анықтаған, қылмыстық құқықбұзушылықтың осы түрі үшін жаза тағауындау стратегиясын даярлаудағы сот практикасының ролі шешуші екенін негіздеген, қылмыстық құқықбұзушылықтың қарастырылып отырған құрамының ұғымдары мен белгілерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қылмыстық құқықбұзушылықтың осы түріне қарсы іс-қимылдың өлшемдері мен формальды көрсеткішін нақтылаған.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

1. Жазалау туралы теория, оның ішінде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық қылмыстық құқықбұзушылығы үшін жазалау туралы теория мемлекеттің қылмыстық саясатын даярлау мен жүзеге асырудың, оның құқықтық жүйесінің, құқық қолдану теориясы мен практикасының әдіснамалық және жалпы теориялық негізі болып саналады. Бұл доктрина құқықтық сананы, құқықтық идеологияны, құқық қолдану қызметінің әдіснамасын, жалпы теориясын және логикасын қалыптастыру функциясын жүзеге асырады.

Қоғам дамуының әлеуметтік, саяси және экономикалық шарттарының өзгеріп отыратынын ескерсек, жазалау туралы доктринаға икемділігі, адамның жеке басына қатыстылығы және дер кезінде түзеу тұрғысынан теориялық, заң шығару және ұйымдастыру деңгейінде қайта қарап, түзету енгізу керек.

2. ҚР ҚК 380-1-бабын қабылдау мемлекеттің құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықтан қорғау жөніндегі дер кезіндегі және мәжбүрлі түрдегі шарасы екеніне қарамастан

бұл баптың әрекеті басқарудың қалыптасқан тәртібін ғана емес, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін де қорғауға, сондай-ақ құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің және әскери қызметшінің азаматтық қоғам алдындағы беделі мен ролін нығайтуға да бағытталған.

ҚР ішкі істер министрлігінің мәліметіне сәйкес Қазақстан егемендік алғаннан бері қызметтік міндеттерін орындау барысында ішкі істер органдарының 791 қызметкері қаза болғаны, 2 755 қызметкері жарақат алғаны туралы мәлімет келтірілген.

Дегенмен бұл мәселедегі статистиканың өзгергеніне қарамастан құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық жасағаны үшін жаза тағайындау бөлігіндегі заңнаманы гуманизациялауға болмайды, керісінше оны күшейту жұмыстарын жалғастыру керек. ҚР ҚК 380-1-бабының санкциясы жеткілікті түрде қатал екеніне қарамастан осы қылмыстың қоғамға қауіптілігіне толық сай болып отыр.

3.Теориялық білімді тереңдету, заңнаманы және оны қылмыстық құқықбұзушылыққа қолдану практикасын, онымен байланысты қылмыстық-құқықтық, криминологиялық мәселелерге және әлеуметтік саларына талдауды жетілдіру қажеттілігі маңызды және әлеуметтік орны бар мәселе болып отыр.

Мысалы, біздің талдап отырған бабымызға (ҚР ҚК 380-1-бап) ұқсас Қырғыз Республикасының ҚК 340-бабы «Құқық қорғау органының қызметкерін және әскери қызметшіні өлтіру» деп аталады, ал Ресей Федерациясының ҚК 37-бабы «Құқық қорғау органының қызметкерінің өміріне қолсұғушылық» деп аталады. Одан бөлек, РФ ҚК 317-бабының диспозициясында «құқық қорғау органы қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне, сондай-ақ сол аталған тұлғалардың қоғамдық тәртіпті күзету және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі заңды қызметіне кедергі келтіру мақсатында немесе сол қызметі үшін кек алу мақсатында олардың жақындарының өміріне қолсұғушылық» деп көрсетілген». Біздің ойымызша, ҚР ҚК 380-1-бабына біздің ойымызша, ҚР ҚК 380-1-бабындағыдай "өмірге қолсұғушылық, яғни өлім келтіруге бағытталған қасақана әрекеттер" артық нақтылаусыз.

ҚР ҚК 380-1-бабының диспозициясын атауына сәйкестендіру үшін Қырғыз Республикасының немесе Ресей Федерациясының заң шығарушыларының тәжірибесін пайдалану керек. Сондықтан ҚР ҚК 380-1-бабын «Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерін, әскери қызметшіні өлтіру» деп атауды, ал жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өміріне қолсұғушылықты ҚР Ерекше бөлімінің басқа дербес бабында көрсетуді ұсынамыз.

4. ҚР ҚК 380-1-бабының диспозициясына да өзгерту енгізу керек. 380-1-баптың 1-бөлігінің диспозициясынан РФ ҚК-дегідей етіп «қазаға ұшыратуға бағытталған қасақана әрекеттер» деген сөздерді алып тастау керек. Сол кезде ҚР

ҚК 380-1-бабының 1-бөлігінің диспозициясы «Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылық» болады. Осы орайда біздің ҚР ҚК 380-1-бабының атауы мен 1-бөлігінің диспозициясы арасында анықтаған сәйкессіздігіміз жойылады.

5. Біздің ойымызша, ҚР ҚК«Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар» 54-бабының 8) «адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау» тармақшасын ҚР ҚК 380-1-бабының диспозициясындағы «не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында» сөздерімен толықтыру керек.

6. Жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтарды саралау сапасын жақсарту және жаза тағайындауда қателесу деңгейін төмендету мақсатында қылмыстық заңнамадағы қылмыс санаттарына да толықтыру енгізу қажет (ҚР ҚК 11-бабы). Қазіргі кезде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің пікірінше, нақты қылмысты белгілі бір санатқа (онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр) жатқызу кезінде қиындық туып жатады. Санкциясында көрсетілген бас бостандығынан айыру мерзімін санап отыруға міндетті болып жатады. Бірнеше бөліктен тұратын, әр бөлігі қылмыстың төрт санатының әрқайсысына жататын жекелеген баптар да бар.

Біздің ойымызша, осыған дейінгі заң шығару тәжірибесін ескере отырып, қылмыстың санатын анықтаған кезде 11-бапта кінәнің нысаны мен жазалау шарты (бас бостандығынан айыру) сияқты негіздерге қоса қылмыстың төрт санатының әрқайсысына жататын нақты қылмыстық құқықбұзушылықтарды атап көрсеткен дұрыс болар еді. Сонда құқық қолдану және сот практикасында қазіргі кезде осы себептен болып жүрген қателерді азайтуға болады.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы автордың Қазақстан заң ғылымдарында құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық қылмыстық құқықбұзушылығының мазмұны мен мәнін, криминологиялық және қылмыстық-құқықтық аспектілерін ғылыми пайымдау мәселелеріне арналған кешенді ғылыми зерттеуді алғаш рет жасағаны.

Бұл тақырыпты зерттеу Қазақстанның құқықтық даму бағытының тұжырымдамалық бағыттарына құқық қорғау қызметінің жалпы теориялық мәселелерінің контексінде, Қазақстандағы қылмыстық юстицияның әртүрлі субъектілерінің қызмет ету практикасын зерттеу негізінде талдау жасау жолымен жүргізілген.

Қазақстандағы құқық қорғау жүйесінің қызметінің құқықтық, соның ішінде

ең алдымен заң шығару негіздеріне жүргізген талдау ондағы кемшіліктер мен коллизияларды анықтауға, сонымен қатар конституция нормалары мен халықаралық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан жетілдіру мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Жаңалығы ретінде зерттеудің ұғымдық аппаратына қатысты мәселелерді, атап айтқанда құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық ұғымы сияқты санаттарды қайта пайымдауын атауға болады.

Бұл жұмысты кешенді ғылыми бағыты болғандықтан сондай-ақ аралас әлеуметтік-құқықтық тақырыптар жөніндегі салалық тереңірек зерттеулерде де пайдалануға болады.

Диссертацияның праткикалық маңызы ҚР құқық қорғау және сот органдарының қызметіндегі көптеген қолданбалы мәселелерді зерттегенінде жатыр. Ал алынған нәтижелерді осы қызметтерді әртүрлі қызметтік бағыттар бойынша оңтайлау мақсатында, сондай-ақ қылмыстық құқық, қылмыстық-атқару, халықаралық құқық, криминология сияқты пәндерді оқыту процесінде пайдалануға болады. Автордың жекелеген түйіндері мен ұсыныстарын ҚР ҚК, ҚР ҚАК-не өзгертулер мен толықтырулар дайындау барысындағы, сондай-ақ осы мәселелер жөніндегі заң актілерін даярлау мен толықтыру барысындағы заң шығару жұмысында пайдалануға болады.

Апробация және зерттеу нәтижелерін енгізу. Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 11 ғылыми мақала жарияланған, оның 1 ғылыми мақаласы Scopus базасына кірген, 6 ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі ғылыми басылымдарда, 3 ғылыми мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, соның ішінде 1 ғылыми мақала Қазақстаннан тыс Ресей Федерациясының халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндалған және жарияланған.

Диссертациялық зерттеу материалдары Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындарында қылмыстық, қылмыстық-атқару құқықтары, криминология оқу сабақтарын өткізуге пайдаланылған, сондай-ақ заң шығару органдарына заң шығару қызметінде пайдалану үшін ұсынылған.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы және көлемі зерттеудің негізгі мақсаты мен пәніне сай. Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, сегіз бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімі мен қосымшадан тұрады, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен нұсқауының талаптарына сай.

1 ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНЫ, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӨМІРІНЕ ҚОЛСҰҒУШЫЛЫҚ ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 Қылмыстық құқықтағы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық ұғымы

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықты дұрыс саралау мәселесін шешу үшін қолсұғушылық ұғымын анықтап алу керек, себебі қолсұғушылықтың мазмұны құқық қолдану практикасының негізгі бөлшегі болып табылады.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық түріндегі қоғамға қауіпті іс-әрекетті криминализациялаудың құқыққа сай және негізді болуын болжау оң нәтиже беруі үшін сол іс-әрекетті дұрыс саралау мәселесі алдыңғы орынға шығады, себебі ҚР ҚК 380-1-бабының 1 және 2-бөліктерінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамын рәсімдеу үшін дұрыс саралаудың теориялық және практикалық мәселелерін зерттемей тұрып қылмыстық жауаптылықты жүзеге асыру мүмкін емес [8].

К.С. Карбеков, Н.Д. Тлешалиев ойларынша, Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөліміне жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылықты енгізу қосымша түсіндіруді талап етіп отыр, себебі жасалған қоғамға қауіпті іс-әркетті саралаудың объективтілігі мен кінәлі адамды қылмыстық жауаптылыққа тартудың дұрыс болуы осыған байланысты [23, 241 б.].

Ал қандай да бір қылмысты дұрыс саралаудың жолы мен тәсілін іздеу мен табу әдетте қылмыстық құқық бұзушылықты (қылмысты, қылмыстық теріс қылықты) дұрыс саралаудың теориялық негіздерін анықтау мен сипаттаудан басталады. Біздің жағдайымызда әңгіме қолсұғушылықтың мәнінің түсінігі жайлы болуға тиіс, себебі ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты саралаудың дұрыс болуы ақиқатын дәл осы тұрғыдан ғана қамтамасыз етуге болады. Жүргізілген зерттеуде ҚР ҚК 380-1-бабының Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе

жақындарының өміріне қолсұғушылық, яғни қазаға ұшыратуға бағытталған қасақана әрекеттер диспозициясының мазмұнын анықтауға тырыстық [8].

И.Ш. Борчашвили пікірінше, бұл диспозицияның мазмұнынан өмірге қолсұғушылықтың мағынасы біздің тақырыбымыздағы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерін, әскери қызметшіні өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарын қазаға ұшыратуға бағытталған қасақана әрекеттер деген анықтама берілсе де, онша түсініксіз деп атап өтті [24, 169 б.].

ҚР ҚК 380-1-баптың диспозициясының мағынасына қарасақ ҚР ҚК 99-бабындағы басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату деп айтылған адам өлтіру жайлы айтып тұр, ал құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылықта қазаға ұшыратуға бағытталған қасақана әрекеттер жайлы айтылып тұр [8].

Біздің ойымызша, ҚР ҚК 380-1-бабының диспозициясының мағынасына қарасақ қылмыстың аяқталған құрамы қазаға ұшыратпауы да мүмкін, яғни әңгіме тек өмірге қолсұғушылық жайлы болып тұр.

Сонымен қатар, 408-баптың Судьяның, алқабидің, прокурордың, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, қорғаушының, сарапшының, сот приставының, сот орындаушысының, сол сияқты олардың жақындарының өміріне істердің немесе материалдардың сотта қаралуына, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жүргізілуіне не сот үкімінің, шешімінің немесе өзге де сот актісінің орындалуына байланысты аталған адамдардың заңды қызметіне кедергі жасау не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған қол сұғу» диспозициясының мазмұны ҚР ҚК 380-1-бабының (Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық диспозициясымен бірдей дерлік [8].

ҚР ҚК 380-1-бабының диспозициясының мазмұнын толығырақ анықтап алу үшін «қолсұғушылық» және «қылмысқа дайындалу» сөздерінің мазмұнын анықтап алу керек, себебі бұл екі сөз мазмұны жағынан өте ұқсас [8].

Біздің пікірімізше, қандай да бір ұғымның, терминнің, заң санатының жалпы анықтамасы оның этимологиялық сипаттамасына сүйенуді талап етеді.

Онсыз біз қарастырып отырған саладағы заңға грамматикалық түсіндірме беру ғана емес, сондай-ақ формальды заңды талдау жасау да қиын.

Мысал ретінде, 20.04.2017 жылы сағат 19:20 уақыт шамасында С.С.Утарбаев

Алматы қаласы, Жетысу-1 ықшамауданы, №22 үйдің жанында болып, қоғамдық тәртіпті сақтау жедел іс-шарасын жүргізіп, өздерінің қызметтік міндеттерін атқарып жүрген учаскелік полиция қызметкерлері С.М.Токтарбаев пен А .М.Керимкулов одан жеке басын куәландыратын құжатын сұраған кезде, олардың ар-намысы мен қадір- қасиетіне нұқсан келтіретін балағат сөздер айтып қорлаған және жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуден бас тартқан. Оған қоса Алматы қаласы Әуезов АІІБ-нің УПИ, полиция аға лейтенанты С.М .Токтарбаевтың сол жақ қызметтік шенін жұлмақшы болған. Сонымен қатар С .М.Токтарбаевтың қызметтік галстугын күш көрсету арқылы жұлып алған. С.М .Токтарбаевқа өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып, жеңіл дене жарақатын келтірген [25].

Осы көрсетілген қоғамға қауіпті әрекетті ескере отырып сот Сагынтай Сагимбаевич Утарбаевты ҚР ҚК-нің 378-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылықты, ҚР ҚК-нің 380- бабы 1-бөлігінде көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылсын. Сагынтай Сагимбаевич Утарбаевқа ҚР ҚК-нің 378-бабы 1-бөлігі бойынша 100 (жүз) сағат қоғамдық жұмыстарға тарту, ҚР ҚК-нің 380- бабы 1-бөлігі бойынша 1 (бір) жыл 6 (алты) ай бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындалсын деген үкім шығарды [25].

С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова, орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «қолсұғушылық» сөзі «бірдеңені істеуге, бірдеңеге билік жүргізуге, бірдеңені алуға ұмтылу (заңсыз немесе теріс тұрғыдан) дегенді білдіреді. «Қол сұғу» сөзі біреудің бірдеңесіне, өміріне, қолсуғышылық жасау, өлтіруге тырысу дегенді білдіреді» [26, 571 б.].

Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде «қылмысқа дайындалу» сөзінің мазмұны , жоғарыда айтып өткеніміздей, қолсұғушылыққа мағынасы жағынан жақын. Қылмысқа дайындалу: 1) тістеп көру сияқты (бірдеңені істеп көру, ұшыратып көру, өлтіруге оқталу); 2) қазаға ұшыратуға тырысу, жеке құқығынан айыруға тырысу.

Бұл мәселені қарастыру барысында толығырақ картинаны көру үшін «өміріне қолсұғушылық» ұғымының ғылыми түсіндірмесінің нәтижесіне тоқталайық.

Қылмыстық құқық теориясында «өміріне қолсұғушылық» терминінің түсіндірмесі КСРО ғалымдарының еңбектерінде-ақ пайда болып, кейіне оны посткеңестік кезең ғалымдары мен, атап айтқанда, Ресей мен Қазақстан ғалымдары жалғастырған [27].

Дегенмен бұл мәселеде дефинцияны түсінуде бірауыздан келісімнің болмауына және оның қазіргі кезге дейін жалғасып келе жатуына себеп болған әртүрлі пайымдаулар бар [27].

Ғалымдар «өміріне қолсұғушылық» ұғымын әртүрлі қарастырып, бұл терминнің сипаттамасынан әртүрлі белгілерді тауып келеді. Осы саладағы ең көп тараған пікірлерге тоқталып өтейік.

Б.В. Здравомыслова, Ю.А. Красикова, А.И. Рарога пікірлерінше, қылмыстық құқық теориясында жалпы қалыптасқан көзқарас бойынша тұлғаның әрекетін қылмысты деп табу үшін міндетті түрде біріншіден қоғамға қауіпті, екіншіден, қылмыстық заңмен қаралуы яғни, құқыққа қайшы болуы керек [28, 126 б.].

Мысалы, кеңес кезеңінде П.Ф. Гришанин мен М.П. Журавлев РКФСР ҚК 191-2-бабында («Милицияның немесе халық сақшысының өміріне қолсұғушылық») көрсетілген ұғымды талдай келе қолсұғушылық ұғымына адам өлтіруді, адам өлтіруге және келтірген сәтте өмірге қауіпті болған ауыр дене жарақатын келтіруге оқталуды жатқызған [29, 38 б.].

Келесі бір ғалым Н.И. Дементьев «өмірге қолсұғушылық» ұғымының мазмұнына қоғамға қауіпті салдармен ұштасқан, жәбірленуші тұлғаның өлімімен ұштасқан денсаулыққа зақым келтіруді жатқызған [30, 43 б.].

Милиция қызметкерінің өміріне қолсұғушылық жәбірленушіні қазаға ұшырату мақсатында тікелей шабуыл жасаған және күш көрсетуді қолданған кезде ғана емес, сонымен қатар жүріп келе жатқан поездан, автокөліктен итеріп түсіріп жіберу, биік көпірден құлатып жіберу, қатты аязда аузын жауып байлап тастап кету сияқты әрекеттер немесе жәбірленушінің қазаға ұшырауына шын мәнінде әкеліп соғуы мүмкін басқа әрекеттер кезінде де болады деген Е.А. Сухаревтің пікірі басқаша [31, 6].

Милиция қызметкеріні және халық сақшысының өміріне қолсұғушылық милиция қызметкеріне кез келген зақым келтіруге және біреудің бостандығына, дербестігіне қол сұғуға бағытталған, кінәлі адамға жәбірлеунішінің қазаға ұшырау мүмкіндігі көрінеу белгілі болған басқа да күш көрсету әрекеттері болса өмірге қолсұғушылық болады деген Е.А. Сухаревтің «өмірге қолсұғушылық» ұғымына берген түсінігі кеңірек болған [31, 7 б.].

С.Ф. Милюков сондай-ақ РФ ҚК 317-бабы мағынасы жағынан адам өлтіруді мен адам өлтіруге оқталуды ғана емес, сонымен қатар қасақана ауыр дене жарақатын салуды да қамтиды деген [32, 12 б.].

Біздің пікірімізше, «Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өміріне қол сұғудың қоғамдық қауіптілігінің артуы күмән тудырмайды, қылмыстық құқық ғылымында бұрыннан танылған және бұл қылмыстық іс-әрекет мемлекеттік биліктің негіздерін бұза отырып, Құқық қорғау органдарының қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретіндігіне байланысты. Осылайша, мемлекеттің қылмысқа қарсы күрес саласындағы қызметінің тиімділігі едәуір дәрежеде әлсірейді, оның беделіне нұқсан келеді, мемлекеттік басқару жүйесі әлсірейді [33, 120 б.].

Қазақ КСР ҚК-де «Милиция қызметкерінің немесе халықсақшысының өміріне қолсұғушылық» 173-1-бабы милиция қызметкерінің немесе халықсақшысының өміріне қоғамдық тәртіпті күзету жөніндегі қызметтік немесе қоғамдық қызметіне байланысты қолсұғушылық үшін қылмыстық жауаптылықты көздеген [27].

Мысалы, Р. Кулекбаев құқық қорғау органдарының 8 қызметкерінің, 2 бейбіт тұрғынның өмірін жалмаған, және тағы да үш бейбіт тұрғынды өлтіруге оқталған лаңкестік акті жасаған деп айыпталуда (ҚК 255 б. 4 б. – лаңкестік акті, ҚК 99 б.2 б, 24 б. 3 б – өлтіруге оқталу, ҚК 99 б. – адам өлімі).

Р.Кулекбаевпен бірге сотқа Р.Лю, Ж.Сапарбеков, Д.Асембекұлы, Е.Құсайнов, Н.Әбдімомын берілді. Олар Р.Кулекбаевпен бірге қару-жарақты заңсыз сақтағаны, қолданғаны, сатып алғаны, сондай-ақ әзірлегені және кәсіпкер М.-ға қарақшылық шабуыл жасағаны үшін айыпталып отыр.

Бұған дейін хабарланғандай 18 шілдеде Алматыдағы атыстан 5 адам көз жұмды – бейбіт тұрғын, шекарашы және үш полицей, оған қоса 6 полицей мен үш бейбіт тұрғын жараланды, қылмыскерді қосқанда. Кейін тағы үш полицей жан сақтау бөлімінде көз жұмды. Шабуылдаушы 27 жасар Қызылорда облысының тұрғыны Р.Кулекбаев 2 айға қамауға алынған. ІІМ-де мәлімдегендей, қылмыстың басты себебі құқыққорғау органдарынан кек алу болған [34].

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері арасында жүргізген сауалнамамызға жауап берген ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген өмірге қолсұғушылыққа мына салдарларды жатқызған: құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының қазаға ұшыратуы - 25,8%; жәбірленушінің өміріне қол сұғуға ұмтылу 32,5%; жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіру - 18,4%; жәбірленушіге қатысты зорлық-зомбылық әрекеттері - 2107%; жәбірленушіні қорқыту - 7,6%; басқа да әрекеттер - 5,% [13].

Жүргізілген зерттеу нәтижесі қылмыстық заңнаманың әсіресе біз талдап отырған ҚР ҚК 380-1-бабы ережелерін түсіндіру саласы жетілмегенін көрсетіп отыр.

Ғалымдар Кеңес қылмыстық құқығының теориясында РКФСР 1960 жылғы ҚК 191-1 бабының құрамында, ҚазКСР 1959 жылғы ҚК 171-1-бабының («Милиция қызметкеріне немесе халық сақшысына қарсылық көрсету») құрамында мазмұны бойынша ҚК 191-1-бабында көрсетілген қызметтерді өтеп жүрген адамды өлтіру сияқты қоғамға қауіпті салдарлар болмауы керек деп айтқаны кездейсоқ емес [27].

Тағы бір мысал ретінде, Е.Е.Торегазин 06 ақпан 2020 жылы түнгі сағат 03:00 шамасында өзінің 2005 жылғы күрең түсті, мемлекеттік тіркеу белгісі 817 GZB/02 «Тойота камри» маркалы автокөлігімен танысы А.Н.Баракатов екеуі автокөлігінің мемлекеттік тіркеу белгісін шешіп тастап, Алматы қаласының көшелерін аралап жүрген. Содан, А.Н.Баракатов Алматы қаласы Достық даңғылымен солтүстік бағытқа қарай Е.Е.Тоегазиннің автокөлігімен жүріп келе жатқан кезінде, 05 ақпан 2020 жылы тәуліктік кезекшілікке түскен Алматы қаласы жол патрульдік полиция мемлекеттік басқармасының (ЖПП МБ) қызметкер полиция капитаны Қ.Чапайұлы , полиция капитаны А.С.Көсембаев және полиция капитаны Ж.М.Бугалов өздерінің жүргізуіндегі ақ түсті «Киа Церато» мемлекеттік тіркеу белгісі 1215/02,

борт белгісі 445 автокөлігімен қызметтік міндеттерін атқарып жүріп, Достық даңғылымен солтүстік бағытпен Сатпаев көшесінің батыс бағытқа бұрылған Е.Е .Торегазиннің автокөлігімен мемлекеттік тіркеу белгісінсіз жүргені үшін тоқтатқан [35].

Сол кезде автокөліктің оң жақ жолаушылар отыратын есігінен Е.Е.Торегазин мас күйінде шығып, өз қызметтік міндеттерін атқарып жүрген ЖПП МБ қызметкері полиция капитаны Ж.М.Бугаловты қорлау мақсатында ар намысына тиетін сөздермен бірнеше мәрте балағаттап, оның жеке басын тексеруге апару үшін өздерінің қызметтік автокөліктерінің алдынғы жолаушылар отыратын орындығына отырғызбақшы болғанда Е.Е.Торегазин билік өкілінің өз қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты, оған қарсылық көрсетіп, қызметтік автокөлікке отырмай Ж.М.Бугаловтың денсаулығына қауіпті емес күш қолданып, оң қол жұдырығымен оң жақ бетінен бір рет ұрған. 06 ақпан 2020 жылғы №27-13/631 санды сот-медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, 26 ақпан 1993 жылы туған Ж.М.Бугаловтың денсаулығы мен өміріне келтірілген зиян жеңіл түрінде дәрежеленген [35].

08 сәуір 2020 жылғы №1800 санды сот психологиялық- филологиялық сараптама қорытындысына сәйкес, Е.Е.Торегазиннің іс- әрекетінде билік өкілін өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде Ж.М.Бугаловқа қатысты қорлау қылмыс құрамының барын көрсеткен [35].

Осыған сәйкес Алматы қаласы Медеу ауданының №2 аудандық соты құрамында төрағалық етуші судья Т.Ш.Шакиров, Торегазин Ерлан Ербатырулы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 378-бабы 1-бөлігі, 380-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 378-бабы 1-бөлігімен – 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 53 020 теңге айыппұл тағайындалсын, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 380-бабы 1-бөлігімен - 1 (бір) жыл 6 ай бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын [35].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 58-бабының 2- бөлігіне сәйкес, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазамен сіңіру арқылы, Е .Е.Торегазинге түпкілікті жаза ретінде 1 (бір) жыл 6 ай бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалсын [35].

Біздің ойымызша, қылмыстық заңнаманың мазмұны мемлекетте жүргізіліп жатқан құқықтық саясат пен оның ерекше құрамдас бөлігі – қылмыстық саясаттың бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар құқықтық саясаттың өзі де қоғамда болып жатқан оқиғаларды, экономикадағы, саясаттағы, қоғамдағы өзгерістерді көрсетеді.

С.М.Рахметов, Н.Н. Турецкий пікірлерінше, 1950-жылдардың екінші жартысы мен 70-жылдардың соңы аралығындағы кезеңге тән ерекшелік демократияның гүлденуі, «жылыну» кезеңі деп аталады, сол кезеңде милиция бөлімшелері азаматтық қоғамның әдетте ең белсенді және мемлекеттің мүддесін ойлайтын өкілдерінен тұрған, ал милиция органдарының, сондай-ақ олардың

халық сақшылары нысанындағы көмекшілерінің беделі зор болған және кеңес азаматтарының үлкен қолдауына ие болған. Сондықтан сол кезеңде құқық қорғау органының қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне қолсұғушылық өте сирек болатын [36, 63 б.].

Осы кезеңде тәрбиелеу мен азаматтарға көптеген әлеуметтік институттар арқылы, өкінішке орай олардың көбі қазір жойылып кеткен, идеологиялық ықпал етудің қалыптасқан жүйесінің арқасында сол кездегі қоғам азаматтары мемлекеттің әлеуметке бағытталған жүйесінің (үй-жай, білім, медицина, т.б. тегін) арқасында заңды аса құрметтейтінімен, психиологиялық тұратқытылығымен ерекшеленетін.

Сол кезеңде құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерін, әскери қызметшіні айтпағанда,тіпті қатардағы азаматты кез келген өлтіру сирек болатын және қоғам тарапынан негативті бағаланып, кең талқыға түсетін.

Сот тәжірибесіне сәйкес, сотталушы Байдилдинов М.С., 04.12.2019 жылы Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Қазақфильм ықшам аудан, №8-үй,101-пәтерде болып алкоголдік ішімдік ішіп демалып отырып, кешкі 17-40 шамасында қатты шулап №102 пәтерде тұратын көршісінің тыныштығын бұзған. Көршілерінің айқай шуына шыдамаған №102 пәтер тұрғыны М.Сарбаева полиция қызметкерлерінен көмек сұрап оқиға орнына полиция қызметкерлерін шақырған. Өз кезегінде өзінің учаскесінен түскен хабарға Алматы қаласы Бостандық аудандық полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторы М.Жұмаханов аталған пәтерге жағдайды анықтау үшін келген. Оқиға орнына яғни №102 пәтер тұрғыны М.Сарбаеваға келіп, жағдайды анықтаған соң, болған жағдайдың анықтығын тексеру мақсатында және арызданушы М.Сарбаеваның сөзінің растығын тексеру үшін №101 пәтерге қоңырау шалған кезде, есікті М .Байдилдинов ашқан. Учаскелік полиция инспекторы полиция лейтенанты М .Жұмаханов М.Байдилдиновтен жеке басын куаландыратын құжаттарын сұраған. Бірақ масаң күйде болған М.Байдилдинов құжатын бермейтінін айтып полиция қызметкерін балағаттай бастаған. Полиция қызметкерінің ескертін елемеген М .Байдилдинов одан әрі балағаттық сөздер айтып, ешқайда бармайтынын айтып, билік өкілі, яғни Алматы қаласы Бостандық ауданы ПБ ЖПБ аймақтық полиция инспекторы М.Жұмахановқа қатысты күш қолдану қылмыстық пиғылымен, М.Байдилдинов М.Жұмахановқа жұдырығын сілтеп ұрмақшы болып соңғының жағасынан ұстасып алысып, өзінде пайда болған билік өкілі, яғни Алматы қаласы Бостандық ауданы ПБ ЖПБ аймақтық полиция инспекторы М.Жұмахановқа қатысты күш қолдану қылмыстық пиғылылын ақырына дейін жеткізіп, №27-13/4955 санды сот медициналық сараптама қорытындысына сәйкес, М.Жұмахановқа мойыны мен сол жақ аяғының көгеруіне әкеп соққан денсаулығына жеңіл дәрежедегі зақым келтірген [37].

Сөйтіп, сотталушы Байдилдинов Мурат Серикович, билік өкілінің өз қызметтік міндеттерін атқарып, орындағаны үшін оған қатысты денсаулығына

қауіпті емес күш қолдану қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерін жасаған.

Жоғарыдағыны ескере отырып Алматы қаласы Бостандық ауданының № 2 аудандық соты құрамында төрағалық етуші Судья Құдабаев Т.АБайдилдинов Мурат Сериковичты Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 380-бабының 1-бөлігімен кіналы деп танып, осы бап бойынша оны жылына жүз сағаттан аспайтын мерзімге мәжбүрлеп еңбекке тарта отырып, оған 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалсын деген үкім шығарды [37].

Мемлекеттің құқық қорғау органдары өкілдерінің өмірін, абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға бағытталған осы саясаты еліміздің егемен дамуының алғашқы кезеңіндегі 1998 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген ҚР 1997 жылғы ҚК-де де көрініс тапқан [38].

Дегенмен құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық тақырыбына қатысты тек ҚР ҚК 321-бабының 2-бөлігінде «осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдарға қатысты өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдану» деп көрсетілген [8].

ҚР 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған және 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қолданыстағы ҚК-де құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықтан қылмыстық-құқықтық қорғаумен байланысты мәселелер жеткілікті түрде реттелген. Оның үстіне, жоғарыда атап өткеніміздей, ҚР 2017 жылғы 3 шілдедегі № 84-IV Заңымен жаңа 380-1-бап (құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өміріне қолсұғушылық)енгізілген (кейін 1-бөлігіне ҚР 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 292-IV Заңымен өзгертулер енгізілген) [8].

Көріп отырғанымыздай, қолсұғушылық объектілерінің тізімі әлдеқайда кеңейтілген, себебі құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкеріне, әскери қызметшіге жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторы, қорықшы қосылған [38].

Одан бөлек, ҚР 2014 жылғы ҚК Ерекше бөлімінің 17-тарауына (Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар)сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің өміріне қолсұғушылық жайлы енгізілген. Оның үстіне ҚР ҚК 409-бабында өміріне қолсұғушылық тек 2-бөлігінде көрсетілген («ҚР ҚК 409-бабының 1-бөлігінде көзделген сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жүзеге асырылуына, істердің немесе материалдардың сотта

қаралуына не сот үкімінің, шешімінің немесе өзге де сот актісінің орындалуына байланысты енгізілген [8].

Орман қоры жерлерін, орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін қамтитын Қазақстан Республикасының орман қоры орман құқығы қатынастарының объектісі болып табылады. Орман құқығы қатынастарының объектілері осы Кодексте және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен ақылы жағдайда ормандардың көп функциялы маңызы ескеріле отырып пайдаланылады [39].

ҚР ҚК 409-бабының 3-бөлігінде өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолдану жайлы айтылған [8].

Дегенмен ҚР ҚК 380-1-бабының мазмұны өміріне қолсұғушылық болатын лауазымды тұлғалардың кең қатарын қамтиды. Олар фунционалды қызметтік міндеттерін атқарып жүрген құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері, әскери қызметші. ҚР ҚК 408, 409 баптарында әңгіме ҚР ҚПК-не сай сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің жекелеген санаты жайлы болып отыр [22].

Диссертацияның кіріспесінде Қазақстанда соңғы жылдары СДТБТ-де (Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі) ҚР ҚК 380-1-бабында көзделген құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне қолсұғушылық туралы бір-біріне мүлде ұқсамайтын фактілер тіркеліп жүргенін айтқан болатынбыз [22].

Бұл ережені шығаруға қоғамда қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдың, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметінің белсенділігінің артуы, қоғамдық тәртіпті күзетуді қамтамасыз етуге әскери қызметшілердің қатысуы және т.б. себеп болып отыр.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың санының артуына олардың жұмыстарындағы кемшіліктер (сыбайлас жемқорлық, кәсібилігінің төмен болуы, жұмыстағы конфликтілі жағдайлар, қызметтік мүдделерді сақтамау, т.б.) де себеп болуы мүмкін.

Құқық қорғау органдары қызметкерлері арасында жүргізген сауалнамамыздың нәтижесі сауалнамаға жауап бергендердің 97,1 %-і құқық қорғау органдарының экстремистік және террористік құбылыстармен байланысты адамдарды табу мен ұстап алу (не жою), ұстап алу сәтінде қару ұстаған жекелеген азаматтардың қандай да бір тыйым салынған іс-шараларға (заңсыз аң аулау, балық аулау, ағаш кесу, әртүрлі тауарлар, құндылықтар, есірткі контрабандасы, т.б.) заңсыз қатысқанын анықтау бағытындағы қызметі күшейген сайын құқық қорғау органдары қызметкерлерінің және олардың жақындарының өміріне қолсұғушылық саны өскенін айтқан [13].

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери

қызметшінің өміріне қолсұғушылық осы көрсетілген санаттағы лауазымды тұлғалардың өз қызметтік міндеттерін орындауы барысында, соның ішінде қоғамдық тәртіпті күзету және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуіне кедергі жасауне сол қызметін орындағаны үшін кек алу мақсатында болатыны белгілі [3, 4, 5].

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықтың кез келген фактісі құқық қорғау органдарының жұмысын тұрақсыздандыруға, оларлың беделін төмендетуге жағдай жасайды.

Біз қарастырып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігі қоғамның көз алдында мемлекеттік биліктің беделіне нұқсан келтіретінінде, себебі өмірге қолсұғушылық фактінің өзі құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өз өмірі үшін, жақындарының өмірі мен денсаулығы үшін қорқынышын тудырады, сондай-ақ халық арасында заңның және құқық қорғау жүйесінің әділдігіне сенімсіздік тудырады.

Сонымен қатар басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың ең көп тараған түрі құқық қорғау органының қызметкерінің өміріне қолсұғушылық болып табылады және ол үшін қылмыстық жауаптылық ҚР ҚК 380-1-бабында көзделген [8].

Бұл қылмыстың қоғамға қауіптілік деңгейі жоғары екенін, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық арқылы мемлекеттік органдардың қалыпты қызметіне бағытталғанын ескерсек, заң шығарушы ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 16-тарауы Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар тобындағы ҚР ҚК 380-1-бабының 1 және 2-бөліктерін аса ауыр қылмыстарға жатқызған себебі осы [8].

Демек біз қарастырып отырған іс-әрекет бір уақытта қылмыстық заңмен қорғалған екі объектіге қол сұғып отыр: құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің қалыпты қызметіне және олар мен олардың жақындарының өміріне.

Жәбірленуші адамның жақыны болып, жақын туыстары мен туыстарымен қатар онымен туыстық қатынаста тұрған, қайын жұрты (әйелінің туысқандары), сонымен қатар жәбірленуші қалыптасқан жеке қатынасының арқасында өмірін, денсаулығын және игілігін қадір тұтатыны кінәлі адамға көрінеу белгілі басқа да адамдар жатады [45].

Бұл ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» № 1 Нормативтік қаулысының 6-тармақшасындағы ҚК-нің 99-бабы екінші

бөлігінің 2) тармағында көрсетілген "жақын" деген терминге ҚПК-нің бабының 11) тармағында көрсетілген жақын туыстары ғана емес, қызметтік міндетін не кәсіби немесе қоғамдық борышын орындап жүрген адам қадір тұтатын басқа да адамдар кіреді дегеннен көрініп тұр [40, 45].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың қоғамға қауіптілігінің жоғары екені қылмыстық құқық ғылымы мен Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасында сөзсіз мойындалған.

A.Sabyr, A. Ramazanova, K. Koishybaiuly, A. Zhanibekov, N. Apakhayev пікірлерінше, қатар құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің арасында құрбандардың саны көп болуы олардың мемлекеттік деңгейде жеткілікті қорғалмауымен байланысты [41, 22 б.].

Қорғалмауы дегеніміз тек қылмыстық-құқықтық қорғау емес, сонымен қатар әлеуметтік шараларды, осы құрылымдардағы қаржылық-экономикалық, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, кәсіби оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру деңгейін және басқа көптеген нәрселерді қамтиды.

Бұл себептер мемлекеттік деңгейде талдануға тиіс және ел Үкіметі немесе Президенті беткітетін арнайы бағдарлама түрінде жүзеге асырылуға тиіс.

Y. Alimkulov, A. Sharipova, A. Zhanibekov, G. Mukhamadiyeva, A. Aryn, пікріерінше, мемлекет құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің басқару қызметінің әлеуметтік маңызын мойындай отырып олардың жұмысының тиімділігін арттыруға, сонымен қатар қылмыстық қолсұғушылықтан қорғалуын да арттыруға тырысқаны жөн [42, 645 б.].

Біздің ойымызша, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің өмірінің қылмыстық-құқықтық құралдармен қорғалуын арттыру үшін ҚР ҚК-де «өмірге қолсұғушылық» ұғымына нақтырақ анықтама беру керек [8].

Сонымен, заң шығарушы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің және олардың жақындарының өміріне қарсы қылмыстардың объективті жағын «құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық» мәтіні арқылы берген.

Осыған байланысты, ҚР ҚК 380-1-бабының диспозициясын, атап айтқанда «өмірге қолсұғушылық» ұғымының мазмұны жағын нақтылау керек деп санаймыз.

1. Қылмыстық құқықта «өмірге қолсұғушылық» ұғымы «қылмысқа оқталу» ұғымының синонимі бола алады. Тек қасақана қылмысқа оқталу ретінде бағалануы мүмкін [24].

2. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің «өміріне қолсұғушылық» тек жәбірленуші өз қызметтік міндеттерін орындап жүрген кезде ғана болады.

Біздің ойымызша, бұл жағдайда жәбірленуші өлтіру жәбірленушінің заңсыз қызметтік міндеттеріне байланысты жасалса ҚР ҚК 99-бабының 1-бөлігі бойынша сараланады.

3. Қызметкердің өміріне қолсұғушылық жәбірленушінің және оның жақын туыстарының өміріне қауіпті және оларды қазаға ұшыратуға бағытталған әртүрлі әрекет (әрекетсіздік) нысанында болуы мүмкін. Оған қасқаана өлтіру мен қасақана өлтіруге оқталу, жәбірленушінің және оның жақын туыстарының өміріне қауіпті зорлық-зомбылықтың кез келген нысаны жатады [8].

ҚР ҚК 99-бабының 1-бөлігінің (Адам өлтіру) диспозициясы «Адам өлтіру, яғни басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату» мен ҚР ҚК 380-1-бабының 1-бөлігінің диспозициясы «Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылық, яғни қазаға ұшыратуға бағытталған қасақана әрекеттер» арасындағы ұқсастықты ескере отырып ҚР ҚК 380-1-бабының атауы мен ҚР ҚК 380-1-бабының диспозициясын «... өлтіру, сондай-ақ өміріне қауіпті қолсұғушылық» деп атаған дәлірек болар еді [8].

4. Өкінішке қарай, ҚР ҚК қолданыстағы редакциясы осы баптың диспозициясын кеңейте түсіндіру талап ететіндей саралауды қиындатып отыр.

ҚР ҚК 380-1-бабының диспозициясында өмірге қолсұғушылық «қазаға ұшыратуға бағытталған қасақана әрекеттер» деп нақтыланып тұрса, РФ ҚК 317-бабының (Құқық қорғау органы қызметкерінің өміріне қолсұғушылық) диспозициясында бұл жоқ, яғни құқық қорғау органы қызметкерінің, әскери қызметшінің, сондай-ақ олардың жақындарының өміріне сол лауазымды тұлғалардың қоғамдық тәртіпті күзету және қоғамдық қаіпсіздікті қамтатасыз ету бойынша заңды міндеттерін орындауына кедергі жасау не сол қызметі үшін кек алу мақсатында қолсұғушылық» деп айтылған» [24].

Ресей заң шығарушылары қызметтік міндеттерді орындау ұғымының шеңберін қоғамдық тәртіпті күзету және қоғамдық қаіпсіздікті қамтатасыз ету шеңберіне дейін тарылтқаны, ал Қазақстан заң шығарушылары Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әсіресе әскери қызметшінің мәртебесін реттейтін заңнамаға сәйкес функцияларына айтарлықтай кеңірек қарап қызметтік міндеттер шеңберіне қоғамдық тәртіпті күзету және қоғамдық қаіпсіздікті қамтатасыз ету шеңберімен шектелмей кеңейте түсіндірме бергенін байқау қиын емес [20].

ҚР ҚК 380-1-бабының диспозициясының мазмұны бойынша бұл бап формальды (қылмыстық құқық бұзушылық қоғамға қауіпті іс-әрекет жасалған сәттен бастап аяқталған болып есептеледі) немесе материалды құрамның қайсысына жататынын анықтау қиын (қылмыс заңда білгіленген салдарлар туған сәттен бастап аяқталған болып есептеледі) [8].

A. Iskakov, T. Akimzhanov, G. Zhunisbayeva ойларынша, қолсұғушылық «оқталу» сөзіне тең болып отыр, себебі қолсұғушылық кезінде де, оқталу кезіндегі сияқты кінәлі адамның қылмыстық әрекеті жәбірленушіні қазаға ұшыратпауы мүмкін [43, 373 б.].

Мысалы кінәлі адам құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерін, әскери қызметшіні өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарын өлтіру мақсатында жәбірленушіге оқ атқан, бірақ тигізе алмаған немесе оқ атуға тырысқан, бірақ оған басқа біреу кедергі жасап қалған кезді қылмысқа оқталу ретінде қарастырған жөн.

Қылмысқа оқталу кезінде не қылмыстық нәтижесі болмайды, не әрекеттер толық орындалмаған болады. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінінің өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылық, біз жоғарыда айтып өткеніміздей, қазаға ұшырауы да, ұшырамауы да мүмкін. ҚР ҚК 380-1-бабының 1 және 2-бөліктері [8].

Мысалы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінінің өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылық кезінде барлық әрекеттер жасалып, бірақ қылмыстық нәтиже болмаса не қылмыстық нәтижеге жету үшін қажет әрекеттердің бәрі жасалмаған болса, объективті жағы әрдайым қажет белгілеріне ие болатын аяқталған қылмыстан ерекшеленіп тұрады.

ҚР ҚК 380-1-бабында көзделген іс-әрекетті жасаудың салдарының болмауы туралы айтқан кезде, яғни құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерін, әскери қызметшіні өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарын қазаға ұшырату болмаған кезде қолсұғушылық фактісінің өзін осы қылмысқа оқталу ретінде қарастыруға болады [8].

Дегенмен егер өмірге қолсұғушылықты өлтіруге оқталу ретінде қарастырсақ, бұл формальды құра болады, ал егер ҚР ҚК 380-1-бабының диспозициясының мағынасын ескерсек, өмірге қолсұғушылық қазаға ұшыратуға бағытталған қасақан әрекет, яғни адам өлтіру болады да, бұл жерде қылмысты аяқталған деп тану үшін жәбірленушінің қазаға ұшырауы сияқты салдарының тууы қажет болатын материалдық құрамы туралы сұрақ туады.

Бұл құрамның ерекшелігі осы. Сонымен заңдағы ҚР ҚК 380-1-бабындағы «өмірге қолсұғушылық» ұғымы ғалымдардың ғана емес, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотның қосымша түсіндірмесін талап етеді. Себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей, ҚР ҚК 380-1-бабы ҚР ҚК Ерекше бөліміне 2017 жылы ғана енгізілген [8].

Мысалы осы қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын, жоғарыда айтып өткеніміздей, адам өлтіру, сондай-ақ құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылық (қолсұғушылыққа оқталу) ретінде материалдық құрам қатарына жатқызса қылмыстық-құқықтық ғылымдағы «өмірге қолсұғушылық» терминінен қатысты пікірталас аяқталып, ҚР ҚК 380-1-бабына жақсы түсіндірме беруге болар еді [8].

ҚР ҚК 380-1-бабы бойынша жауаптылық, ҚР Жоғарғы Сотының құқық қолдану практикасы мен түсіндірмесі көрсетіп отырғандай, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қолсұғушылық осы тұлғалардың өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты заңды қызметтеріне қарсы іс-қимыл не қызметтік міндеттерін орындауы бойынша үшін кек алу мақсатында болған кезде басталады.

Оның үстіне құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің әрекеттері тек заңға сәйкес болуға тиіс, әйтпесе адам өлтіру мен аам өлтіруге оқталу ҚР ҚК 99-бабының 1-бөлігіне сәйкес, яғни адам өлтіру немесе адам өлтіруге оқталу ретінде сараланады.

Бұл кінәлі адамның құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық әрекетінің бағыты қылмыстың объектісіне қатысты бірдей екенін білдіреді. Осы контексте адам өлтіру де, адам өлтіруге оқталу да қолсұғушылықтың негізгі объектісімен ажырамас байланыстағы бір іс-әрекетті білдіретіні сөзсіз. Сондықтан мұндай жағдайда объективті жағын бөлек ажыратуға болмайды.

Сондықтан мұндай іс-әрекет ҚР ҚК 380-1-бабы бойынша сарапануға тиіс. Сонымен қатар дайындалу әрекеттері жасалған болса, мысалы ҚР ҚК 380-1-бабында көзделген қылмысты жасау үшін қару сатып алған болса, бұл қылмысты ҚР ҚК 24-бабының 3-бөлігі мен 380-1-бабы бойынша саралау керек, себебі дайындалу әрекеттері «өмірге қолсұғушылық» ұғымына кірмейді, себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей, қолсұғушылық ұғымы оқталу ұғымының синонимі.

Бірақ біздің жағдайымызда, ҚР ҚК 380-1-бабында көзделген іс-әрекетті саралау кезінде әңгіме тек аяқталған қылмыс туралы болып отыр [8].

Тиісінше ҚР ҚК 380-1-бабына сәйкес құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне қолсұғушылықты ҚР Қылмыстық кодексінің басқа баптарымен еркін саралауға болмайды да, осы әрекеттерге ҚР ҚК 55-бабының 4-

бөлігінің ережелерін қолдану-қолданбау мәселесін шешуге басқа тұрғыдан қарауға да болмайды. Сонымен қатар қылмыстық заң соттың осы қылмысты жасаған адамды жазалау мәселесін жәбірленушің қазаға ұшырауы қолсұғушылықтың нәтижесінде болғаны-болмағанын ескере отырып дифференциалды шешуіне мүмкіндік береді.

К.С. Карбеков, Н.Д. Тлешалиев ойларынша, қылмыстың материалдық құрамына оқталу кезінде ешқандай салдар болмайды дегенді білдірмейтінін айта кеткен жөн. Салдары болуы мүмкін, бірақ ол қылмыскердің көздеген салдары болмайды. Мысалы кінәлі адам адамды қазаға ұшырату үшін оқ атқан, бірақ денсаулығына зиян ғана келтірген. Бұл жағдайда өлтіруге оқталу (ҚР ҚК 24-бабының 3-бөлігі, 99-бабының 1-бөлігі), яғни кінәлі адам жасауға тырысқан қылмысқа оқталу болады [44, 32 б.].

Қылмыстың формальды құрамында оқталу заңда көрсетілген әрекеттер толық жасалмаған кезде де көрініс табады. Егер параны алмаған болса пара берушінің әрекетін бара беруге оқталу ретінде, ал делдалдың әрекетін делдалдыққа оқталу ретінде саралаған жөн (ҚР ҚК 24-бабының 3-бөлігі, 367-бабы, 24-бабының 3-бөлігі, 368-бабы). Егер аталған пара пара алушыға байланысты емес мән-жайлар бойынша алынбаған болса, оның әрекеті пара алуға оқталу ретінде сараланууға тиіс (ҚР ҚК 366-бабының, 24-бабының 3-бөлігі) [44, 34 б.].

Қандай да бір қылмысқа оқталған кезде жасалған әрекеттер кінәлінің пиғылын жүзеге асыруға бағытталғанын анықтау маңызды. Егер адамның әрекетерінің мақсаты басқа болса, ол әрекеттерді жасағаны қылмысқа оқталу болып саналмайды.

Субъективті жағынан қылмысқа оқталу тек тікелей пиғылмен сипатталады. Бұны қылмысқа оқталу кезінде кінәлінің әрекеттері әрдайым саналы және мақсатты түрде болатынымен түсіндіруге болады [44, 34 б.].

Ал пиғылы белгісіз (қылмыскердің санасындағы қылмыстық нәтиже нақты белгілі болмаған) болған кезде қылмысқа оқталу мәселесі кінәлі адамның әрекеттерін саралаған кезде маңызды. Мысалы кінәлі адам жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіруге тырысқан кезде санасында алдын ала денсаулыққа ауыр, ауырлығы орташа, жеңіл зиян келтіретінін нақтыламауы мүмкін.

Бұл жағдайда жауаптылық мәселесі былай шешіледі:

1. Пиғылы белгісіз болып денсаулыққа белгілі бір деңгейде зиян келтірсе, кінәлі адам нақты келтірген зияны үшін аяқталған қылмыс ретінде жауап беруге тиіс. Мысалы Р. аңшылық қаруынан кетіп бара жатқан М. бағытында оқ атқан кезде қоғамға қауіпті салдар туатынын алдын ала біледі, бірақ ол салдар дәл қандай болатынын нақтыламайды. Нәтижесінде М.-нің денсаулығына ауырлығы орташа зиян келіп. Р. сол үшін жауаптылыққа тартылған.

2. Егер зиян келтіруге тырысқан болса, бірақ зиян келмесе, кінәлі адам денсаулыққа жеңілірек зиян келтіруге оқталғаны үшін жауаптылыққа тартылуы керек (жоғарыдағы мысалда Р. денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруге

оқталғаны үшін жауаптылыққа тартылар еді.

Балама пиғылмен жасалған қылмысқа оқталу үшін жауаптылықты анықтау мәселесі біраз басқаша шешіледі. Балама пиғыл кезінде кінәлі адам алдын ала көрген қылмыстық нәтижелердің бірінің немесе басқасының туындауы мүмкін екенін біледі, бірақ қай нәтиженің де туындауын бірдей көздейді.

И.Ш.Борчашвилидің пікірінше, Бірақ алдын ала білген салдарлардың қауіптілігі төменірегуі туындаса, кінәлі аадам ауырырақ салдарға оқталғаны үшін, тіпті ол салдар туындамаса да, бірақ субъект сол салдардың туындағанын көздесе, жауапкершіліктен босатылмайды. Мысалы қандай да бір адам басқа адамды қазаға ұшыратқысы келген болса немесе ең болмағанда жарақат келтіргісі келген болса, адам өлтіруге оқталғаны үшін жауаптылыққа тартылады [45, 183 б.].

Сонымен біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты қарастырған «өмірге қолсұғушылық» ұғымының мазмұнының теориялық және практикалық маңызы зор, себебі құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылыққа бағытталған іс-әрекеттерді дұрыс саралаудың негізгі ережесі болып табылады.

1.2 Шетелдік қылмыстық заңнамадағы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық үшін жауаптылық

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық үшін жауаптылық түсінігінің теориялық аспектілерін қарап болғасын, алыс және жақын шетелдердің қылмыстық заңнамасын Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасына енгізу мүмкіндігі және енгізу шектерін талдауға көшейік.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өмірін олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін қолсұғушылықтан қорғау саласындағы шетелдік тәжірибе мен практикаға сүйене отырып оны Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық-атқару және қылмыстық-процестік заңнаманы реформалау саласында қолдану мүмкіндігі туралы сұрақ туады.

Бұл контексте біздің пайымдауымыздың желісі құқық рецепциясы сияқты санатта дамиды.

Рецепция (лат. Receptio – қабылдау) – мемлекетішілік құқықтық жүйенің басқа мемлекеттің ішкі құқықтық жүйесінің принциптерін, институттарын, негізгі сипаттарын қабылдауы, сондай-ақ сол қабылдаудың шегі.

Сонымен қатар қамтамасыз ету саласындағы шетелдік тәжірибені пайдалану біздің қоғамымыздың, оның құқықтық ерекшеліктерінің, менталитетінің және басқа да қырларының ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Тікелей қабылдау әрдайым оң нәтиже бере бермейді, кейде теріс ықпал етуі мүмкін.

Осыған байланысты қылмыстық юстицияның біз қарастырып отырған саласындағы заңнаманы әрі қарай дамыту үшін маңызды бірқатар ережелерге Қазақстан Республикасы ұлттық құқықтық жүйесінің мүмкіндіктері мен жиналған тәжірибені, сондай-ақ осы бағыттағы халықаралық ынтымақтастық әлеуетін ескере отырып тоқталып өтейік.

Халықаралық құқықтық реттеудің бар мәні халықаралық қатынастарға қатысушылар ұмтылған нәтижеге жету болғандықтан, белгілі орыс заңгері И.И. Лукашук «халықаралық-құқықтық нормаларды жүзеге асыру, әдетте, оны қабылдауға қарағанда әлдеқайда күрделірек және жауаптырақ мәселе» деген сөзі орынды [69, 10 б.].

Бұл мәселені шешу тек халықаралық құқық субъектілерінің халықаралық және ұлттық деңгейде халықаралық құқық нормаларын қабылдау мақсатында құқықтық және ұйымдастырушылық құралдардың белгілі бір жиынтығын имплементациялаудың оңтайлы механизмі болған кезде ғана мүмкін болады. Көп жағдайда халықаралық құқық нормаларын имплементациялау –ішкі ұйымдастырушылық-құқықтық механизмін осы мақсатта пайдаланып отырған егемен мемлекеттердің артықшылығы [47].

Сондай-ақ осы таңдаудың өзектілігі Қазақстан қылмыстылықпен күрес және сот төрелігін жүзеге асыру мәселелері бойынша бірқатар халықаралық-құқықтық шарттарды ратификациялағасын заңнамаға өзгертулер енгізу перспективасына байланысты айтарлықтай күшейе түседі [47].

Оның үстіне Қазақстан Республикасы қазіргі кезде Еуропалық Кеңестің қылмыстық қудалау саласындағы бірқатар конвенцияларының қатысушысы екенін ескеру керек.

Қазіргі кезде қылмыстық юстицияның дамуының екі үрдісі ең көп тараған болып отыр:

- біріншісі – басты мақсаты қажет кезде қылмысты ұлттық заңнамада бекітілген шеңберде қылмыстық рәсімдердің қатысушыларының құқықтары мен бостандықтарының есебінен қатал бақылау болып саналатын қылмысты (заңдылық пен тәртіп саясатын) бақылау тұжырымдамасы;
- екіншісі – басым құндылығы жеке адамның тіпті қылмыстылықпен күрес мақсатында да ешқашан шектеуге болмайтын құқықтары мен бостандықтары

болып саналатын формальды құқықтық рәсім тұжырымыдамасы. Біз жеке адамның құқықтарының кепілдігі институты мемлекеттің құқықтық жүйесінің элементтерінің бірі ретінде не сот төрелігінің мүддесіне, не жеке адамның мүддесіне басымдық бере отырып қылмыстық юстиция жүйесінің даму жай-күйін блдіретінін көре аламыз [48].

Таңдаудың күрделілігі осы аталған бағыттардың әрқайсысынің өз артықшылығы мен кемшілігінің бар екенінде жатыр.

Біріншісінің артықшылығы қылмыстық юстиция органдарының жұмысының тиімділігінің жоғары болуында, қылмыстық қудалауды азайту принципінің сақталуында. Дегенмен қылмыстылықпен күрес, оны азайту мен детерминантарын жою – жалпы әлеуметтік мәселе және оның шешімінің қаншалықты жақсы болатыны халықтың нақты өмір сүру жағдайына, қоғамдық және құқықтық санасына байланысты болады. Бұл факторлардың өзгеруі қоғам ең алдымен құқық бұзушылық фактілеріне заңды негізді және әділ жүзеге асыра отырып көзқарас танытуды талап ететін қылмыстық юстициямен тікелей байланысты. Сондықтан бұл жағдайда қылмыстық юстиция жүйесінің қызметінің нәтижесінің жоғары болуы тұрақсыз болуы мүмкін [49].

Екінші бағыттың қылмыстылықты шектеу саласында нәтижеге тез арада жету жағынан тиімділігі төменірек, заңның нақтылануына әкеліп соғады, соның кесірінен бүкіл сот төрелігі процесі шұбалаңқы болып, тиісті құқықтық процедуралар процестің мақсатына емес, құралына айналады да, нақты кінәлілікке емес, заң тұрғысынан кінәлілікке бағыт алып кету қаупі бар. Сонымен қатар қылмыстық юстиция органдарының қызметін әлеуеметтік бақылау мен халықтың құқықтық санасы өскен сайын шұбалаңқылық та өсе түседі [49].

Қылмыстық юстицияның дамуының басым бағыттарын таңдаған кезде қылмыстылықты бақылау мен процеске қатысушылардың құқықтарын, бостандықтарын қорғау жөніндегі құқық қорғау органдарының алдына қойған міндеттерінің диалектикалық бірыңғайлығы мен қарама-қарсылығына сүйенген жөн [50].

Қылмыстық юстиция саласындағы заңнаманың әрі қарайғы дамуы барысында ұстанатын құқықтық қатынастар жүйесінің өзін анықтап алу да маңызды мәселе [50].

Біздің зерттеуімізге қатысты ұғымдық заң тұрғысынан да, қарапайым тұрғыдан да) қабылдау деңгейіндегі маңызды кемшілік қылмыстық юстиция саласындағы құқық қорғау органдарының қызметі мәселесін қылмыстық жазаны орындау процесіндегі және осымен байланысты туатын құқықтық қатынастардың ерекшелігін ескермей қарай стереотипі болып отырғанын ерекше атап өткен жөн [50].

Осы орайда мәні бойынша парадокске толы, бірақ автордың пікірінше осы қабылдауға кедергі келтіріп отырған өзара байланысты элементтерге назар аударғымыз келеді [50].

Бұл мән-жай ең алдымен Қазақстанда юриспруденция ғылымында қылмыстық-құқықтық мәселенің құқық қорғау органы, арнаулы қызмет қызметкерін олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты қолсұғушылықтан қорғау жағынан жеткілікті түрде зерделенбегенін анық көрсетіп тұр. Тағы бір маңызды тұсы ұлттық қылмыстық-атқару саясаттың нақты және тұжырымдамалық негіздерінің жоқ болуы өз кезегінде осы бағыттағы ғылыми мектептің анық әлсіз тұсы болып отыр [51].

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықпен және түзету мекемелерінің қызметінің жаң жағдайында қолдану практикасына байланысты шараларды құқықтық реттеудің көптеген мәселелері зерттелмеген [3, 4].

Сонымен қатар осы параграфтің негізгі мазмұны мен түйіндерін қорытпай тұрып алдын ала айтар болсақ, Қазақстанда қазіргі кезде Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған жаңа құқықтық саясат тұжырымдамасында жаңа қылмыстық және оның құрамдас бөлігі болып табылатын қылмыстық-құқықтық саясатты қалыптастыру мен дамытудың негізгі алғышарттары қалыптасқан [6].

Бұл факторлар мыналар:

- мемлекеттің құқық қорғау жүйесінің толыққанды қызмет етуіне қажет ресурс санын бөлуге экономикалық қабілеті;
- демократияның даму, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, құқық бұзушыларға қатысты гуманизм көрсету деңгейі;
- азаматтардың құқықтық санасы мен рухани мұраты (идеалы);
- қылмыстылықтың деңгейі, құрылымы және динамикасы;
- қылмыстық заңнаманың жай-күйі және оны қолдану практикасы;
- қылмыстық-атқару заңнамасының дамуы және қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін сотталғандармен қарым-қатынастың халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестендіру;
- қылмыстық, қылмыстық-атқару құқықтары ғылымдарының даму деңгейі.

Қазақстандағы құқықтану ғылымындағы жоғарыда аталған кемшіліктерді белгілі бір деңгейде жоюға тырыса отырып алыс және жақын шетелдердің қылмыстық заңнамасындағы тәжірибені Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасына қабылдау мүмкіндігін қараймыз [6].

Отандық қылмыстық-құқықтық заңнаманы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық әрі қарай реформалауға қатысты пайымдар болсақ, дамудың әртүрлі модельдерін жүзеге асыруға болады.

Ол модельдерді, біздің ойымызша, үш басым бағытта көруге болады.

Біріншісі –заң шығарушы осыған дейін таңдаған, бұрынғы КСРО-ның негізгі мирасқоры ретінде Ресей қылмыстық құқығының доктриналық негізінің артықшылықтарына сүйенген қылмыстық саясат тұжырымдамасының шеңберінде дамыту.Оның үстінебұрынғы одақтас республикалардың жүргізіп отырған қылмыстық-құқықтық саясатының негізі ТМД елдері қабылдаған Модель Қылмыстық кодексі болып саналады.

Екіншісі – сот төрелігінің қоғамдық бақылау институттарына, әлеуметтік әділдік тұжырымдамасына, сот төрелігін қалпына келтіруге және жазаны орындаудың прогрессивті жүйесіне негізделген, көп деңгейде қылмыстық саясаттың «батыстық» стандарттарына сүйенген либералды принциптерін кеңінен енгізу және тарату.

Үшіншісі – Қазақстан Республикасының 2010-2030 жылдар кезеңіне арналған жаңа Құқықтық саясат тұжырымдамасының нақты ережелерін жүзеге асыру жолында жүргізілген жоғарыда аталған модельдердің ең тиімді элементтерінінің ақылға қонымды үйлесімі.

Г.Дж. Берман пікірінше, ағылшын-америка құқық жүйесіне тым көп көңіл бөлуді Батыс Еуропаны әлемнің орталығы ретінде қарастырған батыс құқық теориясы мен дәстүріндегі дағдарыстың күшейіп келе жатқанымен, ал XX ғасырдың 90-жалдарынан бастап бұл рольге Америка шығып келе жатқанымен түсіндіруге болады. Бірақ мәселе осы амбицияға қарамастан әлемдің кеңістік көпполярлы болмай отырғанында, ал Батыс оның құрамдас бөліктерінің біріне айналып отырғанында болып отыр. Батыс юриспруденциясы өкілдерінің өздерінің пікірінше, бұрын соңды табиғи болып көрінген құқық небәрі батыс құқығы ғана екен, ол құқықта да дәстүрлі құқықтың идивидуализациясы мен құқықтағы коллективизмге бет бұру арасында алшақтық жатқаны байқалады [52, 13 б.].

Сондықтан бұрынғы КСРО аумағына ағылшын-америка құқық жүйесін таратуға деген ұмтылыс батыс құқық жүйесін тарихи даму барысында дербес доктриналық мемлекеттік-құқықтық құрылысын жасақтап үлгермеген жас дамушы мемлекеттерге тарата отырып кез келген жолмен сақтап қалудың соңғы талпынысы ғана болып отыр.

С.Ф. Бычкова бұл тұрғыдан шетелдік заңнамадан алуға болатын кез келген норманы да, жаңа норманы да, сондай-ақ қылмыстық юстиция жүйесінің қызметінің негізінде жатқан сот төрелігі мен қылмыстық сот өндірісі принциптерін де Негізгі Заң – Қазақстан Республикасы Конституциясының тұрғысынан қарау керек [53, 15 б.], сондай-ақ конституциялық нормалар мен институттардың жаңа саяси жүйені қалыптастырудағы ролін қайта пайымдау керек деген ұстанымды ұстанады.

В.А. Лебедев, мұндай қайта пайымдауда ең алдымен елдің конституция тарихын, құқықтық саладағы (позитивті және негативті) дәстүр мәселесін, сондай-ақ отандық конституциялық процеске тікелей ықпал еткен әлемдік даму

тәжірибесін ескеруге тиіс екені сөзсіз [54, 9 б.].

Бұл тұрғыдан құқықтық институттарды Қазақстанға қатысты рецепциялаудың темірқазығы пен бағдары Қазақстан Республикасының 2021-2030 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы болуға тиіс.

Сонымен қатар халықаралық стандарттарға жақындау процесі кездейсоқ және жөнсіз болмауға тиіс.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өмірін олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықтан қорғауды қамтамасыз ету саласында шетелдік оң тәжірибені қабылдау мәселелеріне жалпы көзқарастарды пайымдадық.

Енді алыс шетелдердің қылмыстық заңнамасын қарастырайық.

В.Н. Додоновтың пікірінше, қылмыстық-құқықтық жүйелерді тек қолданыстағы қылмыстық заңнаманың нақты мазмұны мен формасы түріндегі заң өлшемдерін басшылыққа ала отырып санаттаған жөн, себебі «ұлттық сананың ерекшеліктері», «идея, және т.б. сияқты типологизация негіздерін пайдаланудың объективтілік деңгейі жеткілікті болмайды [55, 45 б.].

В.Н. Додонов, өз атаған нормативтік-құқықтық өлшемдерге сәйкес, қылмыстық құқықтың үш үлкен жүйесін бөліп көрсеткен:

1)роман-германдық (континентальдық);

2)англо-американдық;

3)мусульмандық.

Автордың пікірінше, кей елдерде осыларға қоса қылмыстық құқықтың аралас (гибридті) жүйесі бар. Одан бөлек, осы үш негізгі жүйенің (мұсылмандық қылмыстық құқық жүйесінен басқасының) қосалқы жүйелері (бұтақтары) мен топтары бар. Мысалы роман-германдық жүйе шартты түрде «шығыс» (посткеңестік елдердің қылмыстық-құқықтық жүйесі) және «батыс» қосалқы жүйелеріне бөлінеді [55, 35 б.].

И.А. Юрченко атап өткендей, роман-герман және англо-саксон құқық жүйелерінің ұқсастығы мазмұнында болса, айырмашылығы нысанында: англосаксондық құқық жүйесі прецеденттік құқыққа негізделген, ал роман-германдық құқықтың басты қайнар көзі – заң [56, 48 б.].

Н.Е. Крылова пікірінше, Еуропа елдерінің, роман-германдық құқық жүйесіндегі Франция, Италия, Германия және басқа елдердің, англо-саксондық құқық жүйесіндегі Англия, АҚШ, Британдық Ұлттар Достастығы елдерінің көпшілігі, Австралия, Жаңа Зеландия және басқа елдердің қылмыстық заңнамасын бағалай отырып, олардың басқару тәртібіне қарсы қылмыстармен күресте оңтайлы жолды табуға деген ұмтылысындағы өзіндік ерекшелігін атап өткен жөн. Бұндай ерекшеліктері кездейсоқтық емес. Бұл ерекшеліктерге қоғамның наразылық көңіл күйінің жоғары болуы мен азаматтардың құққық қорғау органдары өкілдерімен қақтығысқа жиі түсетіні, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етіп жүрген полиция

қызметкерлерінің денсаулығына әртүрлі деңгейдегі зиян келтіргені, кейде тіпті қазаға ұшыратқаны туралы фактілер тіркелгені себеп болған [57, 71 б.].

Ғылыми және практикалық қызығушылық тұрғысынан, Қазақстанның қолданыстағы қылмыстық заңнамасын ескере отырып, диссертацияда қарастырып отырған мәселелер бойынша шетелдік мемлекеттердің заңнамасына талдауды Германцияның (ГФР) Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің («Мемлекеттік билікке қарсылық көрсету») қылмыстың құрамының мына бөліктерін: қылмыстық іс-әрекетті жасауға жария шақыру (§ 111); қызметтік шешімді орындап жүрген қызметшіге қырсы іс-әрекет (§ 113); қызметтік шешімді орындап жүрген қызметшіге теңестірілген тұлағаларға қарсылық көрсету (§ 114) қамтитын алтынша тарауынан бастайық [57, 73 б.].

ГФР ҚК 113 § 1-бөлігінде заңдарды, құқықтық ескертулерді, үкімдерді, сот шешімдерін немесе өкімдерін орындауға тағайындалған лауазымды тұлғаларға немесе әскери қызметшіге осы қызметтік әрекеттерін орындау барысында күш қолдану арқылы қарсылық көрсету, күш қолданумен қорқыту немесе шабуыл жасау үшін жауапкершілік көзделген [57, 85 б.].

1 § 2-бөлігінде 113 § 1-бөлігінде көзделген әрекеттердің аса ауыр жағдайда жасалуы туралы айтылған. Заңдаса ауыр жағдай болып мына жағдайлар танылатыны айтылған: 1) орындаушы немесе сыбайлас қатысушы іс-әрекетті жасау барысында қолдану мақсатында қаруланған болса; немесе 2) іс-әрекетті жасаған адам лауазымды тұлғаның күш қолдану арқылы қазаға ұшырату немесе ауыр дене жарақатын келтіру қаупін төндірсе [57, 93 б.].

Н.Е. Крылова сөзінше, объективті жағынан ГФР ҚК 6-тарауындағы барлық қылмыстар тек белсенді әрекетпен жасалады.

ГФР ҚК 6-тарауының баптарынан көріп отырғанымыздай, ондағы мемлекеттік билікке қарсы қылмыстардан жәбірленушілер ҚР ҚК 16-тарауының нормаларында көзделгендерден ерекше [58, 65 б.].

ГФР ҚК 113 §-да осы норманың саралау құрамына жатқызылған (2-бөлім) күш қолдану арқылы қазаға ұшырату немесе ауыр дене жарақатын келтіру қаупін төндіру жауаптылық тудырады. Бұл бапта адам өлтіру мен өлтіруге оқталу үшін жауаптылық көзделмеген. Ол жауаптылық ГФР ҚК-не сәйкес 16-тараудың («Өмірге қарсы іс-әрекеттер үшін жауаптылық» – ГФР ҚК 211, 212, 213-баптарының нормаларындағы қылмыс түрлері үшін жалпы негізде пайда болады [58, 47 б.].

ГФР ҚК-де ҚР ҚК 16-Тарауындағы (380-1-бап) сияқты бұған арналған жеке бап жоқ. ГФР ҚК 226-227 параграфтарында ауыр дене жарақатын келтіру мен қазаға ұшыратуға әкеліп соққан дәл сондай дене жарақаты үшін жауаптылық көзделген [58, 55 б.].

И.Н. Бариций сөзінше, Францияның қылмыстық заңнамасын қарастырайық. Францияның Қылмыстық кодексінде біз талдау жүргізіп отырған қылмыстың құрамы 3-тараудың («Мемлекеттік билікке қолсұғушылық») төртінші

кітабының III бөлімінде («Мемлекеттік билікке жеке адамдардың қолсұғушылығы») көзделген [59, 25 б.].

Көріп отырғанымыздай, біздің заң шығарушыларымыз сияқты француз заң шығарушылары да 6-тараудың атауы мен III бөлімнің атауында «қолсұғушылық» терминін қолданған. Дегенмен Франция ҚК-нің ҚР ҚК-нен айырмашылығы біз қарастырып отырған қылмыстардың кең көлемін қамтитынында [59, 34 б.].

Оған Франция ҚК III тарауының («Мемлекеттік қызметтегі тұлғаға қатысты жасалған қорқыту әрекеттері туралы») 433-3-бабының 2-бөлігінің мазмұны дәлел [60].

Осылайша француз заң шығарушылары осы нормада аталған адамның тұлғасына қолсұғушылық деп те, мемлекеттік билік өкілдерінің тұлғасына қолсұғушылық деп те олардың арнайы міндеттерін орындауымен байланысты жасалған қасақана қазаға ұшыратуды түсінген.

Француз заң шығарушылары Франция ҚК 222-3-бабының азапту немесе қатігездік әрекеттері үшін жауаптылықты күшейтуді көздейтін 4-тармақшасында; ҚК 222-8-бабының өлтіру пиғылы болмаған, бірақ жәбірленушінің қазаға ұшырауына әкеліп соққан күш қолдану әрекеті үшін жауаптылықты көздейтін 4-бтармақшасында тарту көзделген [61].

Голландияның қылмыстық заңнамасын қарастырайық. Голландияның ҚК-д Францияның ҚК ережелеріне ұқсастық бар. Голландия ҚК 181-бабында мемлекеттік қызметшіге з қызметтік міндеттерін орындауымен байланысты дене жарақатын келтіру (1-бөлігі), айтарлықтай дене жарақатын келтіру (2-бөлігі), қазаға ұшырату (-бөлігі) үшін жауаптылық көзделген. Сонымен қатар егер дәл осы қылмыс адамдар тобымен жасалған болса және қызметшіні қазаға ұшыратуға әкеліп соққан болса, кінәлі адамды жазалау мерзімі 15 жылға түрмеге қамауға дейін өседі (ҚК 182-бабының 3-бөлігі) [62].

Польшаның қылмыстық заңнамасындағы нормалар біршама басқаша. Басқа адамдармен алдын ала келіскен және сөз байласқан (яғни қылмысты жасаудың топтық тәсілі) немесе мемлекеттік лауазымды тұлғаға немесе оның көмекшісіне өзінің қызметтік міндеттерін орындауы барысында немесе орындауымен байланысты атыс қаруын, пышақ немесе басқа осыған ұқсас затты не есеңгіретететін құралдарды пайдалана отырып белсенді шабуыл жасау Польша ҚК 223-бабына сәйкес осы мән-жайдың саралау белгілері болып танылады [63].

КР ҚК VIII тарауында («Лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі жасаумен байланысты қылмыстар») 136-бапта («Лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі жасау») лауазымдық өкілетін орындап жүрген лауазымды тұлғаға қатысты күш қолдану немесе күш қолданумен қорқыту үшін жауаптылық көзделген (1-бөлігі).

Одан кейін лауазымды тұлғаға қатысты оны лауазымдық өкілеттігімен байланысты әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеу мақсатында не оны лауазымын тастап кетуге мәжбүрлеу мақсатында күш қоданған немесе

қорқытқан адам жазаланатыны айтылған [63].

Көріп отырғанымыздай, Корей Республикасы ҚК 136-бабында мемлекеттік билік өкілдеріне (мемлекеттік лауазымды тұлғаларға) қатысты өз қызметтік міндеттерін орындауымен байланысты немесе орындап жүрген кезде күш қолдану үшін ғана жауаптылық көзделген (Осыған ұқсас нормалар басқа шетелдердің де, мысалы Қытай Халық Республикасының, Швецарияның, Швецияның, Данияның, Аргентинаның, Жапонияның ҚК-терінде де бар) [64].

Сонымен қатар Швеция ҚК 17-тарауының («Қоғамдық қызметке қарсы қылмыстар туралы») күш қолданудан немесе қорқытудан жәбірленушілер қатарына мемлекеттік қызметшіні ғана емес, сондай-ақ бұрын билік өкілеттігін жүзеге асырған және сол қызметінде жүрген кезде істеген немесе істемег н әрекеті үшін шабуылға ұшыраған адамды да жатқызатын 1-бабына назар аудару керек [65].

Швецияның ҚК мен ҚК ҚК 380-1-бабының ережелерін салыстырмалы талдау барысында мынадай жағымды сәттер байқалады. Швеция заң шығарушылары билік өкілеттігін тікелей жүзеге асырып отырған адамдардың ғана емес, дәл осы өкілеттікті бұрын да жүзеге асырған адамдардың өмірі мен денсаулығын қылмыстық заңмен қорғаған [65].

Дегенмен заңға осы санаттағы адамдарға қатысты іс-әрекет жасаған адамның пиғылында оның бұрын кәсіби қызметін орындағаны үшін кек алу мақсатында қасақана жасағаны анықталған және тергеуде дәлелденген болса деген ескерту енгізілген.

Біздің ойымызша, Қазақстан заң шығарушыларының заң шығару барысында Швецияның заң шығарушыларының қылмыстылықпен күрес практикасындағы осы жағымды ұстанымын ескергені жөн болар еді.

Бұл ҚР ҚК 380-1-бабының қазіргі кезде де және бұрын да қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі заңды әрекетті жүзеге асырған адамдардың өміріне қолсұғушылықтан қорғауды қамтамасыз ету саласындағы алдын алу әлеуетін көп жағынан күшейтер еді. Оның үстіне бұрын құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері, әскери қызметші болған адамдар мен зейнеткерлердің көбі әдетте бұрынғы әрптестерімен тығыз байланыста болады және зейнеткерлер арасындағы әртүрлі ардагерлер ұйымдарының мүшесі болады [8].

Швеция заң шығарушылары біз қарастырып отырған қосұғушылықтан жәбірленушілерді анықтау мәселесінде бұдан да тереңірек қарастырған. ҚК 17-тарауының 1-бабында көрсетілгендерге қосымша «мемлекеттік қызметшіге көмектесуге шақырылатын немесе шақырылған адамды да осылай қорғау көзделген» деген (Швеция ҚК 17-тарауының 5-бабы), яғни бұл жерд мемлекеттік қызметшіге билік өкілеттігін жүзеге асыру барысында көмекке шақырылған кез келген азаматтық және басқа адамдар туралы айтылған [65].

ҚазКСР 1959 жылғы ҚК-нің милиция қызметкерлеріне қоғамдық тәртіпті

қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмек көрсеткен халық сақшаларын қорғау туралы норма 173-1-бабы осындай болған сияқты. Швеция заң шығарушыларының бұл тәжірибесі Қазақстан заң шығарушыларын осы мәселедегі Кеңес дәуіріндегі тәжірибені қайтаруға итермелеуі тиіс деген ойдамыз.

Бұл мәселеде Дания заң шығарушыларының көзқарасы қызық. Данияның ҚК 14-тарауының 123 §-да («Мемлекеттік билікке және т.б. қарсы қылмыстар») мемлекеттік өкілеттілікті жүзеге асыруға күш қолдану арқылы қолсұғушылықтың жәбірленушілері қатарына мемлекеттік қызметшілермен, олардың жақын туыстарымен, достарымен қатар олармен байланысты басқа кез келген адамды жатқызады. Бірақ қандай байланыс екені заңда ашық аталмаған [66].

Н.Е. Крылова ойынша, АҚШ қылмыстық заңнамасын қарастырайық. АҚШ Федеральды заңы дене жарақатын келтірген, қызметтік міндеттерін атқаруына кедергі жасаған және осы адамдарға қатысты басқа да қылмыстарды жасаған кінәлі адамдарды қудалайды (АҚШ заңдар жинағының 18-бөлімнің «Қылмыстар және қылмыстық процесс» 1, 18, 21, 51, 93, 102-тараулары) [58, 43 б.].

И.Д. Козочина, сөзінше заңдар жинағының 16 §-да «зорлық-зомбылық қылмыстары» терминіне анықтама берілген: «(a) адамға немесе бөтеннің мүлкіне қатысты күш қолдану, қолдануға оқталу немесе күш қолданумен қорқыту элементтерін қамтитын қолсұғушылық; немесе (b) сипаты бойынша адамға немесе бөтеннің мүлкіне қолсұғушылық жасау барысында күш қолдану мүмкін екенін білдіретін айтарлықтай қауіпті қамтитын фелония болып табылатын басқа қолсұғушылық» [67, 56 б.].

Біз талдап отырған параграфта адамға және бөтеннің мүлкіне қатысты нақты күш қолдану да, күш қолданумен қорқыту сияқты зорлық-зомбылық қылмысының міндетті белгісі болып табылады.

ҚР ҚК-де де, басқа мемлекеттердің біз қарастырған заңдарында да «зорлық-зомбылық қылмыстары» ұғымына анықтама берілмеген. Кейбір елдердің ҚК-де қылмыс ұғымы болса да осылай (мысалы ҚР ҚК 10-бабы, ГФР ҚК 12 § «Қылмыстар және теріс қылықтар») [68].

Осылайша АҚШ пен оның кейбір штаттарының (Нью-Йорк, Техас) қылмыстық заңнамасында құқық қорғау органы қызметкерінің өміріне қолсұғушылық үшін жауаптылықты анықтау мәселесі Қазақстан мен басқа Еуропа елдеріндегі қылмыстық құқықтың қайнар көзінен ең алдымен мыналармен ерекшеленеді: а) негізгі қылмыстық-құқытық санаттарға, оның ішінде «қолсұғушылық» ұғымына егжей-тегжейлі түсіндірме береді; ә) осы қылмыстардың құрамының ҚР ҚК-де жоқ қосымша белгілерін (мысалы қайталануы, бірнеше рет жасалуы) көздейді, сондай-ақ оларды жасағаны үшін жеткілікті түрде қатал санкциялар көзделген (мысалы зорлық-зомбылық фелониясын бірнеше рет жасағаны үшін жаза мөлшерінің ең төменгі шегі көрсетілген, ал ең жоғарғы шегі шектелмеген) [69].

Біздің Еуропаның әртүрлі елдері мен АҚШ-тың қылмыстық-құқық қайнар

көздеріне жасаған салыстырмалы талдауымыз олардағы құқық қорғау органы қызметкеріне қолсұғушылық үшін жауаптылық дербес дамығанын, бірақ атап өтуге болатын бірер ұқсас сәттері бар екенін көрсетіп отыр [69].

Бұл ең алдымен континентальды заңнамада бұл қылмыстарды мемлекеттік билікке қарсы қылмыстар тобына жатқызатыны болып тұр.

Оларда жәбірленуші ретінде заңдарды, құқықтық ескертулерді (ГФР ҚК және Франция ҚК), мемлекеттік билік бұйрықтарын (Франция ҚК) атқаратын лауазымды тұлғалар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер болады [68].

Біз қылмыстық заңнамасын қарастырған мемлекеттердің заң шығарушылары басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың жәбірленушілері қатарына бүкіл мемлекеттік аппаратты қоса отырып, осы қылмыстардың объектісінің қоғамдық маңызын күшейте түскен, онысы, біздің ойымызша, мәжбүрлі болса да, жеткілікті түрде негізді шешім болып отыр [70].

Сонымен қатар Швецияның ҚК-де күш көрсетуден немесе күш көрсетумен қорқытудан жәбірленушілерге мемлекеттік қызметшілермен қатар егер қолсұғушылық бұрын қызметте болған кезінде жүзеге асырған әрекетімен байланысты болса бұрын билік өкілеттігін жүзеге асырған адамдар да жатқызылған [65].

Данияның ҚК-де мемлекеттік өкілеттілікті жүзеге асыруға зорлық-зомбылық қолсұғушылықтан жәбірленушілер тізімі тіпті кеңірек, яғни мемлекеттік қызметшілер, олардың жақын туыстары, достары және мемлекеттік қызметшімен байланысты кез клеген адам жатқызылған [66].

Техастың ҚК-де қылмыстың осы түрінен жәбірленушілер қатарына құқық қорғау органы қызметкерлерімен қатар өрт сөндірушілер мен пенитенциарлық мекеменің жұмыскерлері де жатқызылған.

АҚШ қылмыстық заңнамасының Еуропа елдерінің ҚК-нен айрмашылығы билік өкілдеріне қатысты адамдар мен мемлекеттік билікке қарсы қылмыстар туралы баптардың қорғауына алынған адамдар тізімінің ауқымы бұдан да кеңірек екенінде.

«Жақын шетелдердің» ҚК-теріндегі басқару тәртібіне қарсы қылмыстар үшін жауаптылық туралы нормаларды талдауға көше отырып Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы қатысушы мемлекеттерінің Парламентаралық Ассамблеясының жетінші пленарлы отырысында қабылданған (1996 жылғы 17 ақпандағы N7-5 қаулы) Модельді Қылмыстық кодекстің (2006 жылғы 16 қарашадағы өзгертулерімен) «Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар» 33-Тарауының 310-бабынан (Билік өкіліне қатысты күш қолдану) бастайық [71].

Бұл бапқа ескертуде билік өкілі ұғымына анықтама берілген (Осы Кодекстің осы және басқа баптарында билік өкілі деп мемлекеттік билік органында немесе жергілікті өзін-өзі басқару органында қызмет атқаратын және белгіленген тәртіппен өзінің қызметтік бағынышына кірмейтін ұйымдар мен

азаматтарға қатысты өкім ету өкілеттігіне ие тұлға танылады) [71].

Қалыптасқан мемлекетаралық, оның ішінде қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қатынастарды ескере отырып мағынасы мен мазмұны бойынша ең жақынырағы Ресей Федерациясының қылмыстық заңнамасы болып отыр. РФ ҚК «Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар» 32-тарауының 317-бабының (Құқық қорғау органы қызметкерінің өміріне қолсұғушылық) сипаты ҚР ҚК 380-1-бабының мағынасы мен мазмұнына жақын. Дегенмен атауы тек құқық қорғау органы қызметкері десе де, баптың диспозициясында әскери қызметшілер туралы да айтылған. Одан бөлек РФ ҚК 317-бабының ҚР ҚК 380-1-бабынан ерекшелігі өмірге қолсұғушылыққа оқталу ұғымын «қазаға ұшыратуға бағытталған қасақана әрекет» ретінде беретіні, сондай-ақ қылмыстық-құқықтық қорғаудың аясына жататын адамдар шеңберінің тарырақ екені, яғни мемлекеттік инспектордің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының жоқ екені. Сонымен қатар РФ ҚК 317-бабында қызметтік міндеттері «қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамды қауіпсіздікті қамтамасыз ету» деп шектелгені, ал ҚР ҚК 380-1-бабында ҚР ҚК 380-1-бабының диспозициясында аталған лауазымды тұлғалардың қызметін реттейтін ҚР Заңдарында көзделген қызметтік міндеттерді көрсеткені [8, 20].

Молдованың 2002 жылғы Қылмыстық кодексіндегі көзқарас басқаша. Бұл кодекстің XVII тарауында («Жария билікке және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар») 349-бап («Лауазымды тұлғаға немесе қоғамдық борышын орындап жүрген адамға қатысты қорқыту немесе күш қолдану») бар. Бұл баптың ҚР ҚК 380-1-бабынан ерекшелігі мынадан көрініс табады. Молдова ҚК 349-бабының 1-бөлігі өлтірумен қорқыту, дене жарақатын келтіру немесе денсаулығына басқа зиян келтірумен қатар полиция қызметкерінің не басқа лауазымды тұлғаның не олардың жақын туыстарының мүлкіне қызметтік немесе қоғамдық қызметін тоқтату не қорқытуды жасаған не басқа адамның мүддесіне өзгерту мақсатында зиян келтіргені үшін жауаптылық көзделген [72].

Көріп отырғанымыздай, Молдова ҚК-де 349-бапта аталған жәбірленушілер ғана емес, сонымен қатар оларға тиесілі мүліктер де қорғауға алынған, ал РФ ҚК (318-бабы) құрамында мұны көре алмаймыз [72].

Молдова ҚК 349-бабының 2-бөлігінде осы норманың 1-бөлігінде көрсетілген әрекеттердің мынадай жолмен жасалуының саралау құрамы көрсетілген: 1-бөлігінде көрсетілген адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолданумен; көп адамның өміріне немесе денсаулығына қауіпті құралдармен мүлкін жоюмен; ірі мөлшердегі мүліктік зиян келтірумен; немесе басқа ауыр салдарға әкеліп соққан [72].

ҚР ҚК 380-1-бабының Молдова ҚК-нің полиция қызметкерінің, ішкі істер органдарының басқа қызметкерлерінің немесе қоғамдық тәртіпті қорғау мен қылмыстылықпен күрес жөніндегі қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген басқа адамның жеңіл немесе ауыр дене жарақатын келтірген не

денсаулығына басқа да маңызы жғынан болмашы зиян келтірген өміріне қолсұғушылық үшін жауаптылықты көздеген 350-бабымен («Полиция қызметкерінің өміріне қолсұғушылық», 1-бөлігі) ұқсастығы бар. Молдова ҚК 350-бабының 2-бөлігінде полиция қызметкерінің өміріне ауыр дене жаратақын келтірген немесе денсаулығына басқа ауыр зиян келтірген; адамның қазаға ұшырауына әкеліп соққан қолсұғушылықтың саралау белгілері көрсетілген [72].

Көріп отырғанымыздай, Молдованың ҚК 350-бабының ҚР ҚК (380-1-бабы) осыған ұқсас нормасынан ерекшелігі полицияның өміріне қолсұғушылық үшін ғана жауаптылықтың көзделгені. ҚР ҚК 380-1-бабында құқық қорғау органымен қатар арнаулы мемлекеттік орган қызметкері, әскери қызметші, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторы, қорықшы және олардың жақындары жәбірленуші болуы мүмкін [72].

Сонымен қатар МР ҚК 349-бабында ҚР ҚК 380-1-бабындағыға ұқсас жәбірленушілердің қатары көрсетілген. Біз қарастырып отырған қылмыстардың құрамы Молдованың ҚК-нің мемлекетке, оның жоғарғы лауазымды тұлғаларына, қоғамдық және экономикалық қауіпсіздігіне және т.б. қарсы қылмыстарды қамтитын XVII тарауына (338-362 б.б.) енгізілгеніне назар аударған жөн [72].

Қырғыз Республикасы мен Тәжікістан Республикасы Қылмыстық кодекстерінде басқару тәртібіне қарсы қылмыстар ҚР ҚК-дегіге ұқсас реттелген [19].

Молдованың ҚК XVII тарауында көрсетілген баптарға ұқсас баптар ҚР ҚК-де тектік объектілері бойынша X бөлімнің («Мемлекеттік билікке қарсы қылмыстар») 29-тарауына («Мемлекеттің конституциялық құрылысының негіздеріне және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар») біріктірілген [72].

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы ҚК-нің 16-Тарауында («Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар») қылмыстық құқық бұзушылықтардың мынадай құрамдары көрсетілген: «Билік өкілін қорлау» (378-бап); «Билік өкіліне қатысты күш қолдану» (380-бап); «Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық» (380-1-бап); «**Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторына, қорықшыға қатысты күш қолдану» (380-2-бап); «Прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамау» (381-бап) [8].**

Украинаның қылмыстық заңнамасын қарастырайық. Украинаның ҚК 348-бабының («Құқық қорғау органы қызметкерінің, қоғамдық тәртіпті және мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі ұлттық құралымның мүшесінің немесе әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық») біз қарастырған басқа елдердің

қылмыстық заңнамасынан ерекшелігі осы аталған адамдарды және құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің жақын туыстарын олардың қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі қызметіне байланысты өлтіру мен өлтіруге оқталу тек жазаланатынында [73].

Сонымен қатар Украинаның ҚК 348-бабының ҚР ҚК 380-1-бабынан ерекшелігі арнайы мақсаты – жәбірленушінің өз қызметтік міндеттерін немесе қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі қызметін атқаруына кедергі келтіруі, сондай-ақ сол қызметі үшін кек алуы туралы айтылмауы [73].

Одан бөлек ҚР ҚК 380 және 380-1-баптарында құқық қорғау органдары қызметкерлерінің және билік өкілдерінің жақындарына қолсұғушылық туралы айтқан болса, Украина ҚК 342, 348-баптарында осы аталған адамдармен қатар жәбірленуші тек жақын туыстары ғана бола алады [8].

ҚР ҚК 380-1, 380-баптарында бұл ұғым әлдеқайда кеңірек түсіндіріледі. Украина ҚК-нің бұл нормасының тағы бір ерекшелігі мемлекеттік қызметшінің және билік өкілдерінің өмірін ғана емес, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті және мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі қоғамдық құралымның мүшелерін де тең қорғайтынында [8].

Бұл тұрғыдан Украина ҚК 342, 348-баптарында Украина заң шығарушылары Украина КСР қылмыстық заң шығару тәжірибесін сақтап қалған. Украина ҚК 348-бабының ерекшелігі қылмыстық жауаптылық 14 жастан басталатынында, ал ҚР ҚК 380 және 380-1-бабында жауаптылық 16 жастан басталады [96]. Украина ҚК-нің тағы бір ерекшелігі жеке нормада (349-бабы) билік өкілін немесе құқық қорғау органы қызметкерін кепілге алу үшін жауаптылық көзделгені. ҚР ҚК-де ондай адамды кепілге алу 261-бапта («Адамды кепілге алу») көрсетілген [73].

Белоруссияның 1999 жылғы Қылмыстық кодексінің 32-таруаында («Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар туралы») біз қарастырып отырған қылмыс түрлерінің құрамы аса ауырдан ауырлығы жеңілірегіне қарай көрсетілген [74].

362-бабында милиция қызметкерін өлтіргені үшін жауаптылық көзделген. Онда да Украинаның ҚК-дегі сияқты милиция қызметкерін қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерін атқаруына байланысты өлтіру он жылдан жиырма бес жылға дейінгі мерзімге немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға не өлім жазасына жазаланатыны айтылған [73].

Белоруссия заң шығарушыларының бұл көзқарасы қылмыстық заңда милиция қызметкерін өлтіргені үшін ғана осынша қатал жаза қолданылатынын нақты белгілегенін көрсетіп тұрды [74].

Біздің пікірімізше, ҚК-те жалпы құқық қорғау органы қызметкерінің өміріне қолсұғушылық үшін емес, оны өлтіргені үшін жауаптылықты көздесе дұрысырақ болар еді, себебі осы орайда аяқталған және аяқталмаған қылмыс үшін жауаптылықты дифференциациялауға және тергеу мен соттың кінәнің деңгейін анықтау мен жаза тағайындау кезіндегі көптеген қателерге жол бермеуге болар

еді.

Сонымен қатар Белоруссия заң шығарушылары біз қарастырып отырған қылмыс үшін жауаптылықты дифференциациялау мәселесін қарастырмаған. 362-бапта осы баптағы қылмыстардың құрамының нақты іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігіне, жасалған іс-әрекет үшін жауаптылықты әрі қарай дифференциациялауға, санкцияны таңдауға, ең бастысы жазаны индивидуалцизациялауға қосымша мүмкіндікті қамтамасыз етуге ықпал ететін саралау белгілері қарастырылмаған [74].

Белоруссия ҚК-не жасалған талдау осы Белоруссия ҚК 33-тарауына кірген қылмыстардың негізгі тікелей объекстісі басқару тәртібі, ал қосымша объектісі милиция қызметкерлерінің және оларға теңестірілген тұлғалардың өмірі, денсаулығы және қадір-қасиеті екенін көрсетіп отыр [74].

Бұл қылмыстардың объективті жағы белсенді әрекеттер – күш қолдану немесе күш қолданумен қорқытумен сипатталады.

БР ҚК 364-бабында көрсетілген қылмыстан жәбірленушілер қатарына милиция қызметкеріне жақын адамдар да енгізілген. БР ҚК 363-бабында қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерін орындау барысындағы басқа адамдар деп айтылған. БР ҚК 364-бабының құрамының субъективті жағы арнайы мақсаты мен себебін қамтиды. БР ҚК 363-бабында бұл белгілер жоқ [74].

Біз талдап отырған нормаларда БР ҚК-нің 363, 364-баптарын пайдаланумен байланысты осы екеуіне ортақ «күш қолдану» ұғымы мен оны жәбірленушілері мен субъективті жағына байланысты артық бөле бергені ерекшеленіп тұр.

Біз қарастырып отырған кодекстің біз назар аударған ерекшелігіне онда Белоруссияның қылмыстық заңнамасының басқару тәртібіне қарсы күш көрсету қылмыстары үшін жауаптылық мәселесіндегі дербестігін жатқызуға болады [74].

БР ҚК-не де, ҚР ҚК-не де және батыс елдерінің көбінің ҚК-не де ортақ нәрсе ондағы милиция (құқық қорғау органы қызметкерін, лауазымды тұлғаны) қызметкерін өлтіру үшін жауаптылықты қылмыстың жасалуының нақты мән-жайына, яғни саралау белгілеріне қарай нақты дифференциацияламағаны болып отыр.

Бұл орайда Балтық елдерінің қылмыстық заңнамасына назар аудару керек.

Эстония Республикасының Қылмыстық кодексінің 10-тарауының («Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар») 1842-бабында («Полиция қызметкеріне және оған теңестірілген тұлғаға қатысты күш қолдану») [75].

1842-баптағы полиция қызметкеріне теңестірілген адамдар ретінде шекара күзетінің қызметкерлері, түрме жұмыскерлері, сот орындаушылары, полиция көмекшілері, судьялар, прокурорлар және шартты түрде сотталған адамдарды және жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қадағалау жүргізетін адамдар танылады.

Литва Республикасының Қылмыстық кодексінің XLI тарауының («Мемлекеттік қызметшінің немесе жария әкімшілік функциясын атқаратын

адамның қызметіне қарсы қылмыстар») 286-бабында («Мемлекеттік қызметшіге немесе жария әкімшілік функциясын атқаратын адамға қарсылық көрсету») мемлекеттік қызметшіге немесе жария әкімшілік функциясын атқарып жүрген басқа адамға күш қолданумен немесе дереу күш қолданумен қорқытумен қарсылық білдірген адамға жауаптылық көзделген [76].

Литва Республикасының қылмыстық заңнамасын қарастырайық. ЛР ҚК 287-бабында («Мемлекеттік қызметшіні немесе жария әкімшілік функциясын атқаратын адамды қорқыту») мемлекеттік қызметшіге немесе жария әкімшілік функциясын атқаратын адамға кінәлі адмның немесе басқа адамның пайдасына әрекет етуді психикалық қысым қолдану арқылы талап еткен кінәлі адамның жауаптылығы бекітілген (1-бөіліг) [76].

Латвия Республикасының Қылмыстық кодексінің XXII тарауының («Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық іс-әрекеттер») біздің тақырыбымызға қатысы бар құрамында 269-бабында («Билік өкіліне және басқа мемлекеттік лауазымды тұлғаға шабуыл жасау» [77].

Әзірбайжан Республикасы Қылмыстық кодексінің 34-тарауында («Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар») Латвияның ҚК-дегі сияқты 315-бап («Билік өкіліне қатысты қарсылық көрсету немесе күш қолдану») бар. Бұл норманың 315.1 деп аталатын 1-бөлігіне сәйкес билік өкіліне қатысты оның қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты күш қолданумен қарсылық көрсету не оның жақын туыстарына қатысты өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш көрсету, сондай-ақ күш көрсетумен қорқыту үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. ҚК 315.1-бабында (ӘР ҚК 315.2-бабы) көрсетілген адамдарға қатысты өміріне немесе денсаулығына қауіпті күш қолдану бұдан қаталырақ (үш жылдан жеті жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айыруға) жазаланады [78].

Грузияның ҚК XL тарауының («Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар») 353-бабында қоғамдық тәртіпті қорғайтын адамға немесе биліктің басқа өкіліне қатысты қарсылық көрсету, қорқыту немесе күш қолдану туралы нақтырақ айтылған. 353-баптың 1-бөлігінде полиция қызметкеріне немесе биліктің басқа өкіліне қомғадық тәртіпті қорғауға кедергі жасау, қызметін тоқтату немесе өзгерту, сондай-ақ анық заңсыз іс-әрекетке мәжбүрлеу мақсатында күш қолданумен немесе күш қолданумен қорқытумен жасалған қарсылық көрсету үшін айыппұл салуға немесе үш жыл мерзімге дейін бас бостандығын шектеуге не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланау жауаптылығы көзделген [79].

353-бабының 2-бөлігінде дәл осы іс-әрекетті алдын ала сөз байласқан адамдар тобы жасаса қаталырақ жауаптылық (төрт айдан алты ай мерзімге дейін қамауға немесе жеті жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады) көзделген.

Өзбекстан Республикасы ҚК бесінші бөлімінің («Билік органдарының

басқарудың және қоғамдық бірлестіктердің қызмет тәртібіне қарсы қылмыстар») XV тарауында («Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар») бсқару тәртібіне қарсы зорлық-зомбылық қылмыстарға билік өкіліне немесе азаматтық борышын атқарып жүрген адамға қарсылық көрсету жатқызылған (ӨР К 219-бабы). Бұл іс-әрекет қызметтік міндеттерін атқарып жүрген билік өкілінің немесе азаматтық борышын орындап жүрген адамның құқыққа сай қызметіне белсенді қарсы іс-қимылдан (219-баптың 1-бөлігі); ҚК 219-бабының 1-бөлігінде көрсетілген адамдарды қызметтік міндеттерін атқарудан немесе азаматтық борышын орындаудан бас тартуға, сондай-ақ заңсыз әрекеттер жасауға (219-баптың 2-бөлігі) кез келген нысандағы мәжбүрлеу туралы айтылған [80].

Бұл қарастырылған нормалар бұрынғы КСРО, өазіргі тәуелсіз мемлекеттердің көбіндегі қолданыстағы заңнама құқықтық жүйелерінің тарихи жақындығына қарамастан басқару тәртібіне қарсы зорлық-зомбылық қолсұғушылықтардың тізімі мен олардың белгілерін өз ҚК-де қалыптастыру жолында ҚР ҚК-нен және басқа елдерден ерекше жолмен дамып келе жатқанын көрсетіп отыр [71].

Біз қарастырған ҚК-тердің ішінде Эстонияның кодексінде ғана полиция қызметкері мен оған теіестірілген адамдардың өміріне қолсұғушылық қарастырылған. Қалған мемлекеттердің (Латвия, Литва, Гурзия, Әзірбайжан, Өзбекстан) ҚК-де бұл жоқ. Өзбекстанның Қылмыстық кодексінде біз қарастырып отырған бабында құқық қорғау органы немесе милиция қызметкері, олардың жақындары немесе олардың жақын туыстары сияқты арнайы жәбірленушілерді бөліп көрсетілмеген, бірақ азаматтық борышын орындап жүрген адамға белсенді қарсылық көрсету (219-бап) немесе сотталғандарға террорлық көрсету мен жазаны орындау жөніндегі мекеме әкімшілігінің өкіліне шабуыл жасау (ӨР ҚК 219-бабы) үшін жауаптылық көзделген [75].

Біздің жекелеген шетелдік елдердің қылмыстық заңнамасына жүргізген таладуымыз мыналарды көрсетті: - диссертациялық зерттеуде қарастырылған және талданған шетелдік қылмыстық заңнамалар бізге мемлекеттік билік өкіліне қатысты жасалатын қылмыстардың бәрі тек белсенді әрекетпен жасалатынын; - бұл қылмыстардың құрамында мемлекеттік биліктің жәбірленуші өкілінің оғкн жүктелген фукнциялары мен заңды міндеттерімен, мемлекеттік биліктің бұйрығымен «баланйсы» қандай да бір түрде көрініс табатынын.

Мысалы қайталануы, бірнеше рет жасалуы) көрсеткен, сондай-ақ оларды жасағаны үшін жеткілікті түрде қатал санкциялар көзделген; - шетелдік ҚК-дің бірқатарында билік өкіліне қарсы қылмысты жасаған кезде қылмыстылық жауаптылықтан босатудың негіздері (Австралия, Швеция) немесе сол іс-әрекет үшін жазаны жеңілдететін мән-жайлар (Швеция, Қазақстан) көрсетілген; - Испания заңнамасындағы билік өкіліне қатысты қылмыс жасаған адамның қылмыстық жауаптылығын көздейтін тарауда қарулы күштер қатарында тұрған адамға (әскери қызметшіге) қатысты қылмыс жасағаны үшін қылмыстық

жауаптылықты көздейтін жеке бап (554-баптың 1-бөлігі) бар; - Украинаның ҚК-де мемлекеттік қызметшілер, билік өкілдері мен қомғадық тәртіп пен мемлекеттік шекараны қорғаумен айналысатын қоғамдық құралымдар мүшелері тең қорғалған. Онда біз қарастырып отырған қылмыстар үшін жауаптылық айтарлықтай дифференциацияланған қолсұғушылық үшін жауаптылық мүлде көзделмеген. Олар Қылмыстық кодекстерінің құрамына біз қарастырып отырған қылмыстардың себебі мен мақсаты сияқты белгілерін қоспаған. Оларда қылмыстық нәтижеге қарай жауаптылық жеткілікті түрде нақтыланбаған.

1.3 ҚР ҚК-дегі құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқыбұзушылық түрі ретіндегі жауаптылық.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық үшін жауаптылық мәселесіне кіріспес бұрын қылмыстық жауаптылықтың мазмұнына тоқталып өтейік.

Қылмыстық жауаптылық заңды жауаптылықтың бір түрі ретінде жалпы қылмыстық-құқықтық жүріс-тұрыстың құқықтық салдарын білдіреді.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық жауаптылық ұғымының мәнін әртүрлі түсіндірген көзқарастар бар.

А.И. Марцев қылмыстық жауаптылықты мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы деп түсіндірген, яғни қылмыстық жауаптылықтың мәні жазалауда екенін айтқан. Оның пікірінше, қылмыстық жауаптылық дегеніміз бір тарапы – мемлекет уәкілетті органдары арқылы өз құқығын жүзеге асыра отырып қылмыс жасаған адамға қылмыстық жазада көзделген ауыртпалықтар мен қиыншылықтарды жүктейтін, ал екінші тарап – құқықбұзушы өз міндетін орындай отырып ауыртпалықтары мен қиыншылықтарын көтеретін қылмыстық, қылмыстық-процестік және түзету-еңбек құқықтық қатынастарының жиынтығы» [81, 23 б].

Л.В. Багрий-Шахматовтың пікірінше, қылмыстық жауаптылықты құқықтық қатынастар субъектілерінің – қатысушыларының құқықтары мен міндеттері тұрғысынан қарастыру керек, яғни қылмыстық жауаптылық дегеніміз – құқық нормаларының ықпалымен құқықтық сипат алатын «тараптардың өзара құқықтары мен міндеттері» мазмұнындағы белгілі бір қоғамдық қатынастар жиынтығы» [82, 21 б.].

М.П. Карпушин, В.И. Курляндский пікірінше, бекітілген тәртіпте есеп беру міндеті: жауаптылық мәселесін шешудің бекітілген тәртібінен туатын белгілі бір құқықтық шектеулер (бұлтартпау шарасы, т.б.) жүктелуі, мемлекет атынан сотталуы және тиісті жазасын алуы. Қылмыстық жауаптылықтың пайда болу негізі болып, материалдық мағынасында, қылмыс жасау саналады. Осы сәттен

бастап қылмыстық-құқықтық қатынас пен оның ядросы – қылмыстық жауаптылық туады» [83, 17 б.].

Қазіргі орыс ғалымы В.В. Сверчковтың пікірінше, қылмыстық жауаптылықты екі аспектіде қарауға болады: позитивті және негативті, сондай-ақ оны тиісінше қолдауға немесе айыптауға ие болатын құқыққа сай немесе құқыққа қайшы жүріс-тұрыс субъектілеріне әлеуметтік-психологиялық ықпал ету түрі ретінде және қылмыстық-құқықтық негіз болған кездегі сол ықпалды қабылдау түрі ретінде қарастырған жөн [84, 85 б.].

Қылмыстық жауаптылықтың нақтырақ анықтамасын берген қазақстандық ғалым И.И. Рогов, К.Ж.Балтабаев пікірінше, қылмыстық жауаптылық дегеніміз – қылмыстық құқықбұзушылық жасаған адамға жүктелетін және мемлекеттің сол адамды теріс бағалайтынын білдіретін және оған жаза мен қылмыстық-құқықтық ықпал етудің басқа да шараларын қолдануынан тұратын заңды жауаптылықтың қылмыстық заңмен бекітілген ерекше түрі [85, 136 б.].

Мағынасы жағынан, қылмыстық жауаптылық қылмыс жасаған адамның белгілі бір деңгейдегі құқықтық шектеу түрінде көрініс табатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын орындау міндеті.

Қылмыстық құқықтың тарихында қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтың негізі туралы мәселе қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайға байланысты әртүрлі шешіліп келген. Қылмыс үшін қылмыстық жауаптылықтың негізі болып мыналар саналған:

1) іс-әрекеттің де, оны жасаған адамның да қоғамға қауіптілігі;
2) соттың сенімінше мемлекет атынан теріс бағаға лайық және сотталушының қылмыстық жауаптылыққа тартылуын талап ететін мән-жайлардың жиынтығы ретіндегі кінә;
3) қылмыстың заңдық белгілерінің жиынтығы ретіндегі қылмыс құрамы;
4) қылмыстың жасалу фактісі;
5) Қылмыстық заңда көзделген қылмыс құрамы белгілері бар іс-әрекет;

Қылмыстық жауаптылық институты құқық қолдану процесінде де, қылмыстық құқық ғылымында да үлкен рольге ие [85, 137 б.].

Ресей ғалымы В.Б. Малинин бұрын қылмыстық-құқық ғылымында қылмыстық жауаптылық қылмыстық құқықтың негізгі функциясы болса да, қылмыстық құқықтың ең басты қызметі қылмыстық жауаптылықты, оның дифференциация принциптерін және индивидуализациясын, жүзеге асыру нысандарын қалыптастыру болса да, қылмыстық жауаптылық теориясы мәселелеріне тиісті назар аударылмаған деген пікірі өте орынды [86, 3 б.].

Оның үстіне, Ресей ғалымы В.Ф. Лапшиннің пікірінше, қылмыстық жауаптылықтың мәні жайлы пікірлерге жасалған талдау қылмыстық құқық теориясында бұл мәселе түпкілікті шешілмегенін көрсетіп отыр. Демек қылмыстық жауаптылықтың мазмұнының екітүрлі екенін – заң шығарушылық және құқық қолдану санаттарында бөлінетінін атап айтқан ғалымдардың

пайымының дұрыс екенін мойындауға тиіспіз. Бірнші түрінде қылмыстық жауаптылық кез келген адамның құқығының шектелуі мен айрылуына қауіп төндіру сипатында болады. Қылмыстың нақты жасалуы мен оны жасаған адамдарды анықтауға байланысты емес. Қылмыстық жауаптылықтың заң шығарушы бекіткен орны ең алдымен ҚР Ерекше бөлімі нормаларының санкциясы, сонымен қатар қылмыстық заңның Жалпы бөлімінің кейбір институттарының нормалары болады. Екінші түрінде қылмыстық жауаптылық қылмыс жасаған адамға қолданылатын ықпал етудің негативті құқықтық шектеу түріндегі нақты шараны жүзеге асыру сипатында болады [87, 14 б.].

Қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың бір нысаны жазалау, сондықтан қазақстандық ғалым Б.К. Шнарбаевтың Қазақстан Республикасының Конституциясы адам мен оның өмірін ең қымбат қазынасы деп атағаны адам құқығына қысым көрсетуге болмайды дегенді білдірмейді деген пікірі өте орынды [88, 25 б.].

Б.К. Шнарбаев жаза мен қылмыс – бір-бірінсіз болмайтын өзара ажырамас ұғымдар. Жасалған қылмысқа міндетті жауап ретіндегі жаза адам құқығын белгілі бір деңгейде шектеп, құқығына қысым көрсетеді және жасалған қылмысқа жауап берудің әзірге негізгі нысандарының бірі болып отыр, сондықтан жасалған қылмыс үшін қылмыстық жаза түрін таңдауға жан-жақты және дифференцияланған көзқарас қажет [88, 46 б.].

Енді, қылмыстық жауаптылықтың нағыз мазмұнын біле отырып, оны зерттеу тақырыбына сай, яғни ҚР ҚК-тің құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықты құқықтық жауаптылықты көздейтін 380-1-бабына сай түсіндіруге болады.

ҚР ҚК 380-1-бабындағы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықтың қоғамға қауіптілігінің жоғары екенін көрсету үшін заң шығарушылар ҚР ҚК осы бабын жатқызған қылмыстық құқықбұзушылықтардың жалпы тобын қарастырайық [8].

Бұл бап ҚР ҚК «Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар» деп аталатын 16-Тарауына енгізілген. 16-тарауға ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 372-406-баптары жатады [8].

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар басқару тәртібін бұзудың ең қауіпті түрлері болып саналады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 16-Тарауында басқару тәртібін қылмыстық қолсұғушылықтан қорғайтын мазмұндағы біраз нормалар тобы бар.

Заң шығарушы 16-Тараудағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды қоғамға қауіптілігі деңгейі бойынша былай бөлген: қылмыстық теріс қылықтар – 23; онша

ауыр емес қылмыстар – 17; ауырлығы орташа қылмыстар – 21; ауыр қылмыстар – 12; аса ауыр қылмыстар – 2. Заң шығарушы аса ауыр қылмыстарға ҚР ҚК 380-1-бабының 1 және 2 бөліктерін жатқызған [8].

И.И. Рогов, К.Ж.Балтабаев пікірінше, басқару тәртібіне қарсы қылмыстарға азаматтардың мемлекеттік басқару органдарының басқару функциясын орындау бойынша қалыпты жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеті жатады [85, 45 б.].

Басқару тәртібі дегеніміз – белгілі бір мемлекеттегі қалыптасқан, мемлекеттік механизмнің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, тек белгіленген уәкілетті органдар жүзеге асыратын жалпыға ортақ және заңда бекітілген белгілі ереже [85, 71 б.].

Құқық қолдану практикасы көрсетіп отырғандай, уәкілетті органдардың басқару жұмысында уәкілетті органдардың өз ішінде (ішкі қатынастар) де, азаматтармен қарым-қатынасында (сыртқы қатынастар) да әртүрлі қарым-қатынастар тууы мүмкін.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық ҚР ҚК 380-1-бабын қарастыруға кіріспес бұрын осы бап кіретін басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар тобының жалпы ұғымын қарастырып өтейік [8].

Қылмыстық құқық ғылымында басқару тәртібіне қарсы қылмыстар ұғымына берілген әртүрлі анықтамалар бар.

Ресей ғалымы В.В.Сверчков, басқару тәртібіне қарсы қылмыстарды РФ ҚК 32-тарауында 317-330-баптарда қарастырылған мемлекеттік басқару органдарының жұмысының қалыптасқан тәртібіне лауазымды тұлғаларға қарсы іс-әрекет немесе олардың талаптарын орындамау және залал келтіретін не жеке тұлғаның, ұйымның, мемлекеттің заңмен қорғалатын мүддесіне зиян келтіру қаупін төндіру арқылы қолсұғатын қоғамға қауіпті қасақана іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) ретінде қарастырады [89, 604 б.].

Ресейдің тағы бір баспасында В.В. Чучаев басқару тәртібіне қарсы қылмыстарды басқарудың ұйымдастырушылық жүйесіне қолсұғатын және Ресей Федерациясының атқарушы билігінің қалыпты қызмет етуіне зиян тигізетін не зиян тигізу қаупін төндіретін қылмыстық заңда көрсетілген іс-әрекет ретінде қарастырады [90, 516 б.]

Қазақстан ғалымдары И.И.Рогов, К.Ж.Балтабаев, А.И.Коробеев пікірінше, басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз – басқару субъектісі болып табылмайтын азаматтардың басқару қатынастарына жасаған қылмыстық заңда тыйым салынған қолсұғушылығы [91, 338-б.]

Көріп отырғанымыздай, басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бәрін қолсұғушылықтың ортақ объектісі – мемлекеттік функцияларды атқарып отырған мемлекеттік басқару органдарының және лауазымды (уәкілетті) тұлғалардың қалыптасқан жұмыс тәртібі біріктіріп тұр.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл тобының қоғамға қауіптілігі мемлекеттік биліктің және басқа уәкілетті органдардың қалыпты басқару жұмысына олардың қалыпты жұмысының тұрақсызануына және бұзылуына, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін қарсы іс-әрекетінде жатыр.

Т.К.Акимжанов, Б.А.Торгаутова, А.Е.Рысалдиева пікірінше, бұл қылмыстар мазмұнындағы айырмашылығына қарамастан бір тарауға бір белгісі бойынша – тектік объектісі бойынша біріктірілген. 16-Тарауда көзделген іс-әрекеттердің барлық тобының жиынтығының тектік объектісі мемлекеттік басқару органдарының осы іс-әрекет осы органдар мен азаматтар арасындағы қатынастарды бұзатын қалыпты жұмысы болып саналады (тектік объект дегеніміз – қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастар тобы. ҚР ҚК Ерекше бөлімін жүйелеу өлшемі болып табылады [92, 41 б.].

Бұл топтағы қылмыстардың тікелей объектілеріне басқару саласындағы қоғамдық қатынастардың нақты түрлері (Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымының беделін қамтамасыз ететін билік органдарының қалыпты жұмысы, қоғамдық қатынастар, лауазымды тұлғаларды тағайындау, сайлау саласындағы басқару тәртібі, заңдық маңызы бар фактілерді құжатпен куәландыру тәртібі) жатады.

Бұл топтағы қылмыстардың кейбір түрлерінің қосымша объектісі билік өкілдерінің абыройы мен қадір-қасиеті, адамның қауіпсіздігі, өмірі мен денсаулығы болуы мүмкін.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар объективтік құрылымы жағынан әртүрлі. Басып көпшілігі қылмыстық әрекет нысанында көрініс табады, тек кейбіреуі ғана әрекет нысанында да, әрекетсіздік нысанында да жасалуы мүмкін (ҚР 387-бабы «Әскери қызметтен жалтару») [8].

Бұл топтағы қылмыстық құқық бұзшылықтардың кейбір түрлерінің қосымша (тікелей) объектілері (тікелей объект дегеніміз – қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуы нәтижесінде залал келтірілетін нақты қоғамдық қатынастар билік өкілдерінің абыройы мен қадір-қасиеті, адамның қауіпсіздігі, өмірі мен денсаулығы болуы мүмкін.

Алматы қаласы Әуезов аудандық сот тәжірибесіне сәйкес, 03.07.2019 жылы сотталушы Е.Әсембек өзінің кәмелет жасқа толмаған 2002 жылы туылған інісі Қ.Мелдебекті полиция қызметкерлері алып кеткенін естіп, Алматы қаласы, Өтеген батыр көшесі №78 мекен-жайда орналасқан Әуезов ауданы ПБ тергеу бөліміне келіп, ашуға бой алдырып және полиция қызметкерлеріне деген бас араздығы пайда болып сағат 21:30 шамасында аталған ғимаратын қарауылдап 1-ші бекетте

тұрған полиция қызметкердің бұйрығын тыңдамай ғимаратқа кіріп және 4-ші қабаттағы №407 қызметтік бөлмеде кәмелет жасқа толмаған інісі, онымен бірге заңды өкілі анасы О.Мелдебекова және қорғаушының қатысумен жауап алып жатқан тергеуші А.Қонқабаевқа кедергі келтірген. Аталған тергеуші оған ескерту жасап қызметтік бөлмеге кіруге болмайтынын, яғни дәлізде күтуін айтып қызметтік бөлменің есігін ішінен құлыптап алған [93].

Сол кезде сотталушы Е.Әсембек ашуға бой алдырып тергеу жүріп жатқан №407 қызметтік бөлменің есігін ұрып, теуіп айқайлап жан-жал шығара бастаған. №407 қызметтік бөлмеге көрші орналасқан №409 бөлмеде өз жұмысымен тергеу әрекетін жүргізіп жатқан жәбірленуші Ғ.Күмісбек шығып, №407 бөлменің есігін ұрып, теуіп жатқан Е.Әсембекке өзін полиция қызметкері екенін танстырып және тыныштық сақтауын айтып ескерткен. Айтқан ескертуді дұрыс қабылдамаған Е .Әсембек билік өкілінің өз лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты, қорлау және денсаулығына қауіпті емес күш қолдану қылмыстық ойы пайда болған. Ойға алған қылмысын ақырына дейін жеткізу мақсатында ол балағаттап, қорлап Ғ.Күмісбектің жағасынан екі қолымен шап беріп күштеп ұстап қылқындырып артқа қарай итеріп, саусағын тістеп алған. Оны көрген жедел уәкіл полиция капитаны Д.Рысбеков оны сабырға шақырып арашалай бастаған кезде сотталушы Е.Әсембек өзінің қылмыстық іс әрекетін белсенді жалғастыра Д .Рысбековтың сол иығынан күштеп оң қол жұдырығымен бір мәрте ұрып және сол жақ аяғынан бір мәрте тепкен [93].

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар конструкциясы тұрғысынан салдардың басталуын талап етпейтін формальды қылмыс құрамы болады. Кейбіреуінде салдардың басталуы іс-әрекеттің ажырамас құрамы болып саналады.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар субъективті жағынан кінәнің қасақана нысанының болуымен сипатталады.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың көбінің субъектісі 16 жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға. Жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықтар арнаулы субъектінің болуын талап етеді [8].

Қылмыстық құқық ғылымында басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бәрі қолсұғушылықтың тікелей объектісіне қарай шартты түрде үш топқа бөлінеді.

Белгілі қазақстандық ғалым И.Ш. Борчашвили басқару тәртібіне қарсы қылмыстарды тікелей объектісіне қарай 6 топқа бөлуді ұсынған (баптар 1997 жылғы ҚР ҚК бойынша көрсетілген):

1) Қазақстан Республикасының беделіне қолсұғушылық (ҚК 317-бабы);

2) билік өкілдері мен басқа тұлғаларға мемлекеттік органдардың басқару қызметімен байланысты қолсұғушылық (ҚК 318- 321-1, 322, 328 баптары); (немесе басқару қызметінің субъектілеріне олардың функцияларын жүзеге асыруына қарсы іс-әрекетке бағытталған).

3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының қол сұғылмаушылығына қолсұғушылық (ҚК 330, 330-1, 330-2, 330-3,331 баптары);

4) ресми құжаттардың және мемлекеттік наградалардың айналымы тәртібіне қолсұғушылық (ҚК 323-325 баптары);

5) басқару тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі жекелеген ережелерді бұзу (ҚК 326,327, 334- 337, 337-1, 338 баптары);

6) басқару тәртібіне қолсұғушылықтың арнайы түрлері (ҚК 329, 332, 333 баптары) [94, 370 б.]

Тағы бір Алматы қаласы Түрксіб аудандық соты тәжірибесіне сәйкес Сотталушы Б.К. Дюсембеков билік өкілінің өз лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты оған қатысты оның өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданған. Аталған қылмысты Б.К. Дюсембеков келесідей мән-жайларда жасаған [95].

2019 жылдың 23-қыркүйегінде, сағат 20.00 шамасында, сотталушы Б.К. Дюсембеков пен куә Б.К. Мармахинов, Алматы қаласы, Әлмерек шағын ауданы, Бейбітшілік көшесі, №46 үйдің жанында алкогольдік ішімдікті ішіп тұрған кезде, олардың құқыққа қарсы аталған әрекеттерін сол аумақта өзінің лауазымдық міндеттерін атқарып жүрген, яғни сол аумақта тұратын тұрғындардың шағымы бойыша кезекті бір шақыруға қызметтік көліктерімен кетіп бара жатқан және полиция қызметкерінің киімінде болған, Алматы қаласы Түрксіб аудандық полиция басқармасының учаскелік полиция инспекторлары Ж.С. Самбетов пен С.С. Гайдынгалиев көрген. Содан полиция инспекторы Ж.С. Самбетов қызметтік көлікпен шақыру бойынша әрі қарай кетіп, ал полиция инспекторы С.С. Гайдынгалиев автокөліктен түсіп, өзінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыра отырып, яғни жоғарыда аталған тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің жолын кесу және оларға тиісті шара қолдану мақсатында Б.К. Дюсембеков пен Б.К. Мармахиновтың қастарына келіп, оларға өзінің қызметтік куәлігін көрсетіп және өзінің аты-жөнін, лауазымын айтқан. Одан С.С. Гайдынгалиев арақ ішіп отырған Б.К. Дюсембеков пен Б.К. Мармахиновқа олардың құқыққа қарсы әрекет жасап тұрғандарын, яғни қоғамдық жерде алкогольдік ішімдік ішуге болмайтынын айтып, шара қолдану мақсатында олардан жеке куәліктерін көрсетуді сұраған [95].

Өз кезегінде Б.К. Дюсембеков құжаттары жоқ, үйде «керек болса, тексерсен үйге жүр» деп, аталған жерден кетуге ыңғайлана берген кезде, полиция инспекторы С.С. Гайдынгалиев оған тоқтай тұруын, планшет арқылы тексеретінін айтқан. Алайда алкогольден масаң күйде болған Б.К. Дюсембеков полиция инспекторы С.С. Гайдынгалиевтің заңды талабына құлақ аспай, оған балағат сөздер айтып, ал соңғысы кетпеуді айтқан кезде, оған билік өкілінің өз лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты, құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу туралы өкілеттіктерге ие екендігіне, яғни оның билік өкілінің болғандығына қарамастан және оның лауазымдық міндеттерін атқарып жүргенін жақсы біле тұра, алайда бұл мән-жайларды елемей, соңғысының формалық

жидесінің жағасынан ұстап, итеріп жіберген [95].

Одан кейін С.С. Гайдынгалиев өзінің әріптесі, яғни учаскелік полиция инспекторы Ж.С. Самбетовке хабарласып, оған аталған жерге келуді айтқан кезде, Б.К. Дюсембеков өзінің қылмыстық іс әрекетін жалғастырып, С.С .Гайдынгалиевтің жағасынан ұстап, қолымен мойнынан қылғындыра бастаған. Әрі қарай жоғарыда аталған жерге полиция инспекторы Ж.С. Самбетов келген кезде, Б.К. Дюсембеков өзінің қылмыстық әрекетін тоқтатпай, С.С. Гайдыгалиевке қарай қолын сермеген кезде, бір жұдырығы соңғының кеудесіне тиген. Әрі қарай Б.К. Дюсембеков учаскелік полиция инспекторы Ж.С. Самбетовтің заңға және лауазымдық ережеге сәйкес қоғамдық тәртіпті қорғау, құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу туралы өкілеттіктерге ие екендігіне, яғни оның билік өкілінің болғандығына қарамастан және оның лауазымдық міндеттерін атқарып жүргенін жақсы біле тұра, алайда бұл мән-жайларды елемей, соңғының заңды талабына бағынбай, өзінің қылмыстық іс әрекетін жалғастырып, Ж.С. Самбетовтің формалық жидесінің жағасынан ұстап, оның мойнынан қылғындырған. Одан кейін де Б.К. Дюсембеков полиция қызметкерлерінің заңды талабына бағынбай, полиция инспекторы Ж.С. Самбетовтің үстіндегі қызметтік жидесін және қызметтік шалбарын жыртқан [95].

Дюсембеков Бакытжан Кизатович Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 380-бабының 1-бөлігінде көрсетілген қылмысты жасауда кінәлі деп табылып, оған аталған бап бойынша 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындаған [95].

Қазақстандық келесі бір ғалым А.В. Наумовбасқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды 8 топқа бөлуді ұсынады:

1) Билік өкіліне қолсұғушылық (ҚР ҚК 373, 374, 375, 376, 377, 378, 379, 380, 381, 382 баптары);

2) Мемлекеттік шекараның қол сұғылмаушылығына қолсұғушылық (ҚР ҚК 392, 396 баптары);

3) Ресми құжаттардың, мемлекеттік наградалардың және басқа да арнайы мақсаттағы құралдардың айналымы тәртібіне қолсұғушылық (ҚР ҚК 383, 384, 385, 386, 399 баптары);

4) Қарулы күштерді жасақтау және қызметті өтеу тәртібіне қолсұғушылық (ҚР ҚК 387, 388 баптары);

5) Мемлекеттің беделіне қолсұғушылық (ҚР ҚК 372, 391 баптары);

6) Мемлекеттік және қоғамдық институттардың және басқа да қалыптасқан ережелердің өзара әрекеттестігі принциптерін бұзумен байланысты қолсұғушылықтар (ҚР ҚК 393, 394, 395, 397398, 403, 404, 405, 406 баптары) [96, 105 б.].

Бұл мәселеде Ресей ғалымдарының басқару тәртібіне қылмыстардың бәрін тікелей объектісіне қарай 3 және 4 топқа бөлген көзқарастары қызық.

А.И.Коробеев басқару тәртібіне қарсы қылмыстарды төрт топқа бөлуді

ұсынған:

1. Ресей Федерациясының мемлекеттік билігінің беделіне және Мемлекеттік шекарасына қол сұғылмаушылығына қолсұғатын қылмыстар (РФ ҚК 329, 322, 323 баптары).

2.Билік өкілдеріне және басқару қызметімен байланысты басқа тұлғаларға қолсуұғатын қылмыстар (РФ ҚК 317, 318, 319, 320, 321 баптары).

3. Құжаттармен және мемлекеттік наградалармен жұмыс істеудің бекітілген тәртібіне қол сұғатын қылмыстар (РФ ҚК 324, 325, 326, 327, 327-1 баптары).

4. Азаматтардың басқару саласында құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруының бекітілген тәртібіне қол сұғатын қылмыстар (РФ ҚК 328, 329 баптары) [97, 350 б.]

Ресей ғалымы В.В. Сверчковтың пікірінше, басқару тәртібіне қарсы қылмыстар жүйесін былай бөлу керек:

- адамның абыройына, қадір-қасиетіне, бостандығына, денсаулығына, өміріне қол сұғатын қылмыстар (РФ ҚК 317-321 баптары, ішінара 330 бабы);

- Ресейдің мемлекеттілігін қамтамасыз ету тәртібіне қол сұғатын қылмыстар (РФ ҚК 322, 322, 322-1-322-3, 323, 328, 329 баптары);

- құжаттарды, бланкілерді, мөртабандарды, мөрлерді, наградаларды, сәйкестік белгілерін дайындаудың бекітілген тәртібіне, меншік құқығын жүзеге асыруға, құжаттарды ұсыну жөніндегі міндеттерін орындауға қол сұғатын қылмыстар (РФ ҚК 324-327-1 баптары, ішінара 330, 330-1 баптары) [89, 604 б.]

Ресейлік тағы бір ғалым А.И. Чучаев басқару тәртібіне қарсы іс-әрекеттерді үш топқа бөлген:

1) Мемлекеттік басқару субъектілерінің қауіпсіздігіне қол сұғатын қылмыстар, РФ ҚК 317, 318, 320 баптары;

2) Мемлекеттік басқарудың билік жүргізуіне қол сұғатын қылмыстар (билікті құрметтемеу, билік беткіткен тәртіпті сақтамау, билік талаптарына бағынбау, билікке қарсы іс-әрекет), - РФ ҚК 319, 321, 322, 322-1, 323, 328, 329, 330, 330-1, 330-2 баптары;

3) Басқару қызметінің пәндеріне қол сұғатын қылмыстар, РФ ҚК 324, 325, 325-1, 326, 327, 327-1, 327-2 баптары [90, 519 б.]

Біздің ойымызша, Ресей ғалымдарының басқару тәртібіне қарсы қылмыстарды қолсұғушылықтың тікелей объектісінің негізінде төрт топқа жіктегені ең сәтті жіктеу болып отыр. жоғарыда аталған жіктеулерге сүйене отырып қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеудің басқару тәртібіне қарсы қолсұғушылықтардың мәнін дәлірек көрсететіндей өз нұсқамызды беруге тырысамыз.

Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы қылмыстық заңнамасындағы басқару тәртібіне қарсы қолсұғушылықтарды мынадай топтарға бөлуге болады.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірінші

тобына басқарудың нақты саласындағы өкілеттік берілген билік өкіліне және уәкілетті органдарға қолсұғушылықты жатқызуға болады (ҚР ҚК 373-382, 390 баптары).

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың екінші тобынамемлекеттік биліктің беделіне және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының қол сұғылмауына қол сұғатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жатқызуға болады (372, 391, 392, 396 баптар) [8].

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үшінші тобына құжаттарды және мемлекеттік наградаларды дайындаудың бекітілген тәртібіне қол сұғатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жатқызуға болады (ҚР ҚК 383, 384, 385, 386, 399 баптары) [8].

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың төртінші тобына Қарулы күштерді жасақтаудың және қызметті өтеудің бекітілген тәртібіне қол сұғатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жатқызуға болады (ҚР ҚК 372, 391 баптары) [8].

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бесінші тобына азаматтардың өз құқықтарын жүзеге асыруына қол сұғатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жатқызуға болады (ҚР ҚК 389, 390 баптары) [8].

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алтыншы тобына жария және басқа іс-шараларды өткізудің бекітілген тәртібіне қол сұғатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жатқызуға болады (ҚР ҚК 400, 401, 402 баптары) [8].

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жетінші тобына көші-қон, шетелдік жұмыс күштерін пайдалану, белгілер мен эмблемаларды заңсыз пайдаланудың бекітілген ережесіне қол сұғатын, сондай-ақ байланыс желілері мен құрылыстарын күзету ережесін бұзу қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жатқызуға болады (ҚР ҚК 394, 395, 397, 398 баптары) [8].

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың сегізінші тобына қалыптасқан қоғамдық тәртіпке және қоғамдық келісімге қол сұғатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді жатқызуға болады (ҚР ҚК 400, 401, 402, 403, 404, 405, 406 баптары) [8].

Біздің ойымызша, бұл жіктеуде ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 16-Тарауына енген басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бәрінің ерекшеліктері ескерілген.

Қазақстан Республикасының егемен дамуы кезеңіндегі мемлекеттік деңгейде жүргізіліп келе жатқан саясаттың нәтижесінде елде қылмыстылыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негізі қалыптасқан және ең бастысы – халықтың басым бөлігінде қоғамдағы криминалдық құбылыстарға жағымсыз көзқарас қалыптасқан [8].

Қазақстанның гүлденуі үшін басты міндеті оның тұрақтылығы мен құқықтық тәртіп, яғни елдегі қалыптасқан басқару тәртібін қамтамасыз ету

жүктелген уәкілетті органдардың қалыпты қызмет етуі және оған жасалған кез келген қолсұғушылық мемлекеттік қоғамда қалыптастырған ережелерін тұрақсыздандыруға әкеліп соғады.

Тағы бір мысал ретінде, 09.05.2018 жылды сағат 21.00 шамасында А.Қ.Қожахмет, Б.Б.Казиханов, А.А.Канаев және Б.И.Искаков Алматы қаласы, Райымбек даңғылы №237 «в» мекен-жайыда орналасқан «Шаған» қонақ үйі қасындағы кафе ішінде бола тұра, оларға бұзақылық, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемей, азаматтарға қарсы күш қолданумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу қылмыстық ойы келген. А.Қ.Қожахмет, Б.Б.Казиханов, А.А.Канаев және Б.И.Искаковтардың құрған ортақ жоспарлары бойынша өздері болған кафе маңындағы қоғамдық тәртіпті өрескел бұзып, оқиға болған жердегі М.А.Челих және Э.Амирасловқа қарсы күш қолдану болып табылған [98].

Осыдан кейін, А.Қ.Қожахмет өзі кезегінде кафе ішінде бола тұра, Э.Амирасловқа жақындап, оған балағат сөздер айта отырып, өзінің жұдырығымен соңғының көзіне соққы жасаған. Сонымен қатар, А.Қ.Қожахмет Э .Амирасловтың қасындағы М.А.Челикқа жақындап, оған балағат сөздер айта отырып, өзінің жұдырығымен оның көзіне соққы жасаған. Бұл кезде, Б .Б.Казиханов, А.А.Канаев және Б.И.Искаков А.Қ.Қожахметпен бірге кафе сыртына шығып, ол жерде бір біріне балағат сөздер айтып, шу шығарып, соңында бір-бірімен өзара төбелесіп Э.Амирасловқа тиесілі кафенің жұмыс тәртібін өрескел бұзған [98].

Сонымен, А.Қ.Қожахмет, Б.Б.Казиханов, А.А.Канаев және Б.И.Искаков бұзақылық, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін азаматтарға қарсы күш қолданумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу қылмыстық ойларын соңына дейін жеткізген, сонымен қатар, А.Қ.Қожахмет, Б.Б.Казиханов, А.А.Канаев және Б.И.Искаковтар өздерінің қылмыстық іс әрекеті арқылы Челик Мухаммет Али мен Амирасланов Элдарға қатысты күш қолданып, ары қарай, 09.05.2018 жылды сағат 21.45 амасында А.Қ.Қожахмет, Б.Б.Казиханов, А.А.Канаев және Б.И.Искаков Алматы қаласы, Райымбек даңғылы №237 «в» мекен жайы бойынша орналасқан «Шаған» қонақ үйі қасындағы кафе маңында бола тұра, олар оқиға орнына өз қызметттік міндеттерін атқаруына сәйкес мемлекеттік номері 1517 КР 02, борт номері №175, «Хюндай Элантра» маркалы қызметтік көлігімен келген Алматы қаласы ІІД ЖПП полкінің полицейлері С.Б.Скаков, Д.М.Мусабеков, А.А.Ордабаев және А .Ж.Ермагамбетовтарды көріп, оларға билік өкіліне қатысты күш қолдану, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, бірнеше билік өкілінің өз қызметттік міндеттерін атқаруына байланысты оларға қатысты өміріне не денсаулығына қауіпті емес күш қолдану қылмыстық ойы келіп, Б.Б.Казиханов және Б.И.Искаков өз кезектерінде құрған жоспарларына сай әрекет етіп, оң жақ артқы есік арқылы мемлекеттік номері 1517 КР 02, борт номері №175, «Хюндай

Элантра» маркалы қызметтік көліктен сыртқа шыққан Д.М.Мусабековтың қасына жүгіріп келіп, алғашқы екеуі өздерінің қолдарымен алма-кезек соңғының басына бірнеше рет соққы жасаған [98].

Сонымен қатар, Б.Б.Казиханов өзінің қолдарымен Д.М.Мусабековтың қызметтік киімінің жағасына жармаса жұлқылап, соңғының галстугі мен қызметтік жетонын жұлып алған. Бұл мезгілде, алдыңғы жүргізуші есігі арқылы мемлекеттік номері 1517 КР 02, борт номері №175, «Хюндай Элантра» маркалы қызметтік көліктен сыртқа шыққан С.Б.Скаков көліктің артқы жағында тұрған А.Қ.Қожахметке жақындаған уақытта А.А.Канаев өз кезегінде С.Б.Скаковтың артынан келіп, өзінің қолдарымен алма-кезек соңғының желке тұсына соққылар жасаған. Сол уақытта А.Қ.Қожахмет өзінің сыбайластарының әрекетін қоштай отыра, өз кезегінде қолдарымен С.Б.Скаковтың қызметтік киімінің жағасына жармаса жұлқылап, соңғының жетонын жұлып алып, артынан А.Қ.Қожахмет өзінің аяғымен С.Б.Скаковқа соққы жасаған. Осыдан кейін, А.Қ.Қожахмет, Б .Б.Казиханов, А.А.Канаев және Б.И.Искаков төртеуі біріге оқиға орнында С .Б.Скаковқа көмекке келген А.А.Ордабаевқа қолдары және аяқтарымен соңғының денесінің әр жеріне соққылар жасап, оны жерге құлатқан [40].

Осы уақытта, оқиға орнына көмекке келген Алматы қаласы ІІД ЖПП полкінің полицейі А.Ж.Ермагамбетов мемлекеттік номері 1496 КР 02, борт номері №185, «Хюндай Элантра» маркалы қызметтік көлігінен түсіп, А.Қ.Қожахметке жақындаған. Сол кезде А.Қ.Қожахмет өзінің аяғымен А.Ж.Ермагамбетовтың сол жақ аяғының тобық тұсына соққы жасап, өзі ары қарай қашып кеткен. Осы уақытта, А.А.Канаев өзінің аяғымен өзін жақындаған Д.М.Мусабековтың сол аяғына соққы жасап, өзі ары қарай қашып кеткен [98].

Сонымен, А.Қ.Қожахмет, Б.Б.Казиханов, А.А.Канаев және Б.И.Искаков бұзақылық, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін азаматтарға қарсы күш қолданумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу қылмыстық ойларын соңына дейін жеткізген, сонымен қатар, А.Қ.Қожахмет, Б.Б.Казиханов, А.А.Канаев және Б.И.Искаковтар өздерінің қылмыстық іс әрекеті арқылы Челик Мухаммет Али мен Амирасланов Элдарға, Алматы қаласы ІІД ЖПП полкінің полицейі, полиция сержанты Скаков Самат Бақытұлына қатысты, Алматы қаласы ІІД ЖПП полкінің полицейі, полиция аға сержанты Мусабеков Думан Маратовичқа қатысты Алматы қаласы ІІД ЖПП полкінің полицейі, полиция сержанты Ордабаев Айдосым Абдиашимұлына қатысты Алматы қаласы ІІД ЖПП полкінің полицейі, полиция аға сержанты Ермагамбетов Азамат Жанхожаевичқа қатысты күш қолданып, өздерінің қасақана әрекеттерімен Қазақстан Республикасы ҚК-нің 293-бабы 2-бөлігі 1,2-тармақтарында көрсетілген - бұзақылық, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, билік өкіліне қарсылық көрсетумен байланысты қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін азаматтарға қарсы күш қолданумен ұштасқан аса қатыгездікпен бұзу қылмыстық құқық бұзушылығын жасаған [98].

Жоғарыдағыны ескере отырып, сот Искаков Берик Икласбаевичті Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 293-бабы 2-бөлігі 1,2-тармақтарымен кінәлі деп тауып, оған 03 (үш) жыл 06 (алты) ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалсын. Казиханов Бауыржан Бахитжановичті Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 293-бабы 2-бөлігі 1,2-тармақтарымен кінәлі деп тауып, оған 03 (үш) жыл 06 (алты) ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалсын. Канаев Ардак Алдонгаровичті Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 293-бабы 2-бөлігі 1,2-тармақтарымен кінәлі деп тауып, оған 03 (үш) жыл 06 (алты) ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалсын [98].

Қожахмет Ардақ Қожахметұлын Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 293-бабы 2-бөлігі 1,2-тармақтарымен кінәлі деп тауып, оған 03 (үш) жыл 06 (алты) ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалсын. Тағайындалған жазаны сотталғандардың өтеуін бақылауды олардың тұрғылықты жері бойынша мамандандырылған органға - пробациялық бақылау органына жүктелсін деп үкім шығарды [98].

Қазақстан Республикасының қазіргі Президенті Қ.К. Тоқаев қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл саласында осы саясатты мемлекеттік деңгейде жалғасытырып келеді және белсенді жетілдіріп және реформалап келеді.

Қазақстан Республикасының қазіргі Президенті Қ.К. Тоқаев 2019 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлген. Шамадан тыс қудалау шаралары мен сот төрелігінің қатаң жазалау тәжірибесінен бас тартқанын айтқан. Дегенмен елде ауыр қылмыстар әлі де көп жасалып жүр. Құқық қорғау жүйесін толық реформалау аса маңызды міндеттердің бірі болып қалып отыр [12].

Сонымен қатар қылмыстық заң ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған нағыз қылмыскерлер үшін қатал болуы керек, ал онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдарға қатысты адамгершілік (ізгілік) таныту керек. Әсіресе қылмысты алғаш рет жасаған адамдарға қатысты.

ҚР ҚК Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өміріне қолсұғушылық 380-1-бабының мысалында тереңірек қарастырайық [8].

2014 жылы 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген жаңа ҚР ҚК қабылдаған кезде ҚР ҚК 380-1-бабы да, Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторына, қорықшыға қатысты күш қолдану 380-2-бабы да болмаған [8].

Бірақ құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым

инспекторының, қорықшының өмірі мен денсаулығына қолсұғушылық жағдайларының көбеюі заңшығарушыларды Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасына осы түзетулерді енгізуге итермелеген.

Қоғамда кең талқыға түскен және тергеп-тексеру барысы ел басшылығының бақылауында болған атышулы қылмысты мысалға келтірейік.

2018 жылғы 13 қаңтарда Қарағанды облысында қызыл кітапқа енген киіктерді өлтірген браконьерлерді ұстау барысында Ауылшаруашылық министрлігінің орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «ПО «Охотзоопром» РМҚК Орталық аймақтық филиалының екі инспекторы Петр Ницык пен Ерлан Нургалиевке шабуыл жасалған. Екеуі де ауыр жарақат алған, Нургалиев кейінірек ауруханада комадан шықпаған күйі қайтыс болды. Күдіктілерге іздеу жарияланып, кейінірек Қызылордада ұсталған [14].

Осы іс Қарағанды облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында қаралып 2020 жылғы 21 ақпанда баптардың жиынтығы бойынша «Охотзомром» инспекторы Ерлан Нургалиевті өлтіргені үшін үкім шығып, үш айыпталушы (Берик Ахметов, Нурлан Шукилдиков, Кайрат Акшанов) өмір бойы бас бостандығынан айрылып, жазасын төтенше қауіпсіз колониясында өтеу белгіленген [14].

Істің төрт қатысушысына – Берден Базаровқа, Батырбек Кайырбековке, Жарасхан Мырзабаевқа және Айдос Акимовке қатысты қылмыстық іс қысқартылып, бостандыққа жіберілген, бірақ Ерлан Нургалиевтің адвокаты жарыссөзде мұнымен келіспейтінін айтып, қылмыстық тергеп-тексеруді қылмысты жасырып қалу және қылмыс туралы хабарламау баптары бойынша қайта бастау туралы жеке қаулы шығаруды сұраған. Нәтижесінде әрқайсысын алты жылға бас бостандығынан айыру, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеу туралы үкім шыққан [14].

Сондай-ақ судья әрқайсысынан өлген 17 бас киік үшін ортақтасқан тәртіпте 5 млн теңгеден өндіру туралы қаулы қабылдаған.

Сондай-ақ, Президенттің Жарлығымен Петр Ницык пен Ерлан Нургалиев қызметтік борышын өтеу кезінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы III дәрежелі «Барыс» орденімен наградталды. Е. Нургалиев қайтыс болғаннан кейін наградталған [14].

Тағы бір мысал келтірейік. 2020 жылғы 19 қаңтарда Қостанай облысының Тобыл (бұрынғы Затобольск) қаласында полиция қызметкерін қызметтік міндеттерін орындауы кезінде өлтірген оқиға болған. Патрульдік полицияның экипажы пышақпен қаруланған сотқар апасының отбасын пышақпен өлтіремін деп қорқытқаны және сол кезде үйде кішкентай бала болғаны жайлы отбасындағы жанжал туралы хабарлама бойынша келген. Сотқарды ұстап алу кезінде полиция қызметкері Дархан Базарбаев жүрек тұсынан өлімге әкеліп соққан жарақат алған. Қайтыс болған сержанттың артында жұбайы мен 4 айлық баласы қалған [15].

Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың сот

отырысы онлайн-режимде өткен. Михаил Прокуратов полиция қызметкері Дархан Базарбаевты өлтіргені үшін кінәлі деп танылып 19 жылға бас бостандығынан айрылып, жазасын қауіпсіздігі барынша жоғары мекемеде өтеуге үкім шығарылған.

Сот М. Прокуратовқа жаза тағайындаған кезде жеңілдететін мән-жай ретінде кәмелетке толмаған балаларының бар екенін, ал ауырлататын мән-жай ретінде қылмысты алкогольден масаң күйде болғанын таныған [15].

Сотталған азаматтық талап бойынша қайтыс болған тарапқа 5 миллион теңге төлеуге тиіс.

Мұндай мысалдар, өкінішке қарай, аз емес және бұлар да басқа сот процестері сияқты жариялылық пен демократияның арқасында бүкіл халыққа белгілі болып, халықтың талқысына түсіп, мемлекеттің құқық қорғау және құқық қолдану қызметінің сапасы мен мемлекеттің қоғамды басқару тәртібін қамтамасыз етуге дайындығы туралы қоғамдық пікір қалыптасуына әкеледі.

Жазалау әлеуметтік қайшылықтарды шешудің нысаны мен құралы бола тұра басқа қайшылықтардың тууына себеп те болады. Жазалау қоғам мен адам арасындағы әлеуметтік конфликт бола алады.

Қылмыстық қудалаудың қажеттігінің өсуі жазаның ұғымын, мәнін, жазалау жүйесін, сондай-ақ жазаны тағайындаудың және орындаудың принциптері мен құқықтық механизмдерін теориялық тұрғыдан әлдеқайда мұқият ойлануды және заңнамада бекітуді талап етіп отыр.

Жиынтығы қылмыстылық пен қылмыс үшін тағайындалатын қылмыстық жазаны құрайтын қылмыстардың әлеуметтік мәні мен күрделілігін ескерсек, жазаның мәнін, оның сотталған адамның және жазасын өтеп жүрген адамның, сондай-ақ оның айналасындағылардың түпсанасына, санасына және жүріс-тұрысына ықпал ету механизмін кешенді тұрғыдан зерттемесе түсіну мүмкін емес.

ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің 16-тарауы ҚР 03.07.2017 ж. № 84-VI Заңына сәйкес 380-1 баппен толықтырылған, ал бұл баптың атауы ҚР 27.12.2019 ж. № 292-VI Заңындағы редакцияда жазылған, ал ҚР ҚК 380-2 бабы ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 16-тарауына ҚР 27.12.2019 ж. № 292-VI Заңына сәйкес енгізілгенін айта кеткен жөн [8].

ҚР ҚК 380-1 және 380-2 баптарын енгізу қоғамда құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкеріне, әскери қызметшіге, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторына, қорықшыға қатысты, әсіресе өміріне қауіпті қылмыстық қолсұғушылықтың жасалуы жөніндегі шиленісті төмендетеді деп санаймыз [8].

Ғылыми әдебиетте және құқық қолдану тәжірибесінде қазіргі кезде ҚР ҚК-ке жаңа енгізілген 380-1 бабы бойынша материал әлі жиналмаған. Жалпы заң басылымдарында басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілеріне қатысты мәселелер де

көп жарияланбаған [8].

Сондықтан ғылыми әдебиеттегі осы кемшіліктің орнын толтыруға, сондай-ақ ҚР ҚК осы бабының жекелеген ережелерін, күшті және әлсіз тұстарын талдауға , сонымен қатар оны Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясының заңнамасымен салыстыруға тырысамыз.

Бұл қылмыстың қоғамға қауіптілігі құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық билік өкілдерінің немесе басқа да уәкілетті мемлекеттік тұлғалардың өз қызметтік міндеттерін орындауын қиындатып қана қоймайды, сонымен қатар мүмкін емес етеді, жекелеген лауазымды тұлғалардың ғана емес, сонымен қатар барлық қалыптасқан басқару тәртібінің беделіне нұқсан келтіреді.

Е.Ә.Оңғарбаев, А.А. Смағұлов, бұл мәселені зерттеуде басқару тәртібіне қарама-қайшы қылмыс объектісіне қатысты мәселелерді логикалық тұжырымдамада қарастыруды талап етеді.

Қылмыс объектісі қылмыс құрамының қажетті белгісі болып табылады, ол қылмыстың сипатын және қоғам алдындағы жауапкершілік дәрежесін айтарлықтай көрсетеді. Нысанға сүйене отырып, біз қылмыс құрамының сипатын және қай топтың қылмыс жасағанын анықтамаймыз [99, 142 б.].

Бұдан бөлек, осы аса ауыр қылмысты жасау нәтижесінде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің адам ретіндегі конституциялық құқығы – әр адамның маңызды әлеуметтік құндылығы болып саналатын өмір сүру құқығы бұзылады.

Оның үстіне бұл қылмыс азаматтардың мемлекет өз құқықтары мен мүдделерін қорғау міндетіне сенімсіздігін туғызады да, қоғамда қалыптасқан қоғамдық тәртіп пен қоғамдық келісімді тұрақсыздандырады

К.С.Карбеков, Н.Д. Тлешалиев пікірлерінше, қолсұғушылық объектісі – басқару органдарының қалыпты жұмыс істеуі. Қосымша объектісі – құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылыққа ұшыраған кездегі өмірі, денсаулығы және жеке басына тиіспеушілігі [100, 30 б.].

Объективті жағы – өмірге қолсұғышылықпен сипатталады, яғни құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік

міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қаза келтіруге бағытталған қасақана әрекет [100, 32 б.].

Қылмыстың субъективті жағы тек қасақана нысанымен сипатталады. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының және олардың жақындарының өміріне, денсаулығына және жеке басына тиіспеушілікке олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылыққа кінәлі адам бұл қылмысты жасауға саналы түрде барады, қоғамға қауіпті салдарының мүмкін екенін және болатынын алдын ала біледі. Қылмыстың себебі (ниеті) іс-әрекетті саралауда маңызды емес, бірақ сот жаза тағайындайтын кезде ескеруі мүмкін [100, 46 б.].

Қылмыстың субъектісі 16 жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға [100, 39 б.].

ҚР ҚК 380-1-бабының санкциясына жүгінсек, жазаның жеткілікті түрде қатал екенін көреміз. ҚР ҚК 380-1-бабының бірінші бөлігінде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өміріне қолсұғушылық, яғни қазаға ұшыратуға бағытталған қасақана әрекеттер үшін ҚР ҚК 46-бабының 3-бөлігіне сәйкес (алты айдан он бес жылға дейін бас бостандығынан айыру) [8].

Енді ҚР ҚК 380-1-бабының күшті және әлсіз жақтарын пайымдайық. Бірінші де, екінші де бөлігіндегі санкцияда көзделген құрамы аса ауыр қылмысқа жатады.

ҚР ҚК-не бұл бапты енгізу, жоғарыда айтып өткеніміздей, мемлекеттің лауазымды және уәкілетті тұлғалардың айтарлықтай кең ауқымын өміріне қолсұғушылықтан қорғауға бағытталған мәжбүрлі шарасы болып отыр.

Бұл тізімнің басында «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР 2011 жылғы 06 қаңтардағы № 380-IV Заңына (2024 жылғы 9 қыркүйектегі өзгертулер мен толықтыруларымен) сәйкес «прокуратура органдары, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеп-тексеру қызметі, мемлекеттік фельдъегерлік қызметі жатады» [3, 4, 5, 101].

Бұдан кейін ҚР ҚК 380-1-бабының 1-бөлігінде жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторы, қорықшы тұр. Лауазымды тұлғалардың бұл санаты әкімшілік билік өкіліне жатпайды. Бұл лауазымды тұлғалар, Э.Э. Дуйсенов айтқандай, заңды билік талабын қоюға (ескерту, нұсқау беруге) және өзінің қарамағындағы емес органдар мен адамдарға (мысалы, бас сантиралық дәрігерге, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне және т.б.) әкімшілік ықпал ету шарасын қолдануға құқылы [102, 14 б.].

Көріп отырғанымыздай, заң шығарушы ҚР ҚК 380-1-бабын құрастырған кезде лауазымды тұлғалар тізімін тым кеңейтіп жіберген, ал Қырғыз Республикасының ҚК (340-бап. «Құқық қорғау органының қызметкерін және әскери қызметшіні өлтіру») және Ресей Федерациясының ҚК (317-бап. («Құқық қорғау органының қызметкерін өлтіру») лауазымды тұлғалардың екі санатымен ғана шектелген: құқық қорғау органының қызметкері мен әскери қызметшімен [19, 20].

Бұдан бөлек, ҚР қолданыстағы ҚК-дегі осы тақырыпқа және басқа да мәселелерге қатысты жіберілген қателерге назар аударғымыз келеді.

- Біріншіден, 54-баптың қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайларға «адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамға немесе оның жақындарына қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау» 8) тармақшасын ҚР ҚК 380-1-баптың диспозициясындағы «не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы» сөздерімен толықтырған жөн [8].

- Екіншіден, ҚР ҚК 380-1-бабының атауы мен 1-бөлігінің диспозициясының мамзмұны сәйкес келмейді [8].

- Үшіншіден, ҚР ҚК 380-1-бабын ҚР ҚК Ерекше бөлімінің «Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» 16-Тарауынан «Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» 17-Тарауына ауыстырған қисынды болар еді, Оның үстіне, ҚР ҚК 17-Тараудағы 408-баптың (Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғу) диспозициясының мазмұны «Судьяның, алқабидің, прокурордың, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның, қорғаушының, сарапшының, сот приставының, сот орындаушысының, сол сияқты олардың жақындарының өміріне істердің немесе материалдардың сотта қаралуына, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жүргізілуіне не сот үкімінің, шешімінің немесе өзге де сот актісінің орындалуына байланысты аталған адамдардың заңды қызметіне кедергі жасау не осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған қол сұғу» және ҚР ҚПК 187-бабына (Тергеулік) сәйкес құқық қорғау (ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеп-тексеру қызметі) және арнаулы мемлекеттік орган көрсетілген (ұлттық қауіпсіздік комитеті) көрсетілген. Яғни өміріне және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық болуы мүмкін лауазымды тұлғалардың тізімі ҚР ҚК 380-1 және 408 баптарында бірдей дерлік. Жалғыз айырмашылығы әскери ықзметшілер санаты ғана [103, 8].

- Төртіншіден, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы «қолсұғушылық» қылмысқа оқталу

сияқты қасақана қылмыстың екінші кезеңі, яғни әңгіме аяқталмаған қылмыс туралы болып отыр.

Сондықтан аталған лауазымды тұлғалардың өміріне қолсұғушылықтың нәтижесі өлімге әкеліп соғуы да, соқпауы да мүмкін. Яғни ҚР ҚК 24-бабының 3-бөлігіне сәйкес «қылмыс жасауға тура бағытталған, тікелей пиғылмен жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), егер бұл ретте қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмеген» болып танылатын қылмысқа оқталу бар». Ал «қазаға ұшырату» дегеніміз – ҚР ҚК 99-бабының 1-бөлігіне сәйкес «басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату» болып саналатын адам өлтіру [8].

Сонымен құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық бір жағынан осы қылмыстық құқық бұзушылықты (аса ауыр қылмысты) жасауы мүмкін немесе жасауды ойлап жүрген белгісіз адамдардың жауаптылығын, сонымен қатар осы қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған адамдарға қатысты және Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес қылмыстық жаза тағайындалған адамдарға қатысты жауаптылықты көздейтін заңды жауаптылықтың дербес түрі.

Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілерін басқа бөлімдерде егжей-тегжейлі қарастырамыз.

2 ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНЫ, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӨМІРІНЕ ҚОЛСҰҒУШЫЛЫҚТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың жай-күйі, құрылымы және динамикасы

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың барлық түрінің толық картинасына көз жеткізу үшін олардың криминологиялық аспектілеріне, яғни жай-күйіне талдау жасайық (криминологияда қылмыстылықтың жай-күйі белгілі бір уақыт кезеңіндегі белгілі бір аумақтағы қылмыстың жалпы саны мен сол қылмыстарды жасаған адамдардың санымен анықталады).

В.Е. Эминов пікірінше, бұл қашан да абсолютті санмен саналады: тіркелген қылмыстардың; сол қылмыстарды жасаған анықталған адамдардың; сотталғандардың, осы қылмыстардың үрдісін көрсетіп отырған құрылымы (криминологияда қылмыстылықтың құрылымы ұлмыстың жекелеген түрлерінің жалпы санымен анықталады) мен динамикасының (криминологияда қылмыстылықтың динамикасы қылмыстылықтың уақыт бойынша (көбіне жылдар бойынша) өзгеруімен анықталады) [104, 34 б.]. Криминологиядағы қылмыстылықтың сандық және сапалық сипаттамаларының қалыптасқан дефициясын пайдалана отырып құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық қылмыстарының бес жылдағы, яғни ҚР 2014 жылғы ҚК-нің күшіне енген сәтінен, яғни 2015 жылғы 1 қаңтардан 2024 жылға дейінгі аралықтағы дефициясын талдауға тырыстық [8].

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректерін төмендегі кесете көрсетейік [13].

Е.О. Алауханов ойынша, құқық қолдану практикасының кестеде көрсетілген деректеріне талдау жасайық. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық сияқты тар бағытты ғана зерттеп отырғанымызға қарамастан ҚР ҚК-дегі біз көрсеткен лауазымды тұлғаларға кез келген қолсұғушылық туралы бірқатар баптарды қамтып отырмыз, себебі өмірге қолсұғушылық фактісі болған болса да, кейде әртүрлі себептермен (қолданыстағы қылмыстың заңнамадағы кемшіліктер, дәлелдеме базасының жетіспеуі немесе жоқ болуы, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің кәсіби деңгейінің төмен болуы, басқа да себептер) оны дәлелдеу мүмкін емес, сондықтан алдын ала тергеп-тексеру органдары мұндай кезде

жасалған іс-әрекетті кестеде көрсетілген ұқсас баптар бойынша саралап жатады [105, 85 б.].

Біз ҚР 2014 жылғы ҚК күшіне енген сәттен бастап, яғни 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР ҚК-нің құқық қорғау органдары қызметіне қолсұғушылықтың әртүрлі нысанын қамтитын барлық баптарын қарастырдық: 378; 379; 380; 380-1; 381; 407; 408; 409 [13].

2015 жылы СДТБТ (Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде) ҚР ҚК 378-бабында (билік өкілін қорлау) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың 934-і тіркелген; 2016 жылы – 1048; 2017 жылы – 963; 2018 жылы – 826; 2019 жылы – 797; 2020 жылы – 1181 тіркелген.

Көріп отырғанымыздай, қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрі құқық қолдану практикасында жиі кездеседі және кең тараған. 2019 және 2020 жылдары бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың саны өскені байқалады [13].

Қылмыстық кодекске сәйкес, террористік қылмыстар – қылмыстық кодекстің 170, 171, 173, 177, 178, 184, 255, 256, 257, 258, 259, 260, 261, 269 және 270-баптарында көзделген іс-әрекеттер болып табылады [8].

Ал, экстремистік қылмыстарға – қылмыстық кодекстің 174, 179, 180, 181, 182, 184, 258, 259, 260, 267, 404 (екінші және үшінші бөліктерінде) және 405-баптарында көзделген іс-әрекеттер болып табылады [8].

Терроризм – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы [106].

Экстремизм – мыналардың: жеке және (немесе) заңды тұлғаның, белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдар атынан жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы; жеке және (немесе) заңды тұлғаның, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің мынадай экстремистік мақсаттарды [107]:

1) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралым құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді) [107];

2) нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді) [107];

3) діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы [107].

2015 жылы СДТБТ (Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде) ҚР ҚК 379-бабында (билік өкіліне бағынбау) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың 1 421-і тіркелген; 2016 жылы – 1288; 2017 жылы – 486; 2018 жылы – 2; 2019 жылы – 0; 2020 жылы – 50 тіркелген [13].

Көріп отырғанымыздай, қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрі де құқық қолдану практикасында жиі кездеседі және кең тараған. Билік өкіліне бағынбау саны 2015 жылы (1421) және 2016 жылы (1288) жоғары болса, 2017 жылы азайып 486 болған. 2018 жылы билік өкіліне бағынбаудың 2 оқиғасы тіркелген, 2019 жылы -0 оқиға, ал 2020 жылы – 55 оқиға. Билік өкіліне бағынбаудың санындағы мұндай жылдам өзгерісті екі себеппен түсіндіруге болады: а) азаматтардың құқықтық санасының өсуі; ә) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби даярлығының өсуі [13].

2015 жылы СДТБТ (Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде) ҚР ҚК 380-бабында (билік өкіліне қатысты күш қолдану) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың 597-і тіркелген; 2016 жылы – 565; 2017 жылы – 510; 2018 жылы – 382; 2019 жылы – 347; 2020 жылы – 372 тіркелген [13].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрі де құқық қолдану практикасында кең тараған, бірақ азайып келе жатқаны байқалады. 2015 жылы билік өкіліне қатысты күш қолданудың 597 оқиғасы тіркелсе, 2020 жылы 372-ге дейін азайған.

ҚР ҚК бұл баптарының (378; 379; 380) ерекшелігі ҚР ҚК 3-бабының 9) тармақшасына сәйкес билік өкілі дегеніміз – мемлекеттік қызметте жүрген, қызмет бабымен өзіне тәуелді емес адамдарға қатысты [13].

Мысалы, сот, іс материалдарын және мән-жайларын зерттеп, әрбір дәлелдемеге қатыстылығы, жол берушілігі, дұрыстығы, ал барлық жиналған дәлелдемелерге олардың жиынтығында істі шешуге жеткілікті тұрғысынан баға бере отырып, сотталушы Ж.Рахымжановтың қылмыстық құқық бұзушылығы өз дәлелін толық тапты деп есептейді. Сот тергеуінде сотталушы Ж.Рахымжанов кінәсін толық мойындап, төмендегідей көрсетті [108].

05.01.2022 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Жамбыл облысы аумағында 05.01.2022 жылы сағат 20:00-ден бастап 19.01.2022 жылы сағат 00:00-ге дейін төтенше жағдай, сонымен қатар, сағат 23:00-07:00 аралығында комендanттық сағат енгізілгендігін білмегендігін. Сонымен қатар, Тараз қаласы аумағында терроризмге қарсы операция жүргізілетіні туралы естімегенін. 07.01.2022 жылы сағат 00:30 шамасында ол Тараз қаласында өзінің

басқаруындағы «Тойота Альфард» автокөлігімен Жамбыл даңғылы бойымен Ниетқалиева көшесіне қарай бет алған [108].

Осы кезде Жамбыл даңғылы мен Төле би көшелерінің қиылысында тұрған Жамбыл облысы ІІД Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ қызметкерлерін көріп, Тараз қаласы, Төле би көшесі мен Жамбыл даңғылының қиылысында өзінің басқаруындағы автокөлігімен кері бағытта бұрылып, кетпекші болған кезде, автокөлікке және өзіне дене жарақатын алып, оқиға орнында ұсталған. Бірақ полиция қызметкерлерінің «Тоқта» деп қолымен берген белгісін байқамағандығы туралы айғақтар берді [108].

Сотталушы Ж.Рахымжановтың бұл жауабына, сот сыни баға беріп, аталған жауапты ол қылмыстық жауапкершіліктен бұлтарту мақсатында берген жауаптары деп бағалайды, себебі сотталушының кінәсі сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жиналып, басты сот талқылауында зерделенген келесі дәлелдемелердің жиынтығымен дәлелденеді.Сот тергеуінде жәбірленуші А .Сәбит төмендегідей жауап берді. 06.01.2022 жылы сағат 15:30 –да ҚР ҰҚК төрағасының бұйрығымен бүкіл Республика бойынша терроризмге қарсы операция (әрі қарай-ТҚО) жүргізілетіні туралы хабарланып, бір мезгілде терорлық қауіптіліктің «Қызыл» деңгейі орнатылған. ТҚО жарияланғаны туралы хабарлама және төтенше жағдайдың жарияланғаны туралы БАҚ арқылы жолданып, сондай-ақ, жергілікті тұрғындарға қолданыстағы барлық ұялы байланыс абоненттік номерлеріне СМС хабарлама арқылы назарларына жеткізілген [108].

2022 жылғы қаңтардың 6-нан 7-не қараған түні сағат 00-30 шамасында Жамбыл даңғылы мен Төле би көшелерінің қиылысында басқада Жамбыл облысы ІІД Жылдам қимылдайтын арнайы жасақ қызметкерлерінің құрамында болған. Сол түні, сағат 00:30 шамасында Жамбыл даңғылы бойымен Ниетқалиева көшесіне қарай бет алған «Тойота Альфард» автокөлігін байқап, «Тоқта» деп қолымен белгі берген. Алайда аталған автокөлік жүргізушісі келе жатқан бағытын өзгертіп, кері бұрылып, оқиға орнынан кетпек болған. Осы кезде, ол және сол жерде тұрған басқада жылдам қимылдайтын арнайы жасақ қызметкерлерімен ескерту ретінде аспанға қарай 2-3 мәрте оқ атқан, яғни төтенше жағдай жарияланған жерде және терроризмге қарсы операция жүргізу аймағында билік өкілінің заңды талаптарын орындамай, қылмыс орнынан кетіп бара жатқандықтан, ол дереу автокөлікке зақым келтіріп тоқтату мақсатында атыс қаруын қарсы қолданған. Нәтижесінде автокөлік жүргізушісі жарақат алып оқиға орнында көлігін тоқтатқан [108].

Іс бойынша заттай дәлелдемелердің тағдыры, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 118 - бабының 3-бөлігіне сай шешілуге жатады. Жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кінәлі адамнан ҚК-нің 98-2-бабында белгіленген ауырлығы онша ауыр емес қылмыс үшін – он айлық есептік

көрсеткіш ақшалай сома түріндегі мәжбүрлі төлем, Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы заңнамасында көзделген тәртіппен өндіріп алуға жатады. ҚПК-нің 387-390, 393, 395-398, 401, 402-баптарын басшылыққа алып, сот Рахымжанов Жамбыл Қанатұлын ҚК-нің 379-бабымен кінәлі деп танылып, оған 1 (бір) жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалсын деген үкім шығарды [108].

2015 жылы СДТБТ (Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде) ҚР ҚК 380-1-бабында (Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық тіркелмеген; 2016 жылы – 0; 2017 жылы – 0; 2018 жылы – 6; 2019 жылы – 3; 2020 жылы – 8 тіркелген [13].

Осыған дейін атап айтқанымыздай, ҚР ҚК осы бабын енгізуге құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық фактілері себеп болған. Дегенмен бұл баптың санкциясы айтарлықтай қатал екеніне қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрінің саны өсіп келеді. 2019 және 2020 жылдардағы көрсеткішке қарағанда бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың саны үш есеге дерлік өскен.

2011 жылы 1 шілдеде Ақтөбе облысының Темір ауданында екі полиция қызметкерін өлтіріп, тағы бірнешеуін жаралаған қарулы топқа қарсы арнайы операция басталған еді. 8 шілде күні атыстан 8 адам қаза тапқан. Билік олардың барлығы «дінді жамылып, мұнай ұрлаумен айналысқан» топ құрамында болғанын мәлімдеді. Ресми мәліметтер бойынша, топ Сарыкөл, Шұбарши және Кеңқияқ ауылының тұрғындарынан құралған [109].

«Institute for Economics and Peace» ұйымы дүниежүзіндегі террорлық әрекеттерді есепке алып, зерттеу жүргізген. 2011 жылы жарылыс ұйымдастырғандар саны күрт өскен, сонымен қатар барлық жарылыстың 9 пайызының ғана алды алынған. Аталған жылдағы террорлық әрекеттер ескеріліп, терроризм жиі болатын елдердің индексінде Қазақстан 47-орында тұрды. Осылайша, бұл жыл Қазақстанның әрбір тұрғыны терроризммен танысып, жан-жақта болған жарылыстар азаматтардың үрейін алған жыл ретінде есте қалды [110].

2011 жылдың тамызында Атырау қаласында теракті жасауға даярлық жүргізді деп айыпталған уаххабистердің үлкен тобы құрықталды. Ал 31 қазан күні Атыраудың облыстық әкімшілігі мен прокуратура маңайында екі жарылыс болды. Өзін-өзі жарып жіберген 24 жастағы Бауыржан Сұлтанғалиев қайтыс болып, іс алғаш рет террористік әрекет ретінде тіркелді [110].

8 қарашада Алматы қаласында екі полицияны алдап шақырып, атып тастаған. «Терроризм» бабы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Алайда қылмыскерлер тек 3 желтоқсан күні Алматы облысының Боралдай аулында ұсталды. Экстремистер тұрақтаған жеке үйде қақтығыс болып 4 террорист, арнайы жасақтың екі мүшесі қаза тапты [110].

Ал 2011 жылдың 12 қарашасында Тараз қаласының тұрғыны жалғыз өзі террорлық әрекет ұйымдастырды. Оқиға барысында террористің ізін кескен екі қызметкер қылмыскер қолынан қаза болды. 34 жастағы Мақсат Қариевті құқық қорғау қызметкерлері ұстамақ болғанда жиһадшы өзін өзі жарып жіберген. Сол уақытта жарылысты денесімен жапқан полиция капитан Ғазиз Байтасов қаза болды. Ерлікпен қаза тапқан капитанға «Халық Қаһарманы» атағы берілді [110].

Қаза тапқандарды жерлейтін 11 маусым күні Ақтөбеден Шұбарши ауылына кіретін жолдарға беренді кеудеше киіп, автоматтармен қаруланған күзет қойылып, бақылау күшейтілді. Жолаушылардың жүктері мен құжаттарын тексеріп, қайда және не себеппен бара жатқандарын сұрады [110].

2012 жылы 21 маусымда Ақтөбе қаласында үш азамат такси жүргізушісіне шабуыл жасаған, ал оған көмекке келген жол полиция қызметкерін өлтірген. Екі күннен соң қылмыстық топ табылып, өз еркімен берілу туралы ұсынысқа қарамай оқ жаудырған. Болған атыс салдарынан екі полиция қызметкері жарақат алып, екі экстремист қаза болды. Оқиғаға қатысы бар 17 жасар жергілікті тұрғын ұсталды.

11 шілдеде Таусамал ауылында жарылыс болып, жер үй өртке оранған. Қалдықтарды қазбалау барысында сегіз адамның денесі табылды. Үй ішінде жарылғыш заттар мен қару табылған. Полицияның айтуынша, үйде болғандар теракті жасауды жоспарлаған. Бір ай өткен соң, 17 тамызда, Алматы аумағындағы Бағанашыл ауылында полиция Таусамал ауылындағы жарылысқа күдікті болған қылмыстық топқа қарсы арнайы операция жүргізеді. Жеке үйде жасырынған 12 қылмыскердің көзі жойылды. Құқық қорғау органдарынан ешкім жапа шеккен жоқ [110].

14 қыркүйектен 15-не қараған түні белгісіз біреулер автокөліктен Атыраудың орталығындағы полиция постына оқ жаудырады да, ары қарай қалалық полиция ғимаратына шабуыл жасайды. Қылмыстық топ 21 қыркүйек күні қала сыртындағы Көктем аулында ұсталды [110].

Бұдан соң Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласында 12 қыркүйек полициямен атысқан 5 адам мерт болды [110].

2013 жылы ҚР Бас прокуратурасының хабарлауы бойынша, 2013 жылы террористік қылмыс үшін – елуден астам, экстремистік қылмыс жасады деген

айыппен 32 азамат ұсталған. Бақылау комитеті, сонымен қатар, 83 азаматқа қатысты экстремизм мен терроризм бабы бойынша 38 қылмыстық іс қозғалған. Бұл көрсеткіш 2012 жылмен (127 азамат) салыстырғанда төмен [110].

2014 жылы Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифинг барысында экстремизм мен лаңкестікке қарсы іс-әрекет жөніндегі зерттеулер нәтижесі туралы Ерлан Қарин «Қазақстан терроризм қаупі төмен мемлекеттер қатарында тұр» деп баяндама жасады [110].

«Шынайы жағдайға келсек, терроризм қаупін бағалаудың түрлі жаһандық индекстері бойынша Қазақстан лаңкестік қатерлер барынша төмен мемлекеттер қатарында тұр. Бұны әр түрлі институттардың мәліметтері растайды. Сонымен қатар, АҚШ-та орналасқан аса ірі талдау-сараптамалық орталығы өз сараптауларында тіпті Қазақстанды қоспаған. Оның себебін өз ойымша топшылай кетсем, ондай институттар Қазақстанның аумағында орын алған оқиғаларды террористік актілер ретінде жіктемейді және террористік актілерге жатқызбайды да. Әрине, әр түрлі құрылымдар бұл оқиғаларды әр түрлі бағалайды, дегенмен олардың басым бөлігінде сарапшылардың пікірі бір-бірінен алшақ емес», — деген еді Е. Қарин [110].

2015 жылы Қазақстан әлемдік экономика мен бейбітшілік зерттеу орталығының террористік қауіп жоғары елдердің рейтингінде 83 орында тұрды. 2012 жылы біз бұл индексте – 47, 2014 жылы 63-орында болдық. Бұл – террористерден төнетін қауіп жыл сайын төмендеді деген сөз [110].

2016 жылы Ақтөбе қаласында 5 маусым күні экстремисттік көзқарастағы 26 азамат «Паллада» қару-жарақ-дүкеніне кіріп, суық қаруларды ұрлап шыққан. Салдарынан, бірінші қару дүкенінің сатушысы мен оқиға орнына бірінші болып жеткен күзет қызметкері қаза тапты. Ал екінші қару дүкенінде келген адам пышақ жарақатынан мерт болды. Жалпы алғанда, 3 бейбіт адам көз жұмып, 2 адам жараланды. Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымовтың мәлімдеуінші, шабуылдың салдарынан 9 адам қаза тауып, 38 адамның әртүрлі дене жарақаттарын алған [110].

Министрдің айтуынша, шабуыл жасаған 26 азаматтың 13-інің көзі жойылып, 6-ы жарақаттанды. Енді қалған 7 адам іздестіріліп жатыр. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенованың айтуынша, жалпы 38 адамның 15-і жеңіл жарақаттар алған, амбулаториялық емге бағытталып, 20 адам емханаға жатқызылған. Олардың 17-сіне ота жасалған, ал тоғызының жағдайы ауыр. Қазіргі уақытта Ақтөбеде ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары басқаратын штаб жұмыс істейді [110].

ҚР ҚК 380-2-бабы ҚР ҚК-не 2017 жылғы 3 шілдедегі № 84-VI Заңына сәйкес енгізілген. Сондықтан СДТБТ-де тіркелген бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың статистикасы 2018 жылдан басталады.

2015 жылы СДТБТ (Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде) ҚР ҚК 381-бабында (Прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды

талаптарын орындамау) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтың 1-і тіркелген; 2016, 2017, 2018, 2019, 2020 жылдары ҚР ҚК бұл бабында тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтың бір де бірі тіркелмеген [13].

2015 жылы СДТБТ-де ҚР ҚК 407-бабында (Сот төрелігін жүзеге асыруға және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуге кедергі жасау) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың 23-і тіркелген; 2016 жылы – 20; 2017 жылы – 8; 2018 жылы – 12; 2019 жылы – 7; 2020 жылы – 9 тіркелген [13].

Көріп отырғанымыздай, СДТБТ-де (Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде) құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкеріне, әскери қызметшіге қолсұғушылықпен байланысты құрамның тіркелуі туралы деректер құқық қолданудың кейбір ерекшеліктеріне байланысты [11].

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қазақстанның қылмыстық заңнамасында құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкеріне, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа ықпал ететін тетіктер бір қарағанда бар сияқты [13].

Мысалы ҚР ҚК-нің қолсұғушылықтың әртүрлі нысандары туралы айтылған жоғарыда аталған баптарын алайық.

Осы аталған баптардың мазмұнына талдау жасасақ бәрі түсінікті болады; сонымен қатар қылмыстық-процестік сипаттағы шешілуі қиын күрделіліктер норманы тіпті маңызы жағынан болмашы мөлшердің өзінде де қолдануға мүмкіндік бермейді.

Біздің ойымызша, құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органның, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын әскери қызметші жататын билік өкілдеріне қатысты күш қолданудың барлығы тиісті дәлелдемелік базасы жоқ болғасын ҚР ҚК 378, 379, 380 –баптары бойынша сараланып келген. Мысалы өмірге қолсұғушылық фактісін дәлелдеу өте қиын, себебі бұл қылмыскердің өзінің пиғылымен ғана байланысты, ал қылмыскер әдетте осы іс-әрекет үшін қатал жаза көзделгендіктен сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында, тіпті сотта ешқашан айтпайтынына байланысты.

2015 жылы ҚР ҚК 378-бабында (Билік өкілін қорлау) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылыққа 478 адам қатысқан; 2016 жылы – 577; 2017 жылы – 566; 2018 жылы – 577; 2019 жылы – 582; 2020 жылы – 917 адамқатысқан. Көріп отырғанымыздай қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрін жасауға қатысушылар саны өсіп келеді. 2015 жылы қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрін жасауға қатысушылар саны 478 адам болса, 2020 жылы олардың саны екі есеге өсіп, 917 адам болған [13].

2015 жылы ҚР ҚК 380-1-бабында (Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өз қызметтік

міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылық) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысқан адам болмаған (бұл бап ҚР ҚК-не 2017 жылы енгізілген); 2016 жылы – 0 адам (бұл бап ҚР ҚК-не 2017 жылы енгізілген); 2017 жылы – 0 адам (бұл бап ҚР ҚК-не 2017 жылы енгізілген); 2018 жылы – 4; 2019 жылы – 2; 2020 жылы – 3 адам қатысқан [8].

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде соңғы алты жылда қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрін жасауға қатысушылар саны ел бойынша көп емес, бірақ қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрінің қоғамға қауіптілігінің жоғары екенін ескерсек, мемлекеттің қомғадық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді [8].

2015 жылы ҚР ҚК 381-бабында (Прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамау) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылыққа 1 адам қатысқан, соңғы алты жылда бұл қылмысты жасаған адам тіркелмеген [8].

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде соңғы алты жылда қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрін жасауға қатысушылар саны ел бойынша көрсеткішін беріп отыр, бірақ қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрінің қоғамға қауіптілігінің жоғары екенін ескерсек, мемлекеттің қомғадық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді [8].

2015 жылы ҚР ҚК 407-бабында (Сот төрелігін жүзеге асыруға және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуге кедергі жасау) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылыққа 6 адам қатысқан; 2016 жылы – 6; 2017 жылы – 1; 2018 жылы – 2; 2019 жылы – 0; 2020 жылы – 1 адам қатысқан [8].

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде соңғы алты жылда қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрін жасауға қатысушылар саны ел бойынша айтырлықтай көп емес, бірақ қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрінің қоғамға қауіптілігінің жоғары екенін ескерсек, мемлекеттің қомғадық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді [8].

2015 жылы ҚР ҚК 408-бабында (Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғу) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысқан адам тірелмеген.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде соңғы алты жылда қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрін жасауға қатысушылар болмағаны қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрі бойынша құқық қолдану практикасы жоқ екенін көрсетіп отыр. Не сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғу фактісі шынында болмаған не,

жоғарыда айтып өткеніміздей, қылмыстық заңнаманың кемшілігінің немесе тиісті дәлелдеме базасының болмауының кесірінен тіркелмеген [13].

2015 жылы ҚР ҚК 409-бабында (Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылыққа 2 адам қатысқан; 2016 жылы – 2; 2017 жылы – 2; 2018 жылы – 0; 2019 жылы – 1; 2020 жылы – 1 адам қатысқан.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде соңғы алты жылда қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрін жасауға қатысушылар саны ел бойынша айтырлықтай көп емес, бірақ қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрінің қоғамға қауіптілігінің жоғары екенін ескерсек, мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді [13].

Қылмыстық құқық бұзушылықты жсаған адамға қатысты қылмыстық-құқықтық шараны қолдану көрсеткіші әрбір жеке қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында анықталған адамды соттау фактісі болып табылады.

Кестедегі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкеріне, әскери қызметшіге әртүрлі қолсұғушылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін 2015-2020 жылдар аралығында сотталған адамдар туралы ақпарақа назар аудраған жөн [13].

2015 жылы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкеріне, әскери қызметшіге әртүрлі қолсұғушылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысқан 958 адам сотталған; 2016 жылы – 2; 2017 жылы – 1 128; 2018 жылы – 824; 2019 жылы – 794; 2020 жылы – 1 193 адам сотталған.

2015 жылы ҚР ҚК 378-бабында (Билік өкілін қорлау)көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін 1-бөлігі бойынша 323 адам, 2-бөлігі бойынша 43 адам сотталған; 2016 жылы – 0; 2017 жылы – 1-бөлігі бойынша 381 адам, 2-бөлігі бойынша 80 адам; 2018 жылы – 0; 2019 жылы 1-бөлігі бойынша 435 адам, 2-бөлігі бойынша – 51 адам; 2020 жылы 1-бөлігі бойынша 745 адам, 2-бөлігі бойынша 87 адам сотталған [13].

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде ҚР ҚК 378-бабы бойынша сотталғандардың саны соңғы алты жылда көп болған. Бұл бап бойынша сотталғандардың саны өсіп келе жатқаны байқалады [13].

ҚР ҚК 379-бабы (Билік өкіліне бағынбау) бойынша сотталғандардың санын қарастырайық. 2015 жылы ҚР ҚК 379-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін 1-бөлігі бойынша 591 адам, 2-бөлігі бойынша - 0; 2016 жылы – 1 адам сотталған; 2017 жылы – 1-бөлігі бойынша 2 981 адам, 2-бөлігі бойынша - 0; 2018 жылы – 0; 2019 жылы 1-бөлігі бойынша 1 адам, 2-бөлігі бойынша – 0; 2020 жылы 24 адам сотталған [111].

ҚР ҚК 380-бабы (Билік өкіліне қатысты күш қолдану) бойынша сотталғандардың санын қарастырайық. 2015 жылы ҚР ҚК 380-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін сотталғандар саны– 0; 2016 жылы – 1 адам сотталған; 2017 жылы – 1-бөлігі бойынша 337 адам, 2-бөлігі бойынша –29; 2018 жылы – 1-бөлігі бойынша 304 адам, 2-бөлігі бойынша – 29; 2019 жылы 1-бөлігі бойынша 282 адам, 2-бөлігі бойынша – 14, 3-бөлігі бойынша – 31 адам; 2020 жылы 1-бөлігі бойынша – 315 адам, 2-бөлігі бойынша – 10, 3-бөлігі бойынша – 10 адам сотталған [11].

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде ҚР ҚК 380-бабы бойынша сотталғандардың саны соңғы алты жылда айтырлықтай көп. Оның үстіне, біздің ойымызша, бұл санның ішінде өмірге қауіпті қолсұғушылықтар да бар болуы, брақ оларды сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында қандай да бір себептермен дәлелдеу мүмкін болмаған болуы да мүмкін [13].

ҚР ҚК 380-1-бабы (Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылық) бойынша сотталғандардың санын қарастырайық. 2015 жылы ҚР ҚК 380-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін сотталғандар саны – 0; 2016 жылы – 0; 2017 жылы – 0; 2018 жылы – 0; 2019 жылы 1-бөлігі бойынша – 1 адам, 2-бөлігі бойынша – 2 адам; 2020 жылы – 0 [13].

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде ҚР ҚК 380-1-бабы бойынша сотталғандардың саны соңғы алты жылда үшеу ғана болған, бірақ сол үш қолсұғушылық та құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органның қызметкері, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын әскери қызметші жататын билік өкілінің өміріне қауіп төндірумен ұштасқан [13].

ҚР ҚК 380-1-бабы (Прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамау) бойынша сотталғандардың санын қарастырайық. 2015 жылы ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін сотталғандар саны – 0; 2016 жылы – 0; 2017 жылы – 0; 2018 жылы – 0; 2019 жылы – 0; 2020 жылы – 0 [13].

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде соңғы алты жылда ҚР ҚК 380-1-бабы бойынша сотталған адам тіркелмеген.

ҚР ҚК 407-бабы (Сот төрелігін жүзеге асыруға және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуге кедергі жасау) бойынша сотталғандардың санын қарастырайық. 2015 жылы ҚР ҚК 407-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін сотталғандар саны – 0; 2016 жылы – 0; 2017 жылы – 0; 2018 жылы – 0; 2019 жылы – 0; 2020 жылы 2-бөлігі бойынша 1 адам сотталған.

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде соңғы алты жылда ҚР ҚК 407-бабтың 2-бөлігі бойынша сотталудың бір ғана фактісі тіркелген. Оның үстіне бұл баптағы қолсұғушылық объектісі құқық қорғау жүйесіне тікелей ықпал етеді, қоғамға қауітілігінің жоғары болуы да осында жатыр.

ҚР ҚК 408-бабы (Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғу) бойынша сотталғандардың санын қарастырайық.

Біздің пікірімізше, елімізде орын алған экономикалық дағдарыс, мемлекеттің қаржылық жағдайының нашарлауы құқық қорғау органдарына әсер етпей қоймады. Аз мөлшердегі жалақы, еңбектің ауыр жағдайы тәжірибелі де кәсіби қызметкерлердің жаппай коммерциялық ұйымдарға кету себептерінің бірі болды. Жеке құрамның моральді рухының дәрежесі төмендеді, полициядағы қызмет көптеген жас адамдар үшін өзінің қызығушылығын жоғалтты. Құқық қорғау органдарының материалды-техникалық жабдықтандырылуы жеткіліксіз болды [112, 332 б.].

Н.В. Уварова-Патенко айтқандай, құқық қорғау органының құқықтық мәртебесі мен институционалдық ерекшеліктерін талдау негізінде келесі жалпылауға көшуге болады:

- біріншіден, құқық қорғау органы мемлекеттің атынан құқық қорғау қызметін жүзеге асыруға Конституциямен және өзге де заңдармен уәкілеттік берілген және ол үшін мәжбүрлеу сипатындағы шараларды қолдануды қоса алғанда, мемлекеттік-билік өкілеттіктері берілген мемлекеттік орган бар; құқық қорғау органының құзыретін кәсіби негізде іске асыратын лауазымды адамдардың белгілі бір түрде ұйымдасқан ұжымы бар-құқық қорғау қызметі;

- екіншіден, құқық қорғау органының қылмыстық-құқықтық салаға қатысы бар, қылмыстық қудалау құқығы бар. Құқық қорғау органдарының санатына прокуратура, соттар, ішкі істер органдары және Ұлттық қауіпсіздік органдары жатады. Әрбір құқық қорғау органы құқық қорғау жүйесінің буыны ретінде мемлекеттің құқық қорғау функциясын іске асыру бөлігінде өзінің нормативтік айқындалған "жүктемесін" көтереді [113, 274 б.].

Біздің ойымызша, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық қылмысы үшін жаза тағайындауда бас бостандығынан айырудың ең төменгі шегін 12 жыл, ал ең жоғарғы шектеуді өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазасын

тағайындауды дұрыс деп есептейміз [114, 189 б.].

Сонымен қатар, 2014 жылы 03-шілдеде қабылданып, 2015 жылдың 01-қаңтарынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 380-1 бабының қазақша мәтіні «Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық» жазылған ал орысша мәтіні «Статья 380-1. Посягательство на жизнь сотрудника правоохранительного, специального государственного органа, военнослужащего, государственного инспектора по охране животного мира, инспектора специализированной организации по охране животного мира, егеря» жазылған. Көрсетілген қарама-қайшылықтар болашақта осы қылмыс бойынша сотталғанды қылмыстық жауаптылық тарту, құқық қорғау органдары, арнаулы мемлкеттік оргадарының сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу, сот үкім шығарубарысында қиындықтар туғызуы мүмкін деп есептейміз [114, 189 б.].

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде 2015 жылы ҚР ҚК 408-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін сотталғандар саны – 0; 2016 жылы – 0; 2017 жылы – 0; 2018 жылы – 0; 2019 жылы – 0; 2020 жылы – 0.

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде соңғы алты жылда ҚР ҚК 408-бабы бойынша сотталу фактісі тіркелмеген. Сонымен қатар сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғумен байланысты емес қылмыстық құқық бұзушылық фактілерінің болғаны бұл фактіні дәлелдеу мүмкін емес екенін немесе қылмыстық заңнаманы жетілдіру керек екенін көрсетіп отыр [13].

Біздің ойымызша, қол сұғушының ойы құқық қорғау органы, арнайы мемлекеттік орган қызметшінің, әскери қызметшінің өміріне қастандық саналы түрде белгілі ауырлықтағы зиян келтіруге бағытталса, онда іс-қарекетті нақты істелгені бойынша саралау керек, осы жағдайда Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқық бұзушылықтық кодексінің 380-1 бабының диспозициясымен қамтылады. Мұндай шешім талас тұғузуы мүмкін емес. Құқық қорғау органы, арнайы мемлекеттік орган қызметшінің, әскери қызметшінің өміріне қастандық қылмыстық құқық бұзушылықында денсаулыққа зиян келтіру жағдайында қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы жоқ, себебі денсаулыққа зардап келтіру құқық қорғау органы, арнайы мемлекеттік орган қызметшінің, әскери қызметшінің өміріне қастандық белгілерін құрайды, егер қол сұғу нәтижесінде басқа да зардаптар келтірілсе (мүліктік, экологиялық т.б.) іс-қарекет міндетті түрде қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша дәрежеленуі міндетті, бұл жағдайда екі немсе одан да көп әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылықтар орын алады [115, 96 б.].

Біздің пікірімізше, жазадан бұлтартпаушылық мағынасында жауаптылықтан құтылмаушылық қылмыстыққұқықтық нормалардың тиімділігінің

маңызды кепілдігі болады. Барлық айтылғандар билік өкіліне қатысты күш қолдану қылмысына да толық қатысты. Билік өкілінің қызметтік міндетіне қол сұғудан қорғауды реттейтін қылмыстық құқықтық нормативтік базалар қайта қарауды талап етеді. Оның алдын алу мәні және тиімділігі заңдылықтың құрылымындағы алған орынына норманың диспозициясының құрылымына және қалыптасуына, қаралған жазаның мөлшерінің басқа нормалардың санкциясымен логикалық өзара қатынасымен тікелей айланысшы. құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққылмысын істеуда норма шығарудың басты міндеті болады: 1) норманы құрудағы мақсатын анықтау; 2) осы санаттағы қылмыстар жүйесінің нормасаңын қолдануды бейімдеу; 3) кодекстегі басқа нормалардың жүйесіне органикалық бейімдеу [116, 129 б.].

Бұл міндеттерді шешуде ұсыныстыҚылмыстық кодекске сәйкес ережелерін қысқаша қатар саралау арқылы істеуҚР ҚК 409-бабы (Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері) бойынша сотталғандардың санын қарастырайық.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде 2015 жылы ҚР ҚК 409-бабының 3-бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін сотталғандар саны – 1; 2016 жылы – 0; 2017 жылы 2-бөлігі бойынша – 1 адам, 3-бөлігі бойынша – 2 адам; 2018 жылы – 0; 2019 жылы 1-бөлігі бойынша – 1 адам; 2020 жылы 3-бөлігі бойынша – 1 адам сотталған [13].

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебінде соңғы алты жылда ҚР ҚК 409-бабы бойынша алты адам сотталған. Сонымен қатар сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғумен байланысты емес қылмыстық құқық бұзушылық фактілерінің болғаны сот төрелігі мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының өкілінің кәсіби қызметі өте қауіпті екенін көрсетіп отыр.

Сонымен құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкеріне, әскери қызметшігеәртүрлі қолсұғушылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың криминологиялық аспектілерін қарастыруымызды қорытайық.

Кестеде көрсетілген баптарҚР ҚК Ерекше бөлімінің Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар 16-Тарауына (ҚР ҚК 378, 379, 380, 380-1, 381-баптары) және сот төрелігіне және жазалардың орындалутәртібінеқарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар 17-Тарауына (ҚР ҚК 407, 408, 409-баптары) жатады [13].

Сондықтан қоғамның қалыпты қызмет етуінің маңызды шарты мемлекеттік билік органдары мен олардың қызметкерлерінің – лауазымды тұлғаларының, соның ішінде билік өкілдерінің тиісті жүйесінің болуы болып табылады. Басқару қызметі процесінде екі топқа бөлуге болатын жан-жақты қатынастар туындайды:

басқару органдарындағы ішкі қатынастар және басқару органдарының азаматтармен қатынастары.

Сондықтан 16-Тарауда көрсетілген іс-әрекеттер тобының негізгі объектісі ретінде мемлекеттік басқару органдарының қалыпты қызметінің осы іс-әрекеттер осы органдары мен азаматтар арасындағы қатынастарды бұзатын бөлігі танылады.

Осылайша басқару тәртібіне қарсы қылмыстар дегініміз – басқару субъектісі болып табылмайтын азаматтардың басқару қатынастарына жасаған қолсұғушылығы.

Біз қарастырған қылмыстық құқық бұзушылықтардың екінші тобына сот төрелігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жатады.

Сот төрелігін жүзеге асыруға соттың қызметіне араласу нысанында кедергі келтіру Конституцияның 77-бабының 2-бөлігіндегі сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне араласуға жол берілмейді деген ережеге қайшы келеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі сот төрелігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылық туралы норма сот төрелігін іске асыруды қамтамасыз етуде маңызды рольге ие.

Қай кезде де сот төрелігін іске асыру мемлекеттің егемендігінің аса маңызды белгісі болған. Сот шешімі мемлекеттің атынан шығарылатыны кездейсоқ емес.

Сот төрелігі мемлекеттің маңызды функцияларының бірі болып саналады, себебі сот төрелігін іске асыра отырып азаматтардың конституциялық құқықтарын, ұйымдардың, қоғамның және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етеді. ҚК-тің біз қарастырып отырған тарауындағы нормалары құқық қорғау және арнаулы органдардың қызметкерлерінің өмірін, денсаулығын, абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға бағытталған, осылайша сот төрелігін іске асырудың аса маңызды буыны болып табылады.

Сондықтан құқық бұзушылықтардың осы тобына криминологиялық талдау жасау құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

2.2 Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасы мәселесінің туындауына бірнеше себеп бар.

Біріншіден, ҚР ҚК 380-1-бабы қолданыстағы қылмыстық заңнамаға ҚР 2017 жылғы 3 шілдедегі № 84-IV Заңымен енгізілген, сондықтан ҚР 2014 жылғы

Қылмыстық кодексіне И.Ш. Борчашвилидің редакциялауымен жасалған түсіндірмеде де, ҚР Қылмыстық құқығы бойынша оқулықтарда да бұл баптың сипаттамасы, себебі бұл басылымдар жарыққа шыққан сәтте ҚР ҚК 380-1-бабы 2014 жылғы ҚК-ке әлі енбеген болатын [117, 86 б.].

Екіншіден, қылмыстық-құқық бұзушылықтың бұл түрінің қылмыстық-құқықтық сипаттамасының күрделілігі ҚР ҚК 380-1-бабының лауазымды тұлғалардың біз талдап отырған санатынан (құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері, әскери қызметші) басқа құқықтық мәртебесі бойынша ҚР ҚК3-бабының 9) тармақшасындағы билік өкіліне жатпайтын жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторды, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторны, қорықшыны қамтитынында жатыр .

Үшіншіден, ҚР ҚК 380-1-бабында әскери қызметшінің мәртебесі нақты анықталмаған, яғни не ҚР ҚК 3-бабының 9) тармақшасының негізінде билік өкіліне жататын әскери қызметшіге, не жалпы, соның ішінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі функционалдық міндеттерін атқаратын әскери қызметшіге қатысты екені нақты анықталмаған [117, 88 б.].

Төртіншіден, бұл бапта ҚР ҚК 380-1-бабының 1-бөлігінде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өз қызметтік міндеттерін орындауына нақты анықтама берілмеген. Яғни ҚР ҚК 99-бабына сәйкес басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату туралы сөз болып отырғанында. Оның үстіне 99-баптың 2-бөлігінің 2) тармақшасында «адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына не кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамды немесе оның жақындарын» деген сөз бар[117, 88 б.].

Н.Ч. Джолдасбаева пікірінше, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылықтың қылмыстық-құқықтық сипаттамасын қарастырайық [118, 246 б].

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтың (қылмыстың) қоғамға қауіптілігі құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, ҚР ҚК 3-бабының 9) тармақшасына сәйкес билік өкіліне жататын әскери қызметшінің өз қызметтік міндеттерін орындауына кедергі жасайтыны, кейде тіпті қалыпты жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейтіні, беделіне нұқсан келтіретіні, қоғамда билік өкілдерінің өзінің, олар қорғауға тиіс азаматтардың тұрақсыздығы мен қорғансыздығы туралы пікір қалыптастыратыны [8].

Өз қызметтік міндеттерін орындап жүрген билік өкіліне қолсұғушылық

ашықтығымен, өмірге қауіпті күш қолданумен ұштасатынымен, кейде тіпті лауазымды тұлғаның қазаға ұшырауына әкеліп соғатынымен, лауазымды тұлғаның қызметінің мазмұнын өзгертуге, бұзуға тырысатынымен, сол арқылы қоғамдық қауіптілігінің артатынымен сипатталады.

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігі өмірге қолсұғушылық үшін, яғни құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өз қызметтік міндеттерін орындауына көзделгенінде жатыр [8].

Қазақстанда бес жылда 140-тан астам полиция қызметкері қызмет бабы барысында қаза тапты. Бұрын біз сыртқы жаудан секем алушы едік. Қазір іштен шыққан жаудың қатері одан да қауіптірек. Мемлекет басшысы полиция мен күш құрылымдардардың лаңкестермен күресте үлкен рөлін атап өтті және халыққа оларға қатысты көзқарастарын өзгертуді шақырды. Полицейлер қоғам тыныштығын күні-түні қорғап келеді. Соққыны өздеріне қабылдайды. Көбіне олар — өз ісіне адал, нағыз кәсіби, өз өмірлерін беруге дайын мамандар", — деп жалғастырды ол [119].

Еске сала кетейік, 18 шілдеде Алматыда болған террористік акт кезінде құқық қорғау органдарының үш қызметкері – 28 жастағы полиция капитаны Бауыржан Нұрмұханбетов, 24 жастағы полиция сержанты Мақсат Сәлімбаев және 42 жастағы полиция старшинасы Аян Ғалиев қаза тапқан еді. 19 шілде күні полиция лейтенанты, ЖПП мамандандырылған батальон қызметінің аға инспекторы 29 жастағы Тимур Бегасыловтың ауруханада қайтыс болғаны белгілі болды [119].

ҚР ҚК 11-бабына сәйкес ҚР ҚК 380-2-бабының 1 және 2-бөліктері аса ауыр қылмыстар деп танылады, себебі санкциясында он екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруды көзделген.

А.Ш.Аккулев, А.М.Алибекова, Ж.К.Аманов, З.О.Ашитов, И.Ш. Борчашвили, және т.б пікірлерінше, бұл қылмыстың объектісі – басқару органдарының қалыпты жұмысы. Қосымша объектісі - билік өкілдері болып табылатын құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің жәнне олардың жақындарының денсаулығы мен жеке басына тиіспеушілік [120, 48 б.].

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген қылмыс – басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың ішіндегі ең қауіптісі. Бұл қылмыстың қоғамға қауіптілігінің жоғары екені тікелей объектісінен көрініс тапқан: құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері, әскери қызметші, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторы, қорықшы жүзеге асырып отырған мемлекеттік басқару органдарының қалыпты жұмысына, сондай-ақ олардың

денсаулығы мен өмірі немесе қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық бағытталып отырған олардың жақындарының өмірі.

Бұл жағдайда біз М.К. Алтыбаевтың пікірімен келісеміз: «нақты қылмыстық әрекетті тану процесі бағалау қызметімен тікелей байланысты [121, 222 б.].

А.К.Канатов, С.С.Каржаубаев, С.С.Молдабаев, С.М. Рахметовтің пікірлерінше, лауазымды тұлғалардың жоғарыда аталған санаттары туралы сұрақ тумаса да, әскери қызметшіге қатысты күрделі сұрақ туады. ҚР ҚК 380-1-бабының ережесіне түсіндірме берген кезде әскери қызметші орындайтын қай міндеттер аясы туралы әңгіме болып отырғаны белгісіз [122, 169 б.].

Біздің ойымызша, бұл жерде түсіндірме берудің екі нұсқасы бар. Кең түсіндірсе, әскери қызметшінің ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңынының 5-бабындағы [6].

Оның үстіне, ҚР ҚК 380-1-бабында лауазымды тұлғалардың құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінен, әскери қызметшіден бөлек санаттарының да, яғни жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өміріне қолсұғушылық үшін қылмыстық жауаптылық көзделген [8].

Сот практикасын зерттеу көрсеткендей, соттар адамның іс-әрекетіне психикалық көзқарасын зерттемей, өмірден айыру үшін қолданылатын әдістер мен құралдарды ескермей, кінәлілердің іс-әрекеттерін саралауда қателіктер жібереді, дегенмен бұл жағдайлар кінәнің түрін анықтау үшін қажет. Е.О. Алауханов жүргізген зерттеулер қылмыстың субъективті жағын анықтауға тиісті баға берілмегенін көрсетеді [123, 17 б.].

ҚР ҚК басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар 16-Тарауына 380-1-бапты енгізгені кездейсоқ емес, себебі осы тарауға енген барлық қылмыстық құқық бұзушылықтардың қолсұғушылығының тектес объектісі жалпы түсінікте мемлекеттік басқару органдарының қалыпты жұмыс істеуі болып табылады [8].

Себебі әскери қызметшінің өміріне қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қаупсіздікті қамтамасыз етумен байланысты емес басқа кәсіби функциясын (елдің қорғанысы, мемлекеттік шекараны күзету, т.б.) орындауымен байланысты кез келген қолсұғушылық объектісі өзгергесін мүлде басқа құқықтық қатынастар мен мүлде басқа салдар туындатады.

Ж.К.Аманов, А.М.Алибекова, Е.Е.Каженов, А.К. Канатов., С.М. Рахметовтің пікірлерінше арнаулы әскерлерге – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жауынгерлік қызметін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы міндеттерді орындауға арналған инженерлік

және химиялық қамтамасыз ету, барлау, байланыс, радиоэлектрондық күрес, ақпараттық қауіпсіздік әскери бөлімдері мен бөлімшелері жатады. [124, 338 б].

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісінің құрылымын егжей-тегжейлі қарастырайық. Біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты қолсұғушылық объектісі екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі - қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерін, әскери қызметшіні құқықтары мен мүдделері, әсіресе өмірі мемлекеттің қорғауында болатын адам, азамат ретінде қарау.

Бұл тұрғыдан қылмыстың объектісі ретінде қылмыстық қолсұғушылықтан қылмыстық заңмен қорғалатын аса маңызды әлеуметтік құндылықтар, адамның игілігі танылады [124].

Қоғам мен мемлекеттің адам игілігі жөніндегі әлеуметтік мүддесі оладың адамның халықаралық-құқықтық құжаттарда көрсетілген табиғи құқықтарын ресми мойындауынан көрініс табады. Олардың ішіндегі ең маңыздылары мыналар : Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1948 ж.) [93], Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (1966 ж.) [70], Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт (1966 ж.) [72].

Халықаралық жүйелеуде жеке адамға тиіспеушілік жеке құқықтар мен бостандықтар тобына жатқызылған. Бұл құқыққа мемлекеттің адамға қатысты құқыққа қайшы әрекеттердің тыйым салынуына кепіл беретін міндеті сай болуға тиіс [93].

Т.А. Бапанов, Е.М. Бимолданов пікірінше, қылмыстың объектісін қылмыстың қоғам қауіптілігі тұрғысынан қараудың өзектілігі зор, себебі ол қылмыстың құрамы туралы ілімді құқық қолдану қызметінде біртекті іс-әректетердің құрамын белгілеуді, қылмыстық-құқықтық реттеуді жетілдірудің жалпы және арнайы мәселелерін заманауи пайымдаумен тікелей байланысты [125, 69 б.].

Ж.М. Нусенов сөзінше, заң шығарушылар қылмыстарды санатаған кезде қылмыстың объектісінің маңызын толық пайдаланбаған. Қылмыстық құқық үшін қылмыстың объектісінің маңызы зор, онысы мыналардан көрініс табады.

Біріншіден, әр қылмыстық іс-әрекеттің элементі болып табылатын қылмыстың объектісінен қылмыстың қоғамға қауіптілігі сияқты белгісі көрініс табады [126, 71 б.].

Екіншіден, қылмыстың объектісі қылмыстың құрамының қылмыстың субъектісімен, объективті жағымен, субъективті жағымен қатар міндетті элементі болып табылады. Қылмыстың объектісі болмаса қылмыстың өзі де болмайды [126, 71 б.].

Үшіншіден, қылмыстық заңнама қылмыстың объектісіне қарап кодификация жасалады. Мысалы ҚР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі қылмыстардың тектік объектісіне қарап тарауларға топтастырылған [126, 72 б.].

Төртіншіден, қылмыстың объектісіне қарап қылмысты басқа құқық

бұзушылықтардан ажырата аламыз. Соның арқасында құқық бұзушылық жасаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тартпау керек екенін түсінеміз. Сондай-ақ қандай да бір, тіпті қылмыстық құқықпен қорғалатын игілікке маңызы жағынан болмашы зиян келген болса немесе келуі мүмкін болған болса да.

Бесіншіден, қылмыстың объектісіне қарап қылмыстық іс-әрекеттің қоғамға қауіплітігінің сипаты мен деңгейін, яғни қылмыстық заңмен қорғалатын нақты қай әлеуметтік игілікке немесе қоғамдық қатынастарға зиян келтіргенін және қай деңгейде зиян келтіргенін немесе зиян келтіруі мүмкін болғанын анықтауға болады [126, 74 б.].

Алтыншыдан, қылмыстың объектісі іс-әрекетті саралау кезінде және бір қылмысты екінші қылмыстан ажырату үшін маңызды, кейде тіпті аса маңызды [126, 7 б.].

Қылмыстың объектісі мәселесі қылмыстық құқық теориясындағы ең маңызды мәселелердің бірі.

В.Н. Кудрявцев қылмыстың объектісі үш фактордың жиынтығынан тұратынын айтқан: 1) адамдар арасындағы нақты қоғамдық қатынастар; 2) олардың құқықтық нысаны; 3) осы қоғамдық қатынастардың материалдық нысаны, шарттары және алғышарттары [127, 151 б.].

Н.А. Беляевтің «Қоғамдық қатынастар дегеніміз – адамдар (жеке және заңды тұлғалар) арасындағы осы қатынастардың субъектілері жасайтын материалдық заттар немесе әрекеттер жөніндегі қатынастар» деген пікірі де назар аударуға тұрарлық. Бұл жерде қоғамдық қатынастардың элементі болып қатынастардың субъектілері, олардың қызметі мен материалдық заттары саналады [128, 304 б.].

Қазақстанда қылмыстың объектісі мәселесін алғаш зерттеген профессор Е.И. Каиржанов былай деген: «... қоғамдық қатынастарды мүддеден ажыратып қарауға болмайды. Бұл тұрғыдан мүдде қарапайым қоғамдық қатынастардың өзіндік «пәндік» негізі болып табылады. Онысы адам санасынан тәуелсіз пайда болса да, адамның мүддесіне қарай қалыптасады. Қылмыстық құқықта қылмыстың объектісі халықтың мүддесіне сай келетін қоғамдық қатынастар ғана болуы керек. Мүдде дегеніміз – қоғамдық қатынастардың нақты көрініс табуы. Мүддені қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі сияқты түсіну объектіні қоғамдық қатынастар ретінде (субъектінің мүддесінің сипаты мен мазмұнына байланысты) түсіну мен зерттеуде белгілі бір рольге ие [129, 56 б.].

Қоғамға қылмыстық заңмен қорғалған мүддесіне қолсұғушылықтан келген зиянның мәнін толық ашу үшін қылмыстың объектісін зерттеу керек, кінәлі адам қол сұққақ қоғамдық қатынастарды анықтау мен бағалау керек.

Қылмыстық-құқықтық қорғаудың құндылықтар жүйесіндегі басым мақсаттар да өзгеріп тұрады. Қылмыстық заңнаманың даму тарихына шолу жасайық.

Д.С. Кареева сөзінше, КСРО мен одақтас республикалардың қылмыстық

заңнамасының бастауы 1924 жылы «еңбекшілердің билігіне нұқсан келтіретін немесе оның қалыптасқан құқықтық тәртібін бұзатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді» қылмыс де пжариялаған сәттен басталған. РКФСР 1926 жылғы ҚК-і қылмыстық-құықтық қорғаудың жалпы объектісі деп «жұмысшылар мен шаруалардың социалистік мемлекетін және ондағы қалыптасқан құқықтық тәртіпті» атаған (1-бабы) [130, 7 б.].

Қазақ КСР 1959 жылғы Қылмыстық кодексінде, 1982 жылғы 19 сәуірдегі Жарлықпен (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомості, 1982 ж., № 17, 177-б.) және Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 мамырдағы № 2282 Жарлығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар енгізілген.

Осылайша XX ғасырдағы қылмыстық-құқықтық негізгі заң актілеріне жүргізілген қысқаша тарихи саяхаттың мысалынан уақыт өте келе және тарихи алғышарттары (әлеуметтік, саяси, рухани, т.б.) өзгере келе құқық қорғау құндылықтары да, олардың құрылымы, ара қатынасы, иерархиясы да өзгеретінін көріп отырмыз.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Қазақстан заң шығарушылары әлеуметтік қндылықтар жүйесінде адам мен азаматтың маңызының меншік институты мен мемлекеттік мүддеден туатын қоғамдық қатынастарға қарағанда басым екенін мойындағанын байқаймыз. Бұрынғы қылмыстық заңнама қылмыстық қудалаудың бағытын анықтаған кезде саяси мүддені жоғарырақ қойған болатын.

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген қылмыстың объектісінің екінші бөлігі – құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өз қызметтік міндеттерін орындауына байланыстықұқықтары мен мүдделері [8].

Яғни қоғамдық тәртіпті қорғау функциясын атқарып жүрген құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері, әскери қызметші мемлекеттік қорғауындағы азамат пен лауазымды тұлға ретінде қарастырылады.

ҚР ҚК 380-1-бабында аталған лауазымды тұлғалардың тізімін нақтылайық
.

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» 2012 жылғы 13 ақпандағы № 552-IV (2021 жылғы 1 қаңтарға дейінгі өзгертулер мен толықтыруларымен) [4].

Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңының (2021 жылғы 8 қаңтарға дейінгі өзгертулер мен толықтыруларымен) 1-бабының 20) тармақшасына сәйкес әскери қызметшілер қатарына Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметте болатын Қазақстан Республикасының азаматтары жатқызылған [5].

Қылмыстылықпен күреске қатысушы, қоғамдық тәртіпті қорғауды және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді атқарып жүрген адамдардың өміріне

қолсұғушылықтың қоғамға қауіптілігі ерекше, себебі бұндай қолсұғушылық олардың қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі заңды жұмысына кедергі жасау мақсатында жасалады.

А.Н. Красиков пікірінше, осыған байланысты, қылмыстық құқық ғылымындағы «адам» ұғымы «тұлға» ұғымынан кеңірек деген кең тараған пікірді қолдаған жөн. «Тұлға» ұғымы адамның әлеуметтік қасиеттерін ғана қамтиды. Демек «кез келген адамды тұлға деуге болмайды, яғни тек дүниеге келген сәтінен құқықтар мен бостандықтарға ие болған, оларды өз бетінше иеленен, пайдалана, билік ете алатын, сондай-ақ мемлекет бекіткен міндеттерді өз бетінше орындай алатын» адамды ғана тұлға деуге болады» [131, 4 б.].

И.В. Шишко қылмыстық заңмен қорғалатын, жеке басына тиіспеушілік сияқты табиғи құқықтарды реттейтін арнайы реттеу заңнамасы жоқ екенін айтып өткен [132, 23 б.].

Ғалымдардың көбі қылмыстың жалпы объектісіне қылмыстық заңмен қорғалған қоғамдық қатынастарды жатқызады. Бұл тұжырымдама қылмыстық-құқық доктринасында кездесетін ең оңтайлы тұжырымдамалардың бірі. Бұл тұжырымдама қылмыстың объектісінің мазмұнын дәл ашуға мүмкіндік береді. Бұл тұжырымдаманың дұрыс екенін мына дәйектермен дәлелдеуге болады.

Заң әдебиетінде біз қарастырып отырған қылмыстың объектілері құрылымында кей ғалымдар топтық объектілерді де бөліп көрсеткен. Топтық объек ретінде құқық қорғау органдарының қалыпты басқару жұмысын атаған.

Л.Д. Гаухманның айтуынша, «қылмыстың бұл тобының тектік объектісі ретінде РФ заңдарымен қамтамасыз етілетін қоғамдық қатынастарды және басқа нормативті актілерге негізделген тәртіпті: мемлекеттік билік органдарының және жергілікті өзін –өзі басқару органдырынң, олардың мекмелерінің... қызметін санаған жөн» [133, 127 б.].

Б.В. Здравомыслов бұл қылмыстардың тектік объектісіне мемлекеттің конституциялық негіздерін қорғауды қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастарды, мемлекеттің әртүрлі биліктерінің мемлекеттік органдарының қалыпты қызметін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін, яғни Ресей Федерациясындағы мемлекеттік биліктің заңды және қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар жиынтығын (жүйесін) жатқызған [134, 156 б.].

Біздің пікіріміз бойынша, қылмыстылықпен күресте құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілері есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлардың айналымы, сол сияқты оладың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимыл саласындағымемлкеттік саясатты ұйымдастыру және іске асыруда белсенді болу тиіс [135, 127 б.].

Елдеріміздің КСРО құрамында ұзақ уақыт бойғы бір мемлекет аясында біріккен даму тарихындағы байланыстардың негізінде Ресей ғалымдарымен

көзқарасымыздың ұқсас екенін, сондай-ақ ТМД елдерінің Модельді қылмыстық кодексінің ережелерін [94] ескере отырып, ҚР ҚК біз қарастырып отырған 380-1-бабының жалпы және тектік объектісі жөніндегі көзқарастармен келіскеніміз жөн, себебі мемлекет ҚР Конституциясы мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің негізінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, билік пен басқару органдарының, оның ішінде мемлекеттік құрылымның құрамдас бөлігі болып саналатын және оны қылмыстық қолсұғушылықтан қорғауды қамтамасыз ететін құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің қалыпты жұмыс істеуін қорғауға тиіс [8].

Біздің тағы бікір ретінде қарастыратын ойымыз құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік орган, әскери қызметшілер қылмыстылықпен күресте өз бастарының қауыасіздігіне баса назар аударуы тиіс [136, 25 б.].

Ғалымдардың көбі басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың түрлік объектісінің мазмұнына қатысты, оның анықтамасына қарап, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының (басқару тәртібінің) қалыпты басқару жұмысы болуы керек дегенді айтқан.

Біздің ойымызша, қылмыстық заңмен реттелетін басқару саласындағы қоғамдық қатынастарда құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметші бастамашыл тарап болып табылады. Қазіргі уақытта өзінің кәсіби міндеттерін атқаратын құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, атап айтқанда құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметкерлерінің құқықтарын қорғау ерекше өзектілікке ие. Қылмысқа қарсы күресте алдыңғы қатарда бола отырып, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметші басқаларға қарағанда өз құқықтарына түрлі қол сұғушылықтарға жиі ұшырайды [137, 85 б.].

Әлеуметтік тәртіп дұрыс мінез-құлықтан, әр адамның жағдайынан, оның қоғамның ажырамас мүшелері ретінде басқа адамдармен өзара әрекеттесуінен қалыптасады, бұл кейіннен бүкіл қоғамдық өмірдің қалыпты жұмыс істеуіне әкеледі. Осылайша, өз қызметін жүзеге асыратын нақты адам үнемі көптеген қатынастардың субъектісіне айналады. Өзінің қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру үшін ол басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға мәжбүр болады, осылайша олармен қарым-қатынас жасайды. Белгілі бір адамның, қоғамның қалыпты жұмыс істеуі-бұл әлеуметтік тәртіп. Мемлекет, өз кезегінде, қоғам мүшелерінің өзара іс-қимылын адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары (өмір сүру, денсаулық, ар-намыс, қадір-қасиет, мүліктік құқықтар және т.б. құқығы) және адамдардың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыру нәтижесінде қалыптасатын өзге де институттар қамтамасыз етілетіндей етіп ұйымдастыруға тиіс. Бұл құқықтар қоғам мүшелерінің мінез-құлқының нақты ережелерін белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі, олардың орындалуын мемлекет бақылайды [137, 85 б.].

Жалпы осы көзқараспен келісе отырып, оны айтарлықтай толықтыру керек

екенін атап көрсеткеніміз жөн. Билік өкілі мен азаматтар арасында қалыптасқан қатынастар заңдарды, заңға сәйкес актілерді және құзырлы органдардың солардың негізіндегі заңды талаптарын сақтауды көрсетіп отыр.

Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар жасалған кезде қатынастардың дәл осы тобына зиян келтіріледі.

Жасаған талдауымыздың аралық қорытындысын жасай келе, басқару тәртібіне қарсы қылмыстардың түрлік объектісі деп құзырлы органдардың өкілдері мемлекеттік басқаруды іске асыру барысында қалыптасатын басқару субъектілері мен азаматтар арасында сапалық жағынан біртекті қоғамдық қатынастардың жиынтығын атауға болады.

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген іс-әрекеттің объективті жағы, билік өкілінің не оның жақындарының өз қызметтік міндеттерін атқаруымен байланысты өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданумен, кей жағдайда қазаға ұшыратумен не өміріне қауіпті күш қолданумен немесе қазаға ұшыратумен қорқытумен сипатталады [8].

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстың объективті жағы қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге қоғамға қауіпті қолсұғушылықтың сыртқы әрекеті ретінде қарастырылады, яғни өз бетінше жүріс-тұрыс әрекеті аталған объектіге зиян келтіруінен немесе зиян келтіру қаупін төндіруінен көрініс табады.

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының біз назар аударуға тиіс екінші элементі – объективті жағы [8].

Қылмыстық құқықта қылмыстың объективтік жағы қылмыс құрамының міндетті элементі ретінде қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге қол сұғатын қоғамға қауіпті іс-әрекеттің сыртқы жағы ретінде сипатталады. Нақтырақ айтсақ, қылмыстың объективті жағы қылмыстық заңның қорғауындағы нақты белгілі объектіге қоғамға қауіпті қолсұғушылықтың сыртқы әрекеті ретінде көрініс табады. Қолсұғушылықтың срытқы әрекеті адамның жүріс-тұрысының объективті сыртқы және қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге зиян келтіру немесе зиян келтіру қаупін төндіру көрінісінен байқалады.

Мысал ретінде Шымкент қаласының Әл-Фараби аудандық соты үкімін қарастырсақ, Сотталушы К.Т.Ажибаев өзінің қылмыстық іс-әрекетін толық мойындап, сотқа келесідей жауап берді: ол, Павлодар қаласына вахталық жұмысқа орналасу үшін құжаттарын Шымкент қаласынан жіберу қажет болғанын. Сол себепті, 01 мамыр 2020 жылы туысқан ағасы М.А.Ажибаевпен бірге сағат 14:00 шамасында Түркістан облысы, Төле би ауданы, Абай ауылынан Шымкент қаласына қарай жолға шыққандарын. Шымкент қаласына қарай баратын жолда Шымкент қаласы, Текесу ауылының тұсындағы блок-постқа келген уақытта, сол жерде тұрған полиция қызметкерлері планшеттерімен тексеріп, автокөліктің базада жоқ екенін айтып, оған артқа қарай қайтуды бұйырғандарын. Осы сәтте, ол М.А.Ажибаевқа автокөлікті блок-пост жанына өшіріп қой деп айтып, өзі көліктен түсіп, посттан өтіп, сол жерде тұрған полиция қызметкеріне қарай барғанын.

Полиция қызметкерімен сөйлесіп жатқан уақытта соңғы оған рұқсат жоқ артқа қайт дегенін. Сол арада, ол полиция қызметкерлерінің әрекеттеріне ызаланып, олардың талабына бағынбай, сол жерде тұрған полиция қызметкерін намысына тиетін балағат сөздермен қорлап, Шымкент қаласының бағытына қарай өтіп кеткенін. Болған оқиғадан соң, автокөлікке отырып, ағасы М.А.Ажибаевпен бірге кетіп қалғанын. Қазіргі уақытта жасаған әрекеттеріне шын ниетпен өкінетінін айтып, қатаң жазаламауды сұрады [138].

Жәбірленуші Х.И.Юсупов сотта төмендегідей жауап берді: елімізде енгізілген төтенше жағдайға байланысты Шымкент қаласы, Текесу ауылында орналасқан Шымкент қаласы мен Түркістан облысы, Төле би ауданының шекарасында орнатылған блок-постта қызмет атқаратынын. 01 мамыр 2020 жылы кезекшілік барысында сағат 14:30 шамасында Төле би ауданының аумағынан «Ниссан Примера» маркалы, мемлекеттік белгісі 448 YWZ 13 санды автокөлік блок-постқа келгенін. Аталған автокөлік нөмірін база арқылы тексерген уақытта, базада жоқ болып шыққанын. Автокөлік ішінде отырған азаматтарға кері бағытталып кетуін сұранған кезінде, жүргізушінің қасында отырған К.Т.Ажибаев оның Шымкент қаласының аумағына кіруге болмайтынын айтқанына қарамастан, қала аумағына кіремін деп, оған балағаттар сөздер айтып, сол жерде орналасқан посттан өтіп кеткенін. Содан оның қасында болған медицина қызметкерлері ұялы телефондарын қосып болған жағдайды бейнетаспаға түсіре бастағандарын. Содан кейін, К.Т.Ажибаев қасындағы азаматпен автокөлікке отырып, кері бұрылып кетіп қалғанын көрсетті. Қазіргі уақытта сотталушыны кешірмейтінін айтып, заңға сәйкес жаза тағайындауды сұрады [138].

Сот жоғарыда келтірілген іс жүзіндегі деректерді сотталушы К.Т.Ажибаевқа тағылған айыптауды толығымен растайтын ақиқат дәлелдер ретінде тауып, олардың жиынтығын сотталушыға айыптау үкімін шығаруға жеткілікті деп санайды [138].

Сотталушы К.Т.Ажибаевқа жазаның түрі мен мөлшерін тағайындау кезінде сот ол жасаған қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін, осы істің нақты мән-жайларын, сотталушының тұлғасын, жеке басына қатысты деректерді ескереді [138].

Сотталушы К.Т.Ажибаевқа қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларға кінәсін толық мойындап, шын ниетпен өкінуін және бұрын сотты болмағанын жатқызады, ал кінәсін ауырлататын мән- жайлар жоқ деп санайды [138].

Сотталушы К.Т.Ажибаевқа жазаның түрі мен мөлшерін тағайындау кезінде, сот, ол жасаған қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесін, ауырлық санатын, жоғарыда көрсетілген оның кінәсін жеңілдететін мән-жайларды және кінәсін ауырлататын мән-жайдың жоқтығын, істің нақты орын алған мән-жайларын ескеріп, оған бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны тағайындауды дұрыс деп санайды, себебі сотпен тағайындалатын жазаның мақсаттары – аталған

сотталушының түзеліп, тәрбиеленуі және жаңа қылмыстарды жасаудың алдын алуы К.Т.Ажибаевтың қоғамнан оқшауланбаған жағдайда да жүзеге асырылуы мүмкін деп есептейді. Сондай-ақ, сот ҚК-ң 44 бабының қағидалары бойынша сотталған К.Т.Ажибаевқа тағайындалған жазаның барлық мерзіміне пробациялық бақылау белгілеп, жылына бір жүз сағатқа мәжбүрлі еңбекке тартуды және оның тәртібін бақылауды жүзеге асыратын пробация қызметіне хабарламай тұрғылықты мекен-жайын өзгертпеуді міндеттеу қажет деп санайды. Сотталушыға үкім заңды күшіне енгеннен кейін он тәулік ішінде тұрғылықты жері бойынша пробация қызметі бөліміне есепке тұру үшін келуі міндеттеледі [138].

Сот К.Т.Ажибаевтан «Жәбірленушілерге өтемақы қорына» белгіленген 10 /он / айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 28 780 / жиырма жеті мың жеті жүз сексен / теңге мәжбүрлі төлемді өндіреді. ҚПК-ң 387-390, 393, 395-398, 401, 402 баптарын басшылыққа алып, сот Ажибаев Кайрат Тургуновичті ҚК-ң 378 бабы 1 бөлігі және 379 бабымен кінәлі деп танып, оған ҚК-ң 378 бабының 1 бөлігімен 40 /қырық/ сағат қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы тағайындалсын. ҚК-ң 379 бабымен 1 /бір/ жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалсын деген үкім шығарды [138].

Өмір мен денсаулыққа қауіпті күш қолдану деп жәбірленушіні қазаға ұшыратуға әкеліп соғуы мүмкін тәнінің ауырғанына әкеліп соққан ұрып-соғуды немесе басқа да күш қолдану әрекеттерін түсінген жөн. Күш қолданудың бұл нысаны жәбірленушінің денсаулығына ұзақ уақытқа жалғасқан бұзылуына әкеліп соқпауға немесе еңбекке қабілеттілігін жоғалтуына әкеліп соқпауға немесе басқа да ауыр салдарға, оның ішінде жәбірленушінің қаза болуына әкеліп соқпауға тиіс.

Кінәлі адамның жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолдануы ретінде оның жәбірленушіні бостандығынан айыруы немесе бостандығын шектеуі, байлап қоюы, ұстап отыруы және басқалар бағаланады.

Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданумен қорқытуға жәбірленушіні өлтірумен немесе денсаулығына зиян келтірумен ашық қорқыту жатады. Сондай-ақ жәбірленуші бұл қорқытуды шындық ретінде қабылдаған болуға тиіс.

Іс-әрекетті саралаған кезде кінәлі адамның қорқытуын іске асыру пиғылы болған-болмағаны маңызды емес.

ҚР ҚК 380-1-бабы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері, әскери қызметші және олардың жақындары жататын билік өкіліне қатысты күш қолданумен қорқытудың кез келген түрін қамтиды және қорқыту үшін қылмыстық жауаптылықты көздейтін ҚР ҚК 115-бабымен қосымша саралауды талап етпейді.

ҚР ҚК 380-1-бабының 1-бөлігінің диспозициясындағы «өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты» деген термин ҚР ҚК 378-бабындағы «өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде» деген терминнен кеңірек. Бұл термин билік өкіліне қатысты өз қызметтік міндеттерін атқару кезінде де, өз қызметтік

міндеттерін атқармай жүрген кезде де күш қолдануды қамтиды. Бұл орайда билік өкілінің өз қызметтік міндеттерін атқаруы мен оған немесе оның жақындарына қатысты дене немесе психикалық күш қолдану арасындағы уақыт айырмашылығы құқық бұзушылықты саралауға ықпал етпейді. Егер күш қолдану лауазымды тұлғаның өз қызметтік міндеттерін орындауымен байланысты болмаса жеке адамға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтың тиісті баптары бойынша сараланады.

Субъективті жағы тікелей пиғыл нысанындағы кінәсімен сипатталады.

Кінәлі адам билік өкіліне немесе оның жақындарына қатысты (оның қызметтік міндеттерін орындауына байланысты) күш қолданып жатқанын біледі, қоғамға қауіпті салдарға әкеліп соғатынын және одан қашып құтылмайтынын біледі және сол салдарға әкеліп соғу мақсатында жасайды. Саралау үшін қылмыстың себебі маңызды емес, бірақ сот жаза тағайындаған кезде себебін ескереді.

Денсаулыққа зиян келтіруі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес анықталады [96].

ҚР ҚК 380-1-бабының 1-бөлігінде көрсетілген іс-әрекет аса ауыр қылмысқа жатады.

ҚР ҚК 380-1-бабының 2-бөлігінде көрсетілген іс-әрекет те аса ауыр қылмысқа жатады.

2.3 ҚР ҚК 380-1 бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты саралау мәселелері және оны қылмыстық құқық бұзушылықтың аралас құрамынан ажырату

Қылмыстық іс-әрекеттің қылмыстық-құқықтық сипаттамасын тек ең алдымен оны саралау мен қылмыстың аралас құрамынан ажыратқасын ғана толық көлемде беруге болады.

Қылмыстық құқық бұзушылықты саралау процесі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің таңдаған бағытының дұрыс болуына және сот талқылауының нәтижесіне негіз болатын процестік жұмыстың негізгі кезеңдерінің бірі болып табылады.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықты саралаудың мазмұнын талдауды бастамай тұрып алдымен қылмысты саралау ұғымын қарастырып алайық.

Е.Р. Кейдуманов айтып өткендей, «квалификация (саралау)» сөзі латын тілінен енген, «сапа» және «істеу», яғни анықталатын объектінің сапалық

сипаттамасын анықтау дегенді білдіреді. Тиісінше құқықтық қатынастар саласында «саралау» дегеніміз – осы жағдайға қатысты белгілі бір құқықтық норманы таңдап алу және қолдану: басқаша айтсақ, бұл жағдай қай нормаға сай екенін анықтау. Қылмысты саралау дегеніміз – оған заңды баға беру, қажет қылмыстық-құқықтық норманы таңдап алу және қолдану [139, 35 б.].

Белгілі совет ғалымы В.Н. Кудрявцев пікірінше, қылмысты саралау дегеніміз – жасалған іс-әрекет пен қылмыстық-құқықтық нормада көрсетілген қылмыс құрамының белгілерінің арасындағы дәл сәйкестікті анықтау және заңды түрде бекіту [140, 65 б.].

Қылмысты саралу жасалған іс-әрекет пен қылмыстық-құқықтық нормадағы қылмыс құрамының белгілерінің сәйкестігін дәл анықтау бағытында бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңі – қоғамға қауіпті оқиға фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуынан (қылмыстық іс қозғалуынан) бастап үкім күшіне енгенге дейін құқық қолданушылар саралауды поливариативті және жалпыламадан бастап ҚК бойынша осы іс-әрекетті басқаша саралауға жол бермейтіндей дәл қолданады.

Ғалымдар қылмыстық құқық бұзушылықты (қылмысты, қылмыстық теріс қылықты) саралау кезеңдерінің 5-6 санын, яғни әртүрлі көрсеткен.

В.Н. Кудрявцев қылмысты саралаудың бес кезеңін көрсеткен: 1) қылмыстық істі қозғау; 2) айып тағу; 3) айыптау қорытындысын жасау және бекіту ; айыпталушыны сотқа тапсыру; 5) суот талқылауы; істі қадағалау тәртібімен қайта қарау. Оның пікірінше, қылмысты саралау құқық нормасын қолдану процесінің қоғамға қауіпті осы іс-әрекетке қылмыстық-құқықтың қай нормасын қолданатынын таңдау мен сол норманы заң актісінде бекітуден тұратын бөлігі болып саналады [140, 104 б.].

Демек қылмысты саралаудың екі түрі бар – процестік және материалдық.

А.И. Рарогтың пікірінше, «саралау кезеңі» ұғымын «қылмыстық процестің кезеңі» ұғымымен ауыстыруға негіз жеткіліксіз. Сондай-ақ оларды қылмысты саралаудың диалектикалық нысаны мен мазмұны ретінде бір-бірінен толық алшақтатып тастауға болмайды [141, 24 б.].

Л.Д. Гаухманның пікірінше, саралау процесі мәселесі – «қылмысты саралау субъектісінің осы жасалған іс-әрекеттің нақты белгілерін қылмыстық заңда көрсетілген нақты қылмыс құрамына қаншалықты сай екенін және сол нақты белгілер мен қылмыстың құрамының белгілерінің арасындағы ұқсастықты ажырату мақсатында санасынан өткізуі». Оның пікірінше, осы саралау процесінің қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-процестік мағыналарын ажырата білудің маңызы зор [142, 311 б.].

Қылмысты саралау процесін Н.Г. Кадников бұдан да тереңірек қарастырып, саралаудың бірінші кезеңінде қылмыстық іс қозғау туралы қаулыда іс-әрекет қылмысқа жатқызылады деген [143, 92 б.].

А.И. Рарогтың пікірінше, қылмыстық құқық теориясы және сот практикасы тікелей және жанама ниеттен басқа, ниеттің басқа түрлерін де біледі. Олар заңда тікелей қарастырылмаған, бірақ теория толығымен дамыған. Ниеттің пайда болу уақытына байланысты алдын – ала ойластырылған және кенеттен пайда болған ниет деп атауға болады. Кісі өлтіру туралы алдын-ала ойластырылған ниет оны жасау ниеті оны жасамас бұрын пайда болған кезде, кінәлі оны жүзеге асыру үшін қару алып, ыңғайлы уақытты таңдап, өз мақсатына жету үшін өз іс-әрекеттері туралы ойланғанда пайда болады.сөзсіз. Кенеттен кісі өлтіру ниеті кінәлі адам кісі өлтіру туралы шешім қабылдап, оны дереу жүзеге асырған кезде орын алады. Мұндай жағдайларда шешім қабылдау мен оны жүзеге асыру арасында уақыт алшақтығы болмайды. Ниеттің пайда болу сәті кісі өлтіру біліктілігіне әсер етпейді, бірақ алдын-ала ойластырылған, жоспарланған кісі өлтірудің болуы (күмәннің болуына байланысты шешілмегендіктен кейінге қалдыру жағдайларын қоспағанда) субъектінің әлеуметтік қауіптілігінің үлкен дәрежесін көрсетеді [141, 150 б.].

Қылмысты саралау процесінде қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-процестік кезеңдерді үйлестіруге, оны қылмыстық заңның нормалары жөніндегі қылмыстық-процестік құжаттарда бекітуге болады. Анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот әрдайым ҚПК пен ҚК нормаларын қатар қолданады. Дегенмен қылмысты саралау дегеніміз – материалдық қылмыстық құқық институты, сондықтан қылмысты саралау процесінде осыған сүйенген жөн [45, 8].

Қылмыстық құқық бойынша оқулықтарды қылмысты саралаудың екі қылмыстық-құқықтық кезеңдері аталған: біріншісі – ҚК-тің саралайтын нормасын таңдауғ екіншісі – жасалған іс-әрекеттің құрамының ҚК Жалпы және Ерекше бөлімдерінің баптарына сай екенін анықтау. Бұл кезең нақты қылмыстық-құқықтық нормаға сілтеме жасаумен аяқталады. Жедел-тергеу әректетерімен орындалатын саралауды «алдын ала саралау» деп атаған [8].

А.В. Наумов бұны саралаудың кезеңі деп санамайды, себебі бұның тек дәлелдемелік маңызы ғана бар дейді. Оның ойынша, қылмысты саралаудың үш кезеңін мойындаған жөн. Бірінші кезеңінде қылмыс оқиғасы анықталып, барынша дұрыс сараланады. Екінші кезеңінде – сот өндірісінде норманы барынша дәлірек сараланады. Үшінші кезеңде жасалған қоғамға қауіпті әс-әрекеттің құрамының қылмыстық-құқықтық норманың диспозициясына қаншалықты сай келетіні анықталып, ҚК бабына түбегейлі сілтеме жасалады [144, 25 б.].

Т.К. Акимжанов Бұл нақтылау қылмыс оқиғасын анықтау кезеңіндегі саралаудың нұсқалары көп болғандықтан кейінгі кезеңдерде саралау қатесіне жол бермеу үшін енгізілген. Қылмысты саралау кезеңдерінің мақсаты жасалған қылмыстың құрамыныың тиісті қылмыстық-құқықтық нормаға сәйкес (сәйкес емес) екенін анықтау болып табылады [145, 131 б.].

И.В. Годунов ойынша, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне олардың

қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықты дұрыс саралау мәселесін шешудің маңызы қылмысты іс материалдарын объективті және толық қараумен байланысты арта түседі [146, 53 б.].

Онысы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық түріндегі қоғамға қауіпті іс-әрекетті 2017 жылы криминализация жасаудың құыққа сай және негізді екені туралы болжам дұыс болса мұндай іс-әрекетті дұрыс саралау мәселесі туатыны, себебі қылмыстың жаңа құрамын дұрыс саралау үшін теориялық және практикалық мәселелерін зерттеп алмай тұрып қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайтыны белгілі.

А.И. Долгова ойынша, қандай да бір қылмысты дұрыс саралаудың жолдары мен тәсілдерін іздеп табу әдетте қылмысты дұрыс саралаудың теориялық негіздерін анықтау мен сипаттаудан басталады [147, 65 б.].

Қазіргі кезде Қазақстан мен Ресей криминалист ғалымдары, ал бұған дейін совет криминалист ғалымдары қылмысты саралаудың теориялық негіздері мәселелері жөнінде негізгі ғылыми негіздерді даярлаған.

Е.О. Алауханов, ең алдымен қылмысты саралаудың ұғымы мен анықтамасын, оның әдіснамалық және әдістемелік аспектілерін қарастыру керек; қылмысты дұрыс саралаудың тәртібі мен ережесін, ең оңтайлы әдістері мен тәсілдерін және осы қылмыстық-құқықтық күрделі тақырыптың басқа мәселелерін қарастыру керек,ал мұның бәрі қылмысты саралаудың теориялық негіздерін зерттеу шеңберіне кіретін мәселелердің жиынтығы болып табылады [148, 27 б.].

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықты сотқа дейнігі тергеп-тексеру барысында дұрыс саралауды қамтамасыз ету үшін ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының барлық элементтеріне назар аударған жөн [3].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың бірінші элементі – қолсұғушылықтың объектісінен бастайық.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылықтың объектісі мәселесін, біздің ойымызша, ең алдымен қылмыстық құқықтың, осы жұмыстың бас жағында айтып өткенізімдей, қылмыстың объектісі теориясы саласындағы қазіргі жетістіктері тұрғысынан зерттеу керек.

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген құқық қорғау органы, арнаулы

мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қылмыстық жауаптылық көзделген қолсұғушылық қылмысының құрамы ҚР ҚК 16-Тарауындағы «Басқару тәртібіне қарсы қылмыстар» тақырыбына кірген [8].

С.С. Молдабаев пікірінше, қылмыстық құқықта объектінің үш түрі бар: жалпы (қылмыстық қолсұғушылықтан қылмыстық заңмен қорғалған барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы); тектік (қылмыстық заңмен қорғалған қоғамдық қатынастардың тобы. ҚР ҚК ерекше бөлімін жүйелеудің өлшемі болып табылады); тікелей (қылмыстық құқық бұзушылық жасалу нәтижесінде зиян келтірілетін нақты қоғамдық қатынас) [149, 5 б.].

Бұл мәселеде Ресей ғалымы А.И.Чучаева «тігінен»: жалпы, тектік, түрлік, тікелей деп бөлгені назар аударуға тұрарлық. «Көлденеңінен» жіктеу тікелей объект деңгейінде ғана жүреді: негізгі, қосымша және факультативті тікелей объект.

А. П. Козлов пікірінше, жоғарыда аталған объектілердің сипаты мынадай:

1. Жалпы объект дегеніміз –қылмыстық құқықпен қорғалатын қоғамдық қатынастардың бүкіл жиынтығы.
2. Тектік объекті дегеніміз – әөзара байланысты қылмыстық-құқықтық нормалармен қорғалатын біртекті (мазмұны бойынша бірдей немесе өзара жақын) қоғамдық қатынастар тобы.
3. Түрлік объект дегеніміз – тектік объектілер арасындағы қатысушылары бір немесе белгілі бір объектінің белгілі бір мүдделерінің тығыз байланысты екенін көрсететін қатынастарының бөлігі.
4. Тікелей объект дегеніміз – қылмыстық қолсұғушылық бағытталған және қылмыс жасалған сайын зиян келтірілетін нақты қоғамдық қатынас.
5. Қосымша объект дегеніміз – негізгі объектпен қатар зиян келетін немесе зиян келу қаупі төнетін қоғамдық қатынас.
6. Факультативті объект дегеніміз – оқылмыстық-құқықтықпен қорғалатын, қылмыстың осы түрі жасалған кездердің бәрінде зиян келе бермейтін қоғамдық қатынас [150, 88 б.]

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың тікелей объектісі осы баптың диспозициясында аталған лауазымды тұлғалардың іске асырған басқару органдарының қаыпты жұмы сістеуі, ал қосымша объектісі – билік өкілі мен оның жақындарының денсаулығы мен жеке басына тиіспеушілік [8].

ҚР ҚК 380-1-бабының құрамындағы қылмыстың объектісінің міндетті белгісі, жоғарыда атап өткеніміздей, лауазымды тұлғалардың билік өкілі санатына жатуы, сондай-ақ олардың денсаулығы мен өмірі, олардың жақындарының денсаулығы мен өмірі болып табылады, себебі бұл жерде әңгіме құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне

олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындақолсұғушылық туралы болып отыр [8].

Салыстырған кезде анық көрінетіндей, ҚР ҚК 380-1-бабы мен РФ ҚК 317-бабының бір-бірінен конструктитвті ерекшелігі лауазымды тұлғалардың санатынан, өмірге қолсұғушылық ұғымына берген анықтамасынан, лауазымды тұлғалардың атқаратын функцияларын нақтылауынан, сондай-ақ қолсұғушылықтың мақсатынан көрініп тұр [8, 20].

Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің құрылымының Қазақстан Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексінің құрылымынан теориялық және пратикалық жағынан белгілі бір артықшылықтары бар [20].

Сонымен қатар териялық тұрғыдан қылмыстың объектілерінің бес бөлімнен тұратын жіктеуі қылмыстық құқық териясының қазіргі дамуының қылмыс объектісінің мәселелерін теориялық зерттеу саласындағы деңгейіне сәйкес болып отыр. Практикалық тұрғыдан Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексі мен Қаақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің ерекше бөлімдерін қылмысты қылмыс объектілерінің белгілеріне қарап дұрыс саралау мәселесін шешу үшін қолдану қазіргі кезде ыңғайлы және қолайлы болып отыр [20].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының тергеушілер мен анықтаушылар назар аударуы тиіс екінші элементі – объективтік жағы [45].

Қылмыстық құқықта қылмыстың объективті жағы қылмыстың құрамының міндетті элементі ретінде қылмыстық заңмен қорғалатын объектіге қоғамға қауіпті қолсұғушылық іс-әрекеттің сыртқы жағын сипаттайды.

В.Н. Кудрявцев сөзінше, қылмыстық құқық теориясында қылмыстың объективті жағы заңмен қорғалатын объектіге қоғамға қауіпті қолсұғушылықтың сыртқы көрінісі ретінде, яғни зиян келтіру немесе зиян келтіру қаупін төндіру көрінісінен байқалады. Нақтырақ айтсақ, қылмыстың объективті жағы қылмыстық заңмен қорғалған қандай да бір объектіге қоғамға қауіпті қолсұғушылықтың сыртқы нысанынан көрініс табады [151, 139 б.].

Қолсұғушылықтың ең сыртқы әрекеті сыртқы кейпінде адамның объективті кейіптегі және қылмыстық заңмен қорғалған объектіге зиян келтірген немесе зиян келтіру қаупін төндірген жүріс-тұрысынан көрініс табады.

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген іс-әрекеттің құрамының объективті жағының мазмұнына талдау жасай келе мынан айтуға болады: оған кез келген қылмыстың құрамының объективті жағының мазмұнына тиесілі сипаттамалық белгілер тиесілі, оны осы жұмыста жоғарыда келтірілген теориялық түйіндер мен ережелер, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу

мақсатындақолсұғушылық мәселелері жөніндегі сот сот және тергеу практикасының жекелеген мысалдарынан көруге болады [8].

Аталған лауазымды тұлғалар мен олардың жақындарының денсаулығына зиян келтірудің салдары, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздік мүддесіне қауіп төндіру; іс-әрекет пен келтірілген не келтірілуі мүмкін болған салдардың арасындағы себеп-салдарлық байланыс та жатады.

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген іс-әрекеттің объективті жағы өмірге қолсұғушылықпен байланысты, яғни құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылық, яғни қазаға ұшыратуға бағытталған қасақана әрекеттер [8].

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген іс-әрекеттің объективті жағын саралаған кезде біріншіден осы аталған лауазымды тұлғалар мен олардың жақындарын қазаға ұшыратуға бағытталған белсенді әрекеттер туралы айту керек. Екіншіден, өмірге қолсұғушылық тек қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты болуға тиіс. Үшіншіден, өмірге қолсұғушылықтың аталған лауазымды тұлғалардың қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатымен себеп-салдарлық байланысы болуы мүмкін. Төртіншіден, бұл бапта көрсетілген іс-әрекетті саралған кезде ҚР ҚК 380-1-бабында аталған тұлғалардың әрекеттерінің құқыққа сай екенін анықтап алудың маңызы зор, әйтпесе лаузымды тұлғалардың әрекеттерінің заңсыдығы туралы факт анықталса, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне қолсұғушылық жасаған адамның әрекеттері жеке адамға қарсы қылмыстарға жатады не өмірге қолсұғушылықты қажетті қорғаныс жағдайында жасалған әрекетке жатқызса қылмыс болып танылмайды. Бесіншіден, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне қолсұғушылық тек осы аталған лауазымды тұлғалардың қызметтік міндеттерін орындауына байланысты болуға тиіс [8].

Қылмыстың құрамының объективті жағының келесі міндетті белгісі – қылмыстың салдары. ҚР ҚК 380-1-бабына қатысты айтар болсақ, өмірге қауіпті қолсұғушылық фактісінің болуы [8].

ҚР ҚК 380-1-бабында көзделген іс-әрекеттің субъективті жағы қолданыстағы қылмыстық заңнамада қылмыстың субъективті жағы мәселелерін реттейтін заң нормаларының ерекшеліктерін жеткілікті және дұрыс ескерген кезде ғана, сондай-ақ қылмыстық құқықтың қазіргі заманғы теорияларының қылмыстың объективті жағы мәселелерін зерттеудегі жетістктерін қолданыстағы қылмыстық заңға енгізілген өзгертулерге байланысты ескерген кзеде ғана толық ашуға болады
.

ҚК 19-бабының 2-тармақшасын сәйкес объективті айып тағуға, яғни

кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.

Заң әдебиетінде заңгер ғалымдар субъективті айып тағу принципін заңда бекітілген қалпында әртүрлі қабылдап және әртүрлі бағалап жүр. «Заңда субъективті айып тағу принципін қалыптастырған заң шығарушыға, – деп жазады

А.П. Козлов, – тіпті бұны екіұшты түсініп жатсақ та, алғыс айту керек. Заң шығарушы субъективті айып тағуды ең алдымен объективті айып тағуды теріске шығару үшін енгізген, бірақ ол принципті ткелей теріске шығару керек еді, себебі құқық қолданушыға заңда тікелей көрсетілген қылмыстық-құқықтық санаттармен, институттармен жұмыс істеген әлдеқайда ыңғайлы» [150, 386 б.].

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің және олардың жақындарының өміріне қолсұғушылықтың субъективтік жағына кінәнің қасақана нысаны ғана тән.

Біз қарастырып отырған қылымыстың осы ерекшелктеріне байланысты қылмысты саралау мен қылмыстық жауаптылыққа тарту процесінде қылмыскердің тұлғасының мотивациялық құрылымын маңызды құмарлығы, тілегі, мүддесі, қажеттілігі және ниеті жүйесі тұрғысынан бағалау керек, көп жағдайда нақты адамның жүріс-тұрысының өзара байланысын ескере отырып мұқият зерттеу керек.

Г.Ф.Поленов пікірінше, қылмысты тұтастай сипаттау кезінде есірткі немесе психотроптық заттарды таратушының мүдделері, тілектері, қажеттіліктері және мақсаттары (белгілі бір дәрежеде) қоғамға қарсы қызметті жүзеге асыратын ұйымдасқан қылмыстық құралымның тілектерімен, мүдделерімен және қажеттіліктерімен сәйкес келу фактісін есептен шығаруға болмайды. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне қолсұғушылық қылмысының субъектісінің тұлғасының мотивациялық құрылымындағы психикалық процестерді зерттеу осы қылмысты сипаттау мен бағалаудың қолайлы болуы үшін, белгілерін сапасына қарай жүйелі қарастыру үшін қажет [152, 85 б.].

Академик В.Н. Кудрявцев қылмысқа дайындалу мен жасауды жоспарлау кезінде мотивациялық рольге ие психикалық құбылыстардың жүйесін қалыптастырып ұсынған. В.Н. Кудрявцев бұл жүйеге мыналарды қосқан: адамның қажеттілігі мен құмарлығын; жоспары мен қиын жағдайын; құндылықтарын [151, 43 б.].

Қандай да бір адамды құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында қолсұғушылықтың субъектісі ретінде мойындау қазіргі заманғы қылмыстық құқықтағы жетістіктерді ескере отырып қылмыстың субъектісі ұғымының сипатымен байланысты мәселелерді анықтау, қылмыстыңсубъектісінің міндетті және факультативті белгілерін сипаттау мен ашу дегенді білдіреді.

Профессор А.Н. Игнатов былай деген: «Қазіргі кезде әр елдегі қылмыстың субъектісі ұғымы мен белгілері әртүрлі. Әр елдің заңнамасында қылмыстық жауаптылық туындайтын жас та әртүрлі. Мысалы Англияда қылмыстық жауаптылыққа 10 жастан, Үндістанда 12 жастан, жекелеген жағдайларда 7 жастан, Францияда 13 жастан, ГФР-да 14 жастан тартуға болады.

Есі дұрыс болу ұғымы, яғни қылмыс жасаған адамның психикалық жай-күйіне байланысты қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайтын белгілерінің анықтамасы да әр елдің заңнамасында әртүрлі.

Кей елде, мысалы Францияда, Үндістанда, АҚШ-тың кейбір штаттарында заңды тұлғалар да қылмыстық жауаптылыққа тартылады» [153, 42 б.].

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген іс-әрекетті саралаудағы маңызды нәрсе қылмыстың құрамының келесі элементі – қылмыстың субъектісі.

И.Г. Набиев сөзінше, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында қолсұғушылық үшін қылмыстық жауаптылықты анықтау мен қандай да бір адамды қылмыстың субъектісі ретінде тану туралы ұсыныс қылмыстық құқық теориясы мен қылмыстылықпен күресті ұйымдастыру практикасында қылмыстың субъектісінің сипаттамасындағы қалыптасқан дәстүрлі санаттар мен ұғымдарды да, шетелдердің заң шығару жұмысының оң нәтижелерінен алынған санаттар мен ұғымдарды да, қылмыстық құқық теориясының қазіргі земендағы қылмыстың субъектісі мәселелерін теориялық зерттеу саласындағы тұжырымдамалық ережелерді де пайдалану керек [154, 37 б.].

Сондай-ақ заң практикасында адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту мен жасалған қоғамға қауіпті іс-әрекетті қылмыстың суюъектісінің белгілері бойынша саралаудың қылмыстық құқық нормалары мәселелерін шешудің үрдістеріне де назар аударған жөн.

Қылмыскердің тұлғасының қауіптілігін бағалауды ажырата білген жөн және оны қылмыстың субъектісі ұғымынан, оның қауіптілік деңгейінен ажырата білі керек, сондай-ақ осы мән-жайды қылмысты қылмыстың субъектісінің белгілері бойныша саралау мәселесін шешуде ескеру керек.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында қолсұғушылықтың субъектісінің есі дұрыстығының медициналық өлшемдері оның осы қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған кездегі психикасының жай-күйін сипаттайды. Демек индивидтің қандай да бір психикалық ауруы, ақыл-есінің дамуындағы кемшілігі жоқ екені туралы мәселені анықтап алу керек.

Қылмыстық құқық теориясында есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психиканың бұзылуы аздаған, ішінара есі дұрыстық атауына ие болған.

«Қылмыстық заңнамада, - дейді профессор Е.И. Каиржанов, - аздаған, (шектеулі) есі дұрыстықты қолдануға болады. Бұл есі дұрыстықтың медициналық өлшемдеріне сәйкес немесе адамның ауру формальды емес дамуының кесірінен оның өзінің жасаған іс-әрекеттерінің әлеуметтік және құқытық маңызын түсінбеуі не оларға ие бола алмауы. Аздаған есі дұрыстық жазаны жеңілдетуге негіз болып табылады» [155, 101 б.].

Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды заңсыз таратқаны үшін қылмыстық жауаптылық белгілеу қажет жасты ҚК-нің 15-бабының 1-бөлігіне сәйкес: "қылмыс жасалған уақытта он алты жасқа толған адам қылмыстық жауаптылыққа жатады"деп тану орынды болып табылады [8].

Заң шығарушылар қылмыстық жауаптылық туындайтын жасты осы мәселені шешуде медицина, педагогика және психология саласында берілген ұсынымдардың талаптарын өатаң ескере отырып бекіткен.

Мұндай талаптардың контексінде заң шығарушы қылмыс жасаған адамның қылмыстық жауаптылықты орындау қабілетін бекіткен жасына қатысты айтар болсақ, қылмыстың субъектісінің бұл белгісі, көп ғалымдардың ойынша, қылмыстық құқық ғылымы тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ медицина, психология, педагтгика және басқа ғылымдар тұрғысынан да тереңірек зерттеуді, пайымдауды талап етеді.

Сондықтан криминология ғылымында білімнің бұл саласының пәнінің бір элементі қылмыстың субъектісі ұғымынан кеңірек ұғым қылмыскердің тұлғасы ұғымы болып табылады.

Н.М. Кропачевтің пікірінше, қылмыскердің тұлғасына қылмыстың субъектісіне тән қылмыстық-құқықтық сипаттамадан бөлек «адамның әлеуметтік ортаның ықпалымен қалыптасқан және қылмысты жасауға айтарлықтай ықпал еткен қасиеттерінің жиынтығы» жатады [156, 60 б.].

Сондықтан құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшіңжәне олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында қолсұғушылық үшін қылмыстық жауаптылықтың заңда бекітілген жасы – 16 жас медицина, психология және педагогика саласындағы ұсынымдарға негізделген.

16 жасқа толған адам қылмыс жасау кезінде өзінің әрекеттерінің қоғамға қауіптілігін және зиянды салдарларын толық көлемде ұғына алады, сондай-ақ оларға ие бола алады.

16 жасқа толған адам қоғамдық қауіпті және зиянды салдарларды толық көлемде ұғына алады, сондай-ақ есірткі немесе психотроптық заттарды заңсыз тарату кезінде өз іс-әрекеттерін басқара алады.

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген іс-әрекеттерді дұрыс саралау үшін олардың ҚР ҚК Ерекше бөлімінде көрсетілген аралас құрамдармен ара қатынасын анықтап алудың маңызы зор.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңөміріне қолсұғушылықтың адамның қызметтік жұмысын жүзеге асыруына не кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты осы адамды немесе оның жақындарын өлтіруден айырмашылығы ең алдымен осы қылмыстардың объектілерінің ерекшеліктерінде. ҚР ҚК 380-1-бабыҚР ҚК 99-бабының 2) тармақшасына қарағанда арнайы норма [8].

Бұл баптың диспозициясында нақты мақсаты бар - құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, не қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысушы әскери қызметшінің заң жұмысына кедергі жасау мақсатында қазаға ұшырату немесе немесе олардың жақындарын қазаға ұшырату мақсатында қолсұғушылық.

Бұл аталған қылмыстық іс-әрекеттердің объектілері әртүрлі. ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігінің 2) тармақшасында негізгі тікелей объектісі жәбірленушінің өмірі болып тұр; адамның қалыпты қызметтік жұмысын жүзеге асыруы мен қоғамдық борышын орындауы жеке адамға қатысты осы қылмыстың қосымша тікелей объектісі болып тұр [8].

ҚР ҚК 380-1-бабы мен ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігінің 2) тармақшасын бір-бірінен қылмыстың объективті жағының белгілері бойынша ажыратқан кезде заң шығарушылар ҚР ҚК 99-бабында қылмыстың материалдық құрамын көрсеткенін және бұл қылмысты аяқталған деп тану үшін жәбірленушіні қазаға ұшыратқан болуы керек екенін көреміз. Сонымен қатар адам өлтіруге оқталу жәбірленушіні қазаға ұшыраптаған болса оны ҚР ҚК 24-бабының 3-бөілігі мен 99-бабы бойынша саралған жөн екенін көреміз [8].

ҚР ҚК 380-1-бабында көзделген қылмыстың құрамы арнайы құрам болып саналады, яғни құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне қолсұғушылық ҚР ҚК 380-1-бабында нақты айтылған және ҚР ҚК 24-бабына сілтеме жасауды талап етпейді [8].

ҚР ҚК 380-1-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартудың қажетті шарты жәбірленушінің өз функционалдық өкілеттігінің негізінде заңды әрекеттер жасауы болып табылады.

Бұл құрамдарды қылмыстың субъектісінің белгілері бойынша ажыратқан кезде адам өлтіру үшін жауаптылық 14 жастан басталса, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне қолсұғушылық 16-жастан басталатынына назар аударған жөн [8].

ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген қылмысты жасаған сәтте он төрт жасқа толған, бірақ он алты жасқа толмаған сыбайлас қатысушылардың әрекеттерін саралаудың ерекшеліктері бар. Мысалы екі сыбалйас қатысушы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне қолсұғушылық жасаған болса, сол сәтте біреуі он

алты жасқа толмаған болса, ол адам ҚР ҚК 380-1-бабы бойынша жауаптылыққа тартылмайды. Демек ол ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген қылмыстың құрамына сай жасқа толмағасын оның әрекеті жатпайды, сондықтан ол адам ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген жауаптылыққа тартылмайды [8].

Оның әрекеттері ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігінің 2) тармақшасына сай сараланады. Бұл бап бойынша жауаптылық 14 жаста туындайды. Ал 16 жасқа толған сыбайлас қатысушы жауаптылығы осы жастан бастап туындайтын ҚР ҚК 380-1-бабы бойынша жауаптылыққа тартылады.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңнемесе олардың жақындарының өміріне олардың қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерін атқаруына байланысты қолсұғушылық пен олардың қызметтік міндеттерін атқаруына не қоғамдық борышын атқаруына байланысты қолсұғушылықты субъективті жағы бойынша ажыратуға назар аударған жөн [8].

Көріп отырғанымыздай, бұл қылмыстардың өзара айырмашылығы бар. ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңнемесе олардың жақындарының өміріне қолсұғушылықта адамды қазаға ұшыратуға тікелей пиғыл болады.

Бұл қылмыстың субъективті жағы – заңды қызметіне кедергі жасау немесе қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу бұл қылмысты ҚР ҚК 99-бабымен емес, ҚР ҚК 380-1-бабымен саралау керек екенін көрсетіп отыр [8].

Демек осы аталған тұлғалардың өміріне жеке басы араздығының негізінде қолсұғушылықты жеке адамға қатысты қылмыс ретінде саралау керек.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшініңжәне олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттеріне қатысты емес, басқа міндеттерін атқаруы барысында жасалған қолсұғушылықты егер жәбірленушіге қаза келтірілген болса ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігінің 2) тармақшасы бойынша, ал кінәлі адамға байланысты емес жағдайлар бойынша жәбірленушіге қаза келтірілмеген болса ҚР ҚК 24-бабының 3-бөлігі мен 99-бабының 2-бөлігі бойынша сараланғаны жөн [8].

ҚР ҚК 380-1-бабы мен 99-бабын ажыратқан кезде біріншісінің ерекшелік белгілері жәбірленушінің тұлғасын сипаттайтын ерекшеліктер екенін есте сақтаған жөн [8].

Бұл реттегі жәбірленуші тек құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері, әскери қызметшіжәне олардың жақындары болуы мүмкін және қылмыс ҚР ҚК 380-1-бабында көрсетілген мақсатта және себеппен жасалған болады. Қылмыстың себебі олардың қызметтік міндеттері екені анықталуы тиіс.

Сондықтан құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің өміріне жалпы ашу-ызаның негізінде жасалған қолсұғушылықты (мысалы полиция формасын кигені үшін ғана өлтірсе) жәбірленуші қандай да бір құқық қорғау органының қызметкері болғаны үшін ғана ҚР ҚК 380-1-бабы

бойынша саралауға болмайды. Мұндай іс-әрекетті ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігінің 2) тармақшасы бойынша саралаған жөн [8].

Қылмысты ҚР ҚК 380-1-бабы бойынша саралауға қылмысты жасаудың тәсілі мен басқа да мән-жайлар әсер етеді. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықты банда мүшелері, мысалы банданың шабуылының алдын алу немесе банда мүшелерін ұстап алу кезінде жасайтын кезі жиі кездеседі [8].

Қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысушы адамды абайсызда қазаға ұшыратуды ҚР ҚК 104-бабы (Абайсызда қазаға ұшырату) бойынша саралау керек [8].

ҚР ҚК 380-1-бабына келесі бір ұқсас бап ҚР ҚК 380-бабының (Билік өкіліне қатысты күш қолдану) басты ерекшелігі қолсұғушылықтың мазмұнында ғана, яғни ҚР ҚК 380-1-бабында өмірге қауіпті қолсұғушылық туралы айтылса, ҚР ҚК 380-бабында өрміге қауіпті емес қолсұғушылық туралы айтылған. Ал шын мәнінде қосұғушылықтың бұл екі түрінің шекарасын ажырату қиын [8].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, өмірге қауіпті қолсұғушылық фактісін дәлелдеу өте қиын.

ҚР ҚК 380-1-бабына келесі бір ұқсас бап ҚР ҚК 408-бабы (Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғу). Бұл екі құрамның арасында ұқсастық көп, себебі екеуінде де өмірге қолсұғушылық туралы айтылған және басты жәбірленушілері сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізіп отырған құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері.

ҚР ҚК 380-1-бабына келесі бір ұқсас бап ҚР ҚК 409-бабы (Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері). Бұл құрамдардың басты айырмашылығы қолсұғушылықтың мазмұнында. ҚР ҚК 380-1-бабында өмірге қауіпті қолсұғушылық туралы атылса, ҚР ҚК 409-бабында өрміге қауіпті емес қолсұғушылық туралы айтылған [8].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, өмірге қауіпті қолсұғушылық фактісін дәлелдеу өте қиын.

Сондай-ақ бұл құрамдардың айырмашылығы қолсұғушылықтың объектісі мен жәбіренушілерінде де бар. ҚР ҚК 380-1-бабында қолсұғушылықтың объектісі мемлекеттік органдардың қалыпты жұмысы болса, ҚР ҚК 408-бабында – сот төрелігі. Ал өмірге қолсұғушылықтың мазмұны, мақсаты, себебі ұқсас.

Жоғарыда аталған мән-жайларды құқық қолдану қызметі барысында ескерген жөн.

3 ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНЫ, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӨМІРІНЕ ҚОЛСҰҒУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

3.1 Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа жалпы әлеуметтік деңгейдегі қарсы іс-қимыл

Кез келген қылмыспен, оның ішінде біз қарастырып отырған Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықпен күрестің басты бағыттарының бірі оның алдын алу. Қылмыстың негативті салдарымен күрескеннен оның жасалуының детерминантарын жоя алдын алған жеңілірек.

П.В.Агапов, Г.В.Антонов-Романовский, В.К.Артеменков, ғалымдардың пікірінше, қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері белсенді ғылыми зерттеліп жатқанына қарамастан криминалдық іс-әрекеттердің алдын алудың бірауыздан және заң тұрғысынан анықтамасы әлі берілмеген [157, 11 б.].

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы іс-қимылмен байланысты аспектілерді жалпы әлеуметтік деңгейде бөліп көрсету үшін бұл мәселенің жекелеген теориялық ережелеріне үңілейік [3, 4, 5].

Біздің ойымызша, біз қарастырып отырған мәселенің маңызын, оның әлеуметтік сипатын ескере отырып, мемлекеттегің жалпы әлеуметтік сипатта жүргізіліп отырған қай шаралар құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы іс-қимыл шараларының тиімділігіне оң әсер ететінін анықтап алу керек.

Оның үстіне әңгіме жағымды функция атқарып отырған лауазымды тұлғаларды – қоғамды қылмыстық көріністерден қорғаушыларды қорғау туралы болып отыр.

Г.М. Миньковский сөзінше, криминологияда қылмыстылықтың алдын алу қылмыстылықтың себептері мен алғышарттарын жоюға, азайтуға немесе бейтараптандыруға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық іс-шаралардың көпдеңгейлі жүйесі ретінде қарастырылады. Қылмыстылықтың және жекелеген қымыстардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар барлық криминологиялық зерттеулердің соңғы нәтижесі мен тиімділігінің көрсеткіші болып саналады [158, 156 б.].

А.И. Долгова сөзінше, қылмыстылықтың алдын алу дегеніміз – ең алдымен, профилактикалық жұмыстардың әдістері мен нысандарын құқықтық реттеу заңдарының болуы. Әзірленген профилактикалық іс-шаралар елдегі нақты қалыптасқан жағдайға сай болуы керек, сондай-ақ осы превентивті шараларды жүзеге асыру арқылы криминогенді процестергі ықпал ете алу үшін осы криминогенді

процестердің тиісті үрдісіне сай болуы керек. Әзірленген профилактикалық іс-шаралардың жемісті болуы тіркелген қылмыстардың жай-күйі, динамикасы және құрлымы туралы мәліметтердің жеткілікті болуына, жүргізіліп жатқан жекелеген ғылыми зерттеулердің нәтижесіне, қандай да бір қылмыс түрінің дамуының сараптама бағалауының негізінде жасалған болжамына байланысты болады. Қажетті мәліметтер мен алынған ақпаратға тиісті талдаудың жиынтығы алға қойған мақсатқа жету үшін нақты шараларды енгізуге немесе профилактикалық іс-шараларды жетілдіруге мүмкіндік береді [147, 29 б.].

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық ерекшеліктерін қарастыра отырып осы негативті және қоғамға қауіпті құбылыстарға жалпы әлеуметтік деңгейде қарсы іс-қимылдың қолайлы нысандарын таба аламыз [8].

Қарсы іс-қимылдың нысаны мен әдісін таңдаған кезде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықпен байланысты қазіргі кездегі қылмыстылықтың ерекшеліктерін, әсіресе белгілі Ресей криминолог ғалымы А.И. Долгова дұрыс айтып өткендей, бұл қылмыстың мемлекет пен қоғам институттарын өз мақсатында пайдалануға тырысқан ұйымдасқан түрлерінің ерекшеліктерін ескерген жөн [159, 356 б.].

А.И. Долгова ұйымдасқан қылмыстың криминалды іс-әрекеттері заңды кәсіпкерлікпен немесе қоғамда рұқсат етілген, кейде тіпті қоғамда оң бағаланатын басқа да қызметтермен ұштасатынын, сондықтан мұндай ұйымдасқан қылмыстарды халықтың бір бөлігінің наразылығын тудырмай бөліп көрсету қиын екенін атап айтқан. Сондай-ақ мұндай іс-әрекеттер мұқият жасырылған болатынын, заң шығарушылардың кемшіліктері мен дұрыс емес құқықтық шешімдерін дер кезінде белсенді пайдаланатынын атап айтқан [159, 358 б.].

Қазіргі қылмыстылықтың әлеуметтік-экономикалық аспектілері мен құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық сияқты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер ретіндегі түрлерін ескере отырып, біздің ойымызша, бұл қылмыспен күрестің басты бағыты әртүрлі (жалпы әлеуметтік, арнайы криминологиялық) деңгейдегі кешенді профилактика болуы керек деген қорытындыға келдік.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы іс-қимылд мәселерін азаматтық қоғамның қолдауынсыз, тек құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік органдарының, әскери қызметшілердің сәтті шешуі өте қиын екені белгілі.

Қылмыс профилиактикасы теориясы пайда болған кезеңнің өзінде белгілі совет ғалымы А.Б. Сахаров «қылмыс профилактикасы» ұғымының өзі негізінен қылмыстың жасалуына себеп болатын әлеуметтік шаралар мен іс-әректетер түрлерінің белгілі бір жүйесі деген болатын.

Бұл шаралар қоғам өмірінің әртүрлі салаларындағы қоғамдық қатынастардың дамуына жағдай жасай отырып, яғни белгілі бір бағытқа ұмтылмай-ақ, қылмыстылықпен күрес мәселелерін шешуге көмектеседі және қылмыстық көріністердің алдын алудың арнайы криминологиялық шараларын қолданудың тиімділігінің негізі бола алады. Ал арнайы криминологиялық деңгейдегі шаралар нақты криминологиялық факторларды жоюға, қылмыстылықтың алдын алуға бағытталады да, оның негізгі, кейде тіпті жалғыз шарасы болып табылады [160, 69 б.].

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық профилактикасы бір бөлігі болып саналатын қылмыстылыққа кешенді профилактика жалпы мемлекеттік әлеуметтік сипаттағы міндет болып саналады [8].

А.Х. Миндагулов сөзінше, Қазақстан егемендігін жариялаған алғашқы күндерден бастап қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі белсенді күресті бастаған және оның басым ақсаты қылмыстың алдын болып отыр.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа профилактикалық ықпал етудің тиімділігі көптеген алғышарттарға байланысты.

Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- бағалау санаттарының (қылмыстылықтың сандық және сапалық көрсеткіштерінің) сенімділігі мен толық болуы;
- Профилактикалық ықпал ету объектісі туралы толық мағлұматтың болуы;
- Профилактикалық ықпал ету үшін қажет күштер мен құралдардың болуы;
- жоспарланған іс-шаралардың ғылыми негіздігі мен іске асырудың мүмкін болуы [161, 86 б.].

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы профилактикалық жұмыстың тиімділігін бағалау профилактикалық ықпал ету объектісін басқару «технологиясына» үңілеуге ғана емес, сондай-ақ осы қолсұғушылықтың қосымша ерекшеліктерін анықтауға, профилактикалық жұмыстың жалпы шығын құнын анықтау мен белгілеуге де мүмкіндік береді.

Бірақ құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа профилактиканың тиімділігін барлық деңгейде бағалау өте қиын, себебі бағалау өлшемдері қажет.

А.Х. Миндагулов сөзінше, профилактикалық ықпал етудің әртүрлі субъектісі түрінде болуы мүмкін объектісі туралы нақты түсінік жоқ кезде құқық қорғау праткикасында әдетте профилактикалық жұмыс тек құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың жай-күйіне және басқа себептері мен алғышарттарына жалпы ықпалының негізінде ғана жүзеге асырылады және бағаланады.

Нақты жоспарланған қандай да бір профилактикалық шаралардың

тиімділігіне талдау жасалмайды. Дегенмен профилактикалық жұмыстың тиімділігін бағалау мәселесін Ресейдің де, Қазақстанның да ғалымдары толық зерттегенін атап өткен жөн [161, 89 б.].

Дегенмен құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықпен байланысты қылмыстарға профилактиканың тиімділігінің көрсеткіштері мен өлшемдері мәселесі, әсіресе бұл қылмыстарға профилактиканың ерекшеліктері туралы мәселе қазіргі кезге дейін егжей-тегжейлі зерттелмеген, яғни аз зерттелген болып отыр.

Қызметтік іс-әрекеттерді алдын ала бекітілген белгілі бір өлшемдер бойынша үнемі талдау мен есептеу процесінде бүкіл істелген жұмысты бағалауға негіз болатын профилактикалық іс-шараларды орындаудың тиімділігінің көрсеткіштерін ұдайы жетілдіріп және түзеп отыру керек. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа профилактиканы ұйымдастырудың тиімділігі дәл осыдан көрініс табады [162].

Біздің құқық қорғау жүйеміздің кемшілігі құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықпен байланысты жалпы қылмыстылық туралы алынған ақпаратты негізінен жинақтап қана қоятынында, яғни терең талдау жасамайтынында жатыр [162].

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықпен байланысты құқық қолдану пратикасын ғылыми қамтамасыз етудің жоқ болуы осы процесті жүзеге асыратын құқық қорғау органдарында қылмыстылықты талдау жұмыстарының, факторлық терең талдау жұмыстарының және болжам бағытының болмауына әкеліп соғып отыр [163].

Құқық қорғау органдары ең алдымен жедел-тергеу бөлімшелерінің және басқа қызмет бөлімшелерінің жұмысын жетілдіре түсетін ғылыми ұсынымдарды алып отырған жоқ [163].

Т.К. Акимжанов сөзінше, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа профилактика қажет [164, 13 б.].

Құқық қорғау органы, арнаулы мем-лекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықпен байланысты қазіргі кездегі қылмыстылықтың сипатын ескере отырып, жоспарланған профилактикалық іс-шаралар кешенді сипатта болуға тиіс екеніне назар аударған жөн.

Сонымен құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы іс-қимылдың жалпы тұжырымдамалық аспектілерін жалпы әлеуметтік деңгейде қарастыра келе мемлекеттік көлемде жүргізілуі тиіс бұл жұмыстың негізгі бағыттарын атап көрсетейік. Яғни бұл жұмыс құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа ғана қарсы іс-қимыл

түрінде болмауға тиіс [3, 4, 5, 165].

Олар тікелей қарсы емес, бірақ мұндай қарсы тұру үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Бірінші бағыты. Үш құрылымның да: құқық қорғау органының, арнаулы мемлекеттік органның, әскери қызметшінің қоғамдағы беделін қамтамасыз ететін мемлекеттік деңгейдегі кешенді шаралар .

Е. Каиржанов пікірінше, еліміздің кеңес кезеңіндегі дамуында бұл үш құрылым мен оның қызметкерлерінің қоғамдағы беделі мен құрметі оарасан зор болған. Мемлекеттің жүргізіп отырған саясаты осы үш құрылымның бұқаралық ақпарат құралдарындағы, әдеби туындылардағы, кино және телебағдарламалардағы беделін нығайтуға бағытталған. Кейін КСРО ыдырағасын 90-жалдардың басында деидеологизация процесі басталып, осы кезге дейін жүргізілген саясатқа басқаша көзқарас қалыптасып, онысы құқық қорғау органдарына, арнаулы мемлекеттік органдарына, қарулы күштерге де әсер еткен. Осы құрылымдарды дискредитацилау кезең басталған. Бұл азаматтық қоғамның, әсіресе жастардың көзқарасының негативті бағытға өзгеруіне әкеліп соққан. Тек осыдан кейін ғана мемлекет азаматтық қоғамның осы құрылымдарға деген көзқарасын өзгерте алған. Қазіргі кезде құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың және қарулы күштердің азаматтық қоғам алдында жоғалтқан беделінің қайта қалпына келіп жатқаны байқалады [167, 42 б.].

Көріп отырғанымыздай, ҚР Заңының кез клеген тармағын жүзеге асыру құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерін, әскери қызметшіні өміріне қолсұғушылықтан тікелей қорғауды қамтамасыз етуге тікелей қатысты.

Ж.М. Нусенов сөзінше, құқық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, қарулы күштердің беделін нығайтудың екінші бағыты осы құрылымдардың материалдық және әлеуметтік-құқықтық аспектілерін нығайту болып саналады. Мәртебесі мен материалдық қамтамасыз етуін жақсарту олардың азаматтық қоғамдағы беделінің өсуіне себеп болады [168, 63 б.].

Е.А. Джубанов сөзінше, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің еңбекақысын әрі қарай өсіру, осы құрылымдардың қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің әлеуметтік пакетін (медициналық қамтамасыз етуді, тұрғын үймен қамтамасыз етуді, коммуналдық қызметтер төлемін жеңілдетуді, санаториялық-курорттық емделуді, демалыс кезінде жол жүру ақысын тегін етуді, т.б.) жақсарту мәселелерін қарастыру керек [169, 25 б.].

Н.Д. Тлешалиев пікірінше, КСРО кезіндегі құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, әсіресе ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қоғамдық көлікте тегін жүруді бұл норма ел бюджетіне айтарлықтай шығын әкелмесе де алып тастау бұл қызметтің беделіне негативті әсер еткен. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің күнделікті кәсіби қызметінің нәтижесінде мемлекет бюджетіне қандай үлкен сома қайтарылып

жатқанын ескерген жөн [170, 26 б.].

Сонымен қатар мемлекеттік деңгейде құқық қорғау органдарының бірқатар ведомстволық оқу орындарының курсанттарды бакалавриат бағдарламасы бойыеша даярлаудан бас тартуы мен азаматтық жоғары оқу орындарының заң мамандығы түлектерін көп қабылдауы келешекте құқық қорғау органдарының қызметіне негативті әсер етуі мүмкін екенін ескерген жөн. Бұны әсіресе ұзақ жылдар бойы қылмыстық-атқару жүйесі бөлімшелеріне маман дайындап клеген ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының және ІІО жедел-тергеу бөлімшелеріне орта буын кадрларын даярлап келген ҚР ІІМ М.Есбулатов атындағы Алматы академиясының мысалдарынан көруге болады.

Практика көрсетіп отырғандай, шетелдердің құқық қорғау органдарымен, арнаулы мемлекеттік органдарымен, қарулы күштерімен өзара әрекеттестік жұмыс бабындағы кездесу, конференция және кеңесу, жүйелі түрде қызметтік ақпарат алмасу, кең көлемді іс-шаралар мен операциялар өткізу, шекарадағы темір жол, әуе және темір жол көліктері өткел бекеттеріндегі жұмыс нысанында өтеді.

Қазіргі кезде қылмыстық іс-әректетер мен олармен күрес ұғымына әртүрі анықтама беріп жүргеніне қарамастан мемлекет осы саладағы халықаралық ынтымақтастыққа көбірек көңіл бөле бастады. Мұндай ынтымақтастық халықаралық әріптестердің жұмысының жаңа нысаны мен әдісімен, сондай-ақ құқық қорғау жүйесінің инфрақұрылымымен таныстырып қана қоймай, оны Қазақстанның құқық қолдану практикасына енгізуге де мүмкіндік береді.

Мысалы Қазақстандағы Интерпол бюросының қызметі Қазақстан Республикасы ІІМ 2014 жылғы 29 шілдедегі № 477 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Интерпол Ұлттық орталық бюросы туралы ережемен реттеледі [171].

А.Б. Токсанбаевтың пікірінше, Қазақстан Республикасындағы Интерпол Ұлттық орталық бюросының басты мақсаты шетелдік мемлекеттердің құқық қорғау органдарына халықаралық қылмыстылықпен күресте көмек көрсету болып табылады. Бұл көмегі халықаралық қылмыстар мен қылмыскерлер туралы ақпарат алмасудан, шетелдік мемлекеттерден келіп түскен қажетті тергеу және басқа тапсырмалардан, сауалдардан, сондай-ақ оларды тиісті құқық қорғау органдарына және басқа да мемлекеттік органдарға дер кезінде жолдаудан көрініс табады [172, 32 б.].

Халықаралық ынтымақтастықты нығайтуда Тәуелсіз мемлекеттер достастығы аумағындағы ұйымдасқан қылмыстылықпен және қылмыстың басқада қауіпті түрлерімен күрес жөніндегі Бюроның маңызы зор. Бұл Бюроның (БКБОП) жұмысы Мемлекет басшылары мен үкімет басшылары кеңесінің шешімдерін, ТМД қатысушы мемлекеттерінің ішкі істер министрлерінің кеңесінің шешімдері мен тапсырмаларын орындаудан, қылмыстылықпен және терроризммен, есірткі заттардың, психотропті заттардың заңсыз айналымымен күрестің халықаралық бағдарламасын жүзеге асырудан тұрады және Достастық елдерінің ішкі істер

органдарының ұйымдасқан қылмыстылықпен күрестегі өзара әрекеттестігін нығайтуға бағытталған [171].

А.Х. Миндигулов пікірінше, қоғамның әлеуметтік процестерге қатысуының күшеюі оның өкілдерін қоғам мүддесіне қызмет етуге, яғни құқық қорғау органдарына, арнаулы мемлекеттік органдарға және қарулы күштерге көмек беруге тартумен де байланысты

1980-ші жылдары бұл бағыт өте өзекті болғаны сонша, кей ғалымдар профилактика туралы заң қабылдау қажет деген пікірде болған. Кейін профилактика екінші орынға ауысып, бірте-бірте ұмытыла бастаған [173, 8 б.].

Жән соңғысы, Мемлекет басшысының талабының арқасында, жоғарыда айтып өткеніміздей, 2010 жылғы 29 сәуірде Қазақстан Республикасы «Құқық бұзушылықтың профилактикасы туралы» № 271-IV Заң қабылданған [162].

Біздің пікірімізше, профилактикалық ықпал ету шараларын ең алдымен дәл осы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықпен байланысты қылмыстылықпен күресте, бұл қылмыстың қоғамға қауіптілігінің жоғары екенін, кейде тіпті жасырын сипатта болатынын ескере отырып қолдану керек.

Бесінші бағыт. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықпен күрестің тиімділігін қамтамасыз ету көбіне қылмыстылыққа қарсы іс-қимылды тиісті деңгейде құқықтық реттеуге, құқық қорғау органдарының қызметінің тиімділігіне байланысты.

Соңғы уақыттарда бірқатар маңызды заң актілері қабылданып, күшіне енген: 2014 жылы қабылданған және 2015 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару кодексі, Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі және тіпті кемшіліктері болса да жалпы қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл процесі мен соның ішінде экономикалық қылмыстылыққа қарсы процестерді заңмен реттеуге белгілі бір қадам болып саналатын заңдар бар [8].

М.Ч. Когамов 90-жылдардың ортасында-ақ Қазақстанның заң шығару саласындағы жетістіктерін ескере отырып, мемлекетте қылмыстылықпен күрес мәселелеріне тікелей қатысы бар нормалар мен заң актілерінің тұтас жүйесі қабылданған және белсенді қолданылып келеді деп біздің ойымызша дұрыс қорытынды жасаған. Дегенмен оның бұл нормативтік негіздердің кемшіліктері бар және жетілдіруді талап етеді деген пікірімен келіспеуге болмайды [174, 128 б.].

Қоғамдық қатынастардың криминализациялануының алдын алу саласын құқықтық реттеуді жақсартатын және әртүрлі салалардағы қылмыстылықпен күрестің нәтижесін жақсартатын бірқатар заң актілерін қабылдау аса керек.

Өкінішке орай, біз қылмыстың "жасаруы" фактісін және қарама-қарсы сезімдермен қазіргі кәмелетке толмағандардың тез өсу фактісін айтуымыз керек.

Соңғы онжылдықтардағы әлеуметтік катаклизмдермен сипатталатын оқиғалар кешегі балаларды тез "өсуге" мәжбүр етті. Қазіргі уақытта кәмелетке толмағандардың көпшілігі өздерін қоғамның толыққанды мүшелері ретінде сезінеді. Тиісінше, олар мәдени және адамгершілік деңгейіне байланысты өзін ұстайды. Қоғам бұл фактілерге көз жұмуды жалғастыра алмайды. Осы зерттеу аясында Біз өмірге қарсы қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершіліктің ең төменгі жасын төмендету туралы айтып отырмыз [175].

Айта кету керек, заңда қылмыс субъектісінің жасының төменгі шегі ғана белгіленген, жоғарғы жағы жоқ. Бұл барлық жеке тұлғалар, егер олар заңда көрсетілген ең төменгі жасқа жетсе және ақылға қонымды болса, қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын білдіреді.

Экономика саласына заңдар жиынтығын қабылдау кономикалық қатынастар саласын реттеуге және жымқыру мен сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жоюға көмектеседі. Яғни құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өмірін қолсұғушылықтан қорғауға қолайлы орта қалыптастырады [175].

Біздің ойымызша, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы заң қабылдануы керек және ол үшін алдымен қатысушылардың барынша кең ауқымын жинап қоғамдық тыңдау өткізу керек.

Бұл заңның мақсаты мына жағдайларды жасау болуға тиіс:

- мемлекет пен оның тиісті сатыларынцың құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың ерте кезеңінде алдын алу ролін күшейту;
- қабылданатын заң актісі мен оны әзірлеуге жауаптылыққа қойылатын талаптарды күшейту;
- құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық қарсы іс-қимылдың дәстүрлі емес нысандары мен әдістерін іздеу және осы мәселені шешудің отандық және шетелдік тәжірибесін ескеру;
- құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың пайда болуына қарсы іс-қимылдың тепе-тең жүйесін қалыптастыру;
- құқық қорғау органдарын, арнаулы мемлекеттік органдарды, қарулы күштерді кәсібилігі жоғары және лайық мамандармен кадрлық қамтамасыз ету.

Қазақстанның бұрынғы КСРО құрамындағы және егемендік алғаннан кейінгі кезеңдерде қылмыстық саясатын жүзеге асыру тарихы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өмірін әртүрлі қолсұғушылықтан қорғауға бірнеше рет талпыныс жасағанын көрсетіп отыр.

Дегенмен алға қойған мақсатына объективті және субъективті сипаттағы

факторлардың әсерінен жете алмаған. Сондықтан дәл біз ұсынып отырған заңды қабылдау керек деп санаймыз.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшіні қорғауды қамтамасыз етуге тұжырымдамалық көзқарас мемлекеттік құқық қорғау ролін жақсартуға, қорғанысын жақсартуға, Қазақстан Республикасындағы құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті жақсартуға көмектеседі.

3.2 Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа арнайы-криминологиялық деңгейдегі қарсы іс-қимыл

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы іс-қимылды, жоғарыда айтып өткеніміздей, тікелей сипатта болатын және оған қарсы іс-қимылға қолайлы орта жасайтын жалпы әлеуметтік деңгейде қарастырып болғасын, енді арнайы криминологиялық деңгейдегі қарсы іс-қимылға тоқталайық.

Криминология ғылымының жалпы теориялық ережелеріне сүйене отырып, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы іс-қимылдың арнайы ескерту шаралары дәл осы қосұғушылыққа бағытталатынын атап өтейік.

Сонымен қатар құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққақарсы іс*-қимылдың жалпы әлеуметтік және арнайы шаралары өзара байланысты және бір-бірін толықтырып отырады.

Белгілі совет криминологы А.Б. Скаков пікірінше, қылмыстылықтың алдын алу жөніндегі жалпы әлеуметтік шараларды арнайы шаралармен толықтырса ғана ықпалы тиімді болады.

Жалпы әлеуметтік шаралар арнайы профилактика шараларын жүзеге асырудың негізгі алғышарттарын туындатады [176, 5 б.].

Қазіргі кезде алыс және жақын шет мемлекеттерде құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы іс-қимылдың белгілі бір жүйелері қалыптасқан.

Бұл негативті құбылыспен бүкіл әлем күресіп отыр, себебі лауазымды тұлғалардың бұл санаты қоғамның өзін қорғайды және мемлекеттегі құқықтық тәртіп пен қоғнамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Дегенмен құқық қолдану пратикасына, жетекші ғалымдардың пікіріне қарасақ, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы іс-қимылдың оңтайлы жолдары әлі табылмаған, әлі іздеу үстінде. Қазақстан да бұл мәселеден тыс қалған жоқ, бізде де қолсұғушылықтың бұл түріне қарсы іс-қимылдың өз жүйеміз бар.

Әңгіме құқық қолданудың құқық қорғау органдары, арнаулы мемлекеттік органдар, әскери қызметшілер құқық қолдану негізгі субъектісі туралы болып отырғасын ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл жүйесі бүкіл мемлекеттік механизмді қамтуы керек екенін түсіну қиын емес.

Бір айта кететініміз, Қазақстанда құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықпен күресті жетілдіру мәселесін ғалымдардың ешқайсысы монографиялық деңгейде арнайы зерттемеген.

Сондықтан бұл мәселеде біршама вакуум пайда болған, себебі практика ғылыми негізінен айрылған және экономика мен қоғам өміріндегі болып жатқан өзгерістерді ескермей өз бетінше дамып отырған.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың мәні мен мазмұнын, құрылымы мен пайда болу механизмін зерттей келе, қолсұғушылықтың бұл түрі қалыптасқан тұрақтылықты, құқықтық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті және кей жағдайда мемлекеттік экономикасын тұрақсаздандыратынын көрдік.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңына сәйкес қылмыстылық Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне негізгі қауіп-қатерлердің қатарына жатқызылғаны кездейсоқ емес, ал құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылықтың қаупі тіпті жоғары [165].

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа қарсы іс-қимылдың ұйымдастырушылық негіздерін жетілдірудің негізгі бағыттарына тоқталмас бұрын Қазақстанда қолсұғушылықтың осы түріне қарсы іс-қимылдың қалыптасқан жүйесі заман талабына сай екеніне көз еткізіп алған жөн.

А.Р. Алимбетова сөзінше, азаматтық қоғам өкілдерінің құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерін, әскери қызметшілерді не үшін қорғауымыз керек, керісінше олар қоғам азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қылмыстық қолсұғушылықтан қорғауға тиіс, демек олар қандай да бір қорғауға зәру емес, өзін-өзі қорғай алады деген сұрағы тууы мүмкін [176, 57 б.].

А.Х. Саидов сөзінше, бұл жерде азаматтық қоғам өкілдерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау субъектілерінің өзін не үшін қорғау керек деген көзқарасымызды білдіріп өтейік. Біріншіден, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері, әскери қызметші кәсіби функцияларын атқара келе әртүрлі, соның ішінде өміріне қауіпті қолсұғушылыққа тап болуы мүмкін. Екіншіден, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері, әскери қызметші қызметтік жұмысынан тыс кезде, қоғамның басқа өкілдерінің арасында да қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты қолсұғушылыққа тап болуы мүмкін. Үшіншіден, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган

қызметкерінің, әскери қызметшінің немесе олардың жақындарының өміріне қолсұғушылық олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты болуы мүмкін [177, 168 б.].

Мемлекет бұл адамдарды соттта қылмыстық істі немесе материалдарды қарауына, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуіне байланысты өміріне қолсұғушылық пен күш қолданудың басқа түрлерінен заңда көрсетілген қауіпсіздік шараларын қабылдау арқылы қорғайды.

Дегенмен біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты айтар болсақ, бұл тізімге құқық қолдану жұмысының біз қарастырып отырған субъектілерінің бәрі кірмеген . Біріншіден, құқық қорғау органдарының сотқа дейінгі тергеп-тексеруге қатысы жоқ өкілдері кірмеген. Екіншіден, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері кірмеген. Үшіншіден, әскери қызметшілер кірмеген.

Құқық қолдану практикасынан мысалдар келтірейік. ҚР ҚК-дегі құқық қорғау органдарының қызметіне қолсұғушылықтың әртүрлі нысандары туралы айтылған барлық баптарын - 380; 380-1; 381; 407; 408; 409 б.б., ҚР 2014 жылғы ҚК күшіне енген 2015 жылғы 1 қаңтардан бергі кезеңді қамтиық [8].

2015 жылы СДТБТ (Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде) ҚР ҚК 380-бабында (билік өкіліне қатысты күш қолдану) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың 597-і тіркелген; 2016 жылы – 565; 2017 жылы – 510; 2018 жылы – 382; 2019 жылы – 347; 2020 жылы – 372 тіркелген [13].

ҚР ҚК бұл бапты қарастырған отырған себебіміз, ҚР ҚК 3-бабының 9) тармағына сәйкес билік өкілі – мемлекеттік қызметте жүрген, қызмет бабымен өзіне тәуелді емес адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен билік ету өкілеттіктері берілген адам, оның ішінде құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органның, әскери полиция органының қызметкері, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын әскери қызметші [8].

2015 жылы СДТБТ (Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде) ҚР ҚК 380-1-бабында (Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының және олардың жақындарының өміріне олардың қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатындағы қолсұғушылық) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылық тіркелмеген; 2016 жылы – 0; 2017 жылы – 0; 2018 жылы – 6; 2019 жылы – 3; 2020 жылы – 8 тіркелген [13].

ҚР ҚК бұл бабы ҚР 2017 жылғы 3 шілдедегі № 84-IV заңымен енгізілген. Сондықтан бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың СДТБТ-да тіркелген статисткасы 2018 жылдан басталады [13].

2015 жылы СДТБТ (Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде) ҚР ҚК 381-бабында (Прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамау) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтың 1-і

тіркелген ; 2016, 2017, 2018, 2019, 2020 жылдары ҚР ҚК бұл бабында тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтың бір де бірі тіркелмеген [13].

2015 жылы СДТБТ-де ҚР ҚК 407-бабында (Сот төрелігін жүзеге асыруға және сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуге кедергі жасау) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың 23-і тіркелген; 2016 жылы – 20; 2017 жылы – 8; 2018 жылы – 12; 2019 жылы – 7; 2020 жылы – 9 тіркелген [13].

СДТБТ-де ҚР ҚК 408-бабында (Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғу) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар 2015, 2016, 2017, 2018, 2019, 2020 жылдары тіркелмеген.

2015 жылы СДТБТ-де ҚР ҚК 409-бабында (Сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері) көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың 6-ы тіркелген; 2016 жылы – 4; 2017 жылы – 4; 2018 жылы – 2; 2019 жылы – 3; 2020 жылы – 2 тіркелген [13].

Көріп отырғанымыздай, СДТБТ-де (сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі) тіркелу статистикасы құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері, әскери қызметшіге қолсұғушылықпен байланысты құрамдар құқық қолданудың кейбір ерекшеліктерімен байланысты [13].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Қазақстанның қылмыстық заңнамасында құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылыққа ықпал етудің тетіктері жеткілікті.

Мысалға ҚР ҚК-нің жоғарыда аталған, қолсұғушылықтың әртүрлі нысандарын қамтитын баптарын алайық [8].

Бұл баптардың мазмұнына талдау жасасақ бәрі анық көрініп тұр; бірақ қылмыстық-процестік сипаттағы шешілуі қиын күрделі мәселелер бұл нормаларды практикада тіпті ішінара да қолдануға мүмкіндік бермей отыр.

Біздің ойымызша, тиісті дәлелдеме базасы болмағасын құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлері, қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуге қатысушы әскери қызметшілер жататын билік өкілдеріне қатысты күш қолданудың бәрі ҚР ҚК 380-бабымен сараланған. Мысалы өмірге қолсұғушылық фактісін дәлелдеу өте қиын, себебі қылмыскер оны сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында да, сотта да әдетте еш мойнымайды [8].

Біздің жүргізген зерттеуіміз бұл салада шешілмеген мәселелер бар екенін көрсетіп отыр.

В.Г. Гриб ойынша, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің (прокуратура органдарының, ұлттық қауіпсіздік комитетінің, ішкі істер органындарың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің, экономикалық тергеп-тексеру қызметінің, әскери қызметшілердің) арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижесі құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің өміріне қолсұғушылықпен күреске мына мән-жайларп кедергі келтіретінін көрсеткен:

- қолсұғушылыққа қатысушыларды қылмыстық жауаптылыққа тартудың құқықтық негізінің әлсіз болуы – 45%;

- сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық – 25%;

- құқық қорғау саласындағы кәсіби даярлықтың төмен болуы және материалдық-техникалық қамтамасыз етудің төмен болуы – 38%;

- құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің өміріне қолсұғушылықпен күрес жүйесінің болмауы (әлеуметтік құбылыстың өзімен емес, әдетте ұйымдасқан қылмыстық топтың құрамында болатын қылмыс жасаған нақты адаммен күресу) – 75%.

Ұйымдасқан қылмыспен тиімді күрестің жоқ екенін көптеген белгілі криминолог ғалымдар да айтқан [179, 14 б.].

С.И. Ожегов, Н.Ю.Шведов сөздігінде, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің өміріне қолсұғушылықпен қатар жүретін құбылыстың бірі сыбайлас жемқорлық екені белгілі. Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің өміріне қолсұғушылықтың болып жатқаны мен азаймай отырғанының бір себебі осы [180, 205 б.].

Әсіресе орта және жоғарғы бйын лауазымды тұлғаларына қатысты қолсұғушылықты тергеп-тексеру барысына сыбайлас жемқорлық араласады.

Диссертацияда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, бірыңғай Модельдік Қылмыстық кодекске негізделген және жалпы тарихпен біріктірілген ТМД елдерінің заңнамасын, зерттелетін проблемаға арналған теориялық әдебиетті, сот практикасын іріктеп зерделеуді және өзінің көп жылдық құқық қолдану тәжірибесін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қорытындылау материалдарын талдау негізінде, біздің ойымызша, адам өлтірудің жекелеген түрлерін саралау жөніндегі бірқатар даулы мәселелерді дұрыс шешуге әрекет жасалды.

Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің өміріне қолсұғушылыққа қарсы іс-қимылдың арнайы криминологиялық шараларының маңызды бағыты құқықтық реттеуді жетілдіру болып табылады.

Бізді ойымызша, құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің өміріне қолсұғушылықпен күресті құқықтық реттеуді жетілдірудің негізгі жолдарын анықтауға болады.

Бірінші. Қолданыстағы заңнаманы жекелеген нормалары мен ережелеріне кеңінен түсіндірме беру арқылы оңтайландыру. Бұл ең қарапайым жолы және терең пайымдау мен көп шығынды талап етпейді.

Екінші. Құқықтық реттеуді құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің өміріне қолсұғушылықпен күрестің прогрессивті нысандары мен әдістерін көздейтін жаңа қылмыстық заңнаманы қабылдай отырып жетілдіру. Бұл қолданыстағы заңнаманы қайта

пайымдауды және жаңа тұжырымдамалық идеяларды әзіреуді талап ететін ең еңбекті көп талап ететін процесс.

Үшінші. Қолданыстағы заңнамаға құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің өміріне ұйымдасқан қылмыстың қолсұғушылығымен күресті жетілдіруге бағытталған толықтырулар мен өзгертулер енгізу. Бұл бағыт екінші бағытқа қарағанда еңбекті азырақ талап етеді және мемлекеттік жүргізіп отырған қылмыстық саясатында сабақтастықты ұстанады.

Жүргізілген зерттеулерді ескере отырыпҚазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңнамасын мына ұсыныстарды жүзеге асыру арқылы әрі қарай жетілдіруді ұсынамыз.

1. Көріп отырғанымыздай, бұл бапты қабылдауға мәжбүр болғанбыз, бірақ бұл мемлекеттің қажет шарасы еді.

Мысалы ҚР ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты Е.З. Тұрғымбаевтың полиция күніне орай ҚР ішкі істер органдарының ардагерлері мен қызметкерлеріне құттықтау сөзінде Қазақстан егемендік алғаннан бері қызметтік міндеттерін орындау барысында ішкі істер органдарының 791 қызметкері қаза болғаны, 2 755 қызметкері жарақат алғаны туралы мәлімет келтірілген [181].

2. Жазалау мемлекеттің мәжбүрлеу шарасы ретінде мемлекеттің қоғамда антагонистік қарама-қайшылықтың бар екенін, мемлекеттің қылмыстылықты түбірімен жоюға нысаны болып табылады [181].

3. Теориялық білімді тереңдетудің, заңнама мен оны қылмыстық құқық бұзушылық түсінігіне қатысты қолдану практикасын, осыған байланысты қылмыстық-құқытық, криминологиялық мәселелерді және оның әлеуметтік салдарларын талдауды жетілдірудің қажеттігі маңызды және әлеуметтік маңызы бар қажеттілік болып табылады [181].

Біздің пікірімізше, ҚР ҚК 380-1-бабының атауын нақтылап, атауы мен диспозициясының мамзмұнын сәйкестендіру керек. Бұл баптың атауы «...өміріне қолсұғушылық», ал диспозициясында «Құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйым инспекторының, қорықшының өз қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не қызметтік міндеттерін орындағаны үшін кек алу мақсатында олардың немесе жақындарының өміріне қолсұғушылық, яғни қазаға ұшыратуға бағытталған қасақана әрекеттер»делінген.

Сонымен өміріне «қолсұғушылық» – адам өлтіру емес, яғни аяқталмаған адам өлтіру. Қолсұғушылық дегеніміз – аяқталмаған қылмыс, себебі аталған лауазымды тұлғалардың өміріне қолсұғушылықтың нәтижесі өлімге әкеліп соқпауы мүмкін. Яғни қылмысқа дайындалу ғана болады, ал оған ҚР ҚК 24-бабының 3-бөлігінде «қылмыс жасауға тура бағытталған, тікелей пиғылмен жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), егер бұл ретте қылмыс адамға байланысты

емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмеген болса» деген анықтама берілген». Ал «қазаға ұшырату» дегеніміз – ҚР ҚК 99-бабының 1-бөлігіне сәйкес «басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату».

Т.А.Асаналиев, К.М.Осмононалиев, Ж.Э. Супатаева еңбектерінде, біздің талдап отырған бабымызға (ҚР ҚК 380-1-бап) ұқсас Қырғыз Республикасының ҚК 340-бабы «Құқық қорғау органының қызметкерін және әскери қызметшіні өлтіру» деп аталады [182, 357 б.], үшін кек алу мақсатында олардың жақындарының өміріне қолсұғушылық» деп көрсетілген». Біздің ойымызша, ҚР ҚК 380-1-бабына біздің ойымызша, ҚР ҚК 380-1-бабындағыдай "өмірге қолсұғушылық, яғни өлім келтіруге бағытталған қасақана әрекеттер"артық нақтылаусыз.

Біздің пікірімізше, бұл қылмыстың қоғамдық қауіптілігі құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерлерінің, әскери қызметкердің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымның инспекторының, қорықшының немесе олардың жақындарының қызметтік міндеттерін орындауына байланысты не оларды орындағаны үшін кек алуына байланысты олардың өміріне қол сұғу болып табылады қызметтік міндеттерді орындау қиынға соғып қана қоймай, сонымен қатар оның функционалдық міндеттерін орындау мүмкін емес етеді.- билікті тағайындаушы немесе басқа мемлекет уәкілеттік берген адам жеке лауазымды тұлғаның ғана емес, сонымен бірге басқарудың барлық белгіленген тәртібінің беделіне нұқсан келтіреді [183, 48 б.].

Бұдан басқа, осы аса ауыр қылмыс жасау нәтижесінде құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектордың, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымның инспекторының, адам ретінде қорықшының - әрбір адамның аса маңызды әлеуметтік құндылығы болып табылатын өмір сүру құқығының конституциялық құқығы бұзылады [183, 48 б.].

Сонымен қатар, бұл қылмыс қоғамдағы белгіленген қоғамдық тәртіп пен қоғамдық келісімді тұрақсыздандырады, өйткені ол азаматтарды мемлекеттің олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау міндетіне сенімсіздік тудырады [183, 49 б.].

Тағы бір мысал ретінде Қызылорда облысы Қызылорда қаласының №2 соты үкімін қарастырсақ, сотта мемлекеттік айыптаушы К.Б.Сыздықова сотталушыларға ҚК- нің 379-бабында қаралған төтенше жағдай жарияланып, терроризмге қарсы операция жүргізу барысында билік өкілінің заңды талабына бағынбау туралы тағылған айыпты өзгерту туралы тұжырымдамасын баяндап, сотталушылар төтенше жағдай жарияланған жерде билік өкілінің заңды талабына бағынбай қылмыстық іс-әрекетті жасап деп саралап, яғни терроризмге қарсы операция жүргізу барысында жасауы туралы саралау белгісін алып тастап, ҚК-нің 379-бабымен сол тұжырымдама шеңберінде қарауды сұрады [184].

Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің (бұдан әрі-ҚПК) 337-бабы 6-бөлігінде прокурор айыптауды қолдай отырып, заң талаптарын және істің барлық мән-жайларының қаралу нәтижелеріне негізделген өзінің ішкі сенімін басшылыққа алады. Прокурор айыптауды өзгерте алады. Прокурор, егер айыптау сот талқылауында қолдау таппады деген түйінге келсе айыптаудан (толық немесе ішінара) бас тартуға міндетті. Сот тергеуі немесе сот жарыс сөзі кезінде мемлекеттік айыптаушының айыптаудан бас тартуына жол беріледі [184].

Осы кодекстің 364-бабы 2-бөлігінде айыптау ауырлығы төмендеу түріне өзгертілген немесе айыптаудың бір бөлігінен бас тартылған жағдайда, айыптаушы сотқа айыптаудың жаңа уәжді тұжырымдалуын жазбаша түрде баяндауға міндетті. ҚПК-нің 340-бабы 1-бөлігінің талабына сәйкес басты сот талқылауы тек сотталушыға қатысты және оның сотқа берілген айыптау шектерінде ғана жүргізіледі. Ал, осы баптың 2-бөлігінде егер айыптауды өзгерту айыпталуышының қорғалу құқығын бұзбаса, айыптауды өзгертуге жол беріледі. «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 4-тармағында сот талқылауының шегі айыптау актісін жасау кезінде тұжырымдалып тағылған айыппен шектеледі. Сондықтан, сот бұдан әрі сотталушылардың қылмыстық құқық бұзушылық әрекеті прокурордың тұжырымдама-ұсынысы негізінде ұсынылған айыппен қаралуға жатады деп тұжырымдайды [184].

Сотта сотталушы Ж.Д.Актайлаков айыптауды толығымен мойындайтынын, 2022 жылдың 7 қаңтарында сағат 02.00-дер шамасында өзінің таныстары Б.Манасипов, И.Туленов және А.Шаймерденовтер алкогольдік масаң күйде өзінің басқаруындағы автокөлігімен спирттік өнімдерді алу мақсатында Қызылорда қаласы аумағында шыққанын, төтенше жағдай екенін білетінін, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында көрсетілген жауапты растайтынын, өздерін құрықтау үшін полиция қызметкерлері қызметтік автокөліктерімен Қызылорда қаласы аумағында артынан қуғанын, оларға тоқтамай қамалып қалу қорқынышы болғанын, сондықтан автокөлік ішіндегі барлығы қаштық деп айқайлап отырғанын, автокөлікті тоқтатпағанын, қасындағы Б.Манасипов, И.Туленовтер де көлікті басқарып келе жатқанында автокөлікті тоқтатпауын ескертіп, қашуын сұрағанын, қашып жүрген кезінде Қызылорда қаласы, М.Мамбетова көшесінің бойында құрықталғанын, бұл ісіне өкінетінін көрсетіп жеңіл жаза тағайындауды сұрады [184].

Сотта сотталушы И.Т.Туленов айыптауды толығымен мойындайтынын, оқиғаны қуаттап сотталушы Ж.Д.Актайлаковтың жауабы тектес жауабын беріп, өздерін құрықтау үшін полиция қызметкерлері қызметтік автокөліктерімен Қызылорда қаласы аумағында артынан ілесіп жүріп тоқтатқандарын, алайда бұл ескертулерге құлақ аспай, Ж.Актайлаков автокөлікті тоқтатпағанын, өзінің тарапынан және Б.Манасипов тарапынан полиция қызметкерлерінің ескертулерге

құлақ аспай көлікті басқарып келе жатқан Ж.Актайлаковқа автокөлікті тоқтатпауын ескертіп, қашуын сұрағанын, қашып жүрген кезінде Қызылорда қаласы, М.Мамбетова көшесінің бойында құрықталғанын, бұл ісіне өкінетінін көрсетіп жеңіл жаза тағайындауды сұрады [184].

Сотта Б.У.Манасипов айыптауды ішінара мойындап, автокөлік ішінде болғанын жоққа шығармайтынын, өздерін полиция қызметкерлері тоқтатқанын білмейтінін, автокөлік басқарып келе жатырған Ж.Актайлаковқа автокөлікті тоқтатпа деп айтпағанын, Гагарин қыстағында орналасқан көпір үстіне шығып қоршауға соқтығысқан кезде ғана полиция қызметкерлерін байқағанын, одан әрі тоқтамай жүргенде М.Мамбетова көшесінің бойында құрықталғанын, бұл іс әрекеттеріне өкінетінін көрсетіп жеңіл жаза тағайындауды сұрады [184].

Сотталушылар Ж.Д.Актайлаков, Б.У.Манасипов, И.Т.Туленовтың жаза түрі мен мөлшерін тағайындау кезінде ҚК-тің 52-бабына сәйкес, оның жасаған қылмысының сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, жеке басын, бұрын сотты болмағандарын, кәмелетке толмаған балалары бар екенін, жұмыссыз екендерін, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән- жайларды, ауырлататын мән-жайлардың жоқ екенін, аталған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесін, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталғандардың түзелуіне, жаңа қылмыстардың алдын алуға қажетті жазаны тағайындау туралы қағиданы басшылыққа ала отырып, оны түзеу және оның тарапынан жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатына жетуді бас бостандығын шектеу жазасын тағайындау арқылы қамтамасыз етілетінін ескере отырып, ҚК-нің 379-бабында көзделген балама жаза бас бостандығын шектеу жазасын тағайындаған дұрыс деп табады. ҚК-нің 44-бабы 1-бөлігінің тәртібі бойынша сотталушыларға пробациялық бақылау белгіленуге және тұрақты жұмыс орны, оқып жүрген орны жоқ болуына байланысты оларды жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартылуға жатады [184].

Сотталушыларға қолданылған «ешқайда кетпеу және тиісті мінез құлық туралы қолхат» түріндегі бұлтартпау шарасы үкім заңды күшіне енгеннен соң жойылуға жатады7 ҚК-нің 62-бабының 3-1-бөлігінің 2)-тармағына сай сотталушылар Ж.Д.Актайлаков, Б.У.Манасипов, И.Т.Туленовтың 2022 жылы 8 қаңтардан бастап - 2022 жылы 2 ақпан аралығында «күзетпен ұстауда» болған уақыты бас бостандығын шектеу түріндегі жаза мерзіміне – бір күнге екі күн есебімен есептелуге жатады. ҚПК-нің 118-бабына сәйкес, үкім заңды күшіне енгеннен кейін заттай дәлелдеме ретінде танылып Қызылорда ҚПБ-ның автотұрағына қойылған мемлекеттік белгісі о766ох163 RUS «Лада-2115» маркалы автокөлігі және ҚПБ-ның сақтау қоймасына сақтауға қойылған Ж.Актайлаковқа тиесілі 2 дана 100 теңге, 1 дана 500 теңге сотталушы Ж.Актайлаковқа, 1-дана қыстық арнайы әскери киім Н.Канибетовке қайтарылуға; 1 дана қанға ұқсас дақ, 1 дана жиналмалы пышақ, 1 дана «Кружкасвежего» сыра қаушағы, 3 дана тәтті кәмпиттер, 1 дана «Парламент» темекі қорабы, 1 дана пластик құтысы

жойылуға; қолхат арқылы сотталушы Ж.Актайлаковқа берілген 1 дана жүргізуші куәлігі, 1 дана жеке куәлік, 2 дана «Каспий голд» карточкасы, 1 дана көліктің техникалық байқау куәлігі, 1 дана «Самсунг» маркалы ұялы телефон қолхаттан босатылып, сотталушы Ж.Актайлаковта және қолхат арқылы Қызылорда қаласы жергілікті полиция қызметінің кезекші бөліміне өткізілген 1 дана АК-47 автомат калашников, 28 дана патрон, 2 дана оқ жатар қолхаттан босатылып Қызылорда қаласы жергілікті полиция қызметінің кезекші бөлімінде және іс бойынша А .Шаймерденовке тиесілі 1 дана «Самсунг» маркалы ұялы телефон қолхат арқылы берілген оның зайыбы Г.Шаймерденовада қалдырылуға; автокөлікті қарап-тексеру барысында алынған 4 дана қол саусақ іздері, күдікті Ж.Актайлаков, И.Туленов және Б.Манасиповтан жауап алу тергеу әрекеті жазылған 1 дана «DVD+R» дискі, Қызылорда ОПД-нің Жедел басқару орталығынан алынған бейнежазба жазылған 1 дана «DVD+R» дискі қылмыстық іспен бірге сақталуға және оқиға орнын қарап тексеру кезінде айғақ зат ретінде автокөліктің алдыңғы оң жақ есігінің ішкі қалтасынан алынған 1 дана патронға қатысты қылмыстық іс құжаттары бөлектенуіне байланысты тиісті шешім қабылданғанша қылмыстық іспен бірге сақталуға жатады [184].

ҚПК-нің 178-бабының талабына сай, қылмыстық іс бойынша сот-сарапшылық зерттеуге жұмсалған процестік шығындардың өтеуге арналған барлығы 5 490,48 (бес мың төрт жүз тоқсан) теңге мемлекет пайдасына сотталушылар Ж.Д.Актайлаков, Б.У.Манасипов, И.Т.Туленовтен ортақтасқан түрде олардың әрқайсынан 1 830 (мың сегіз жүз отыз) теңгеден өндірілуге жатады. ҚК-нің 98-2-бабы 2)-тармағының талабына сәйкес сотталушылар Ж.Д.Актайлаков, Б.У.Манасипов, И.Т.Туленовтың әрқайсынан он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 30 630 (отыз мың алты жүз отыз) теңгеден Жәбірленушілерге өтемақы қорына мәжбүрлі төлем өндіруге жатады [184].

